

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

ШІЛДЕ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1978

Қаз 2
О 61

Оңғарсынова Фариза.

О—61 Шілде. (Таңдамалы) Алматы, «Жазушы»,
1978.

320 бет.

Қазақ поэзиясында «Сандуғаш», «Асау толқын», «Мазасыз шақ», «Мен сенің жүрегіңдемін» және басқа да жинақтарымен белгілі Фариза Оңғарсынованың бұл кітабы — ақынның көп жылғы творчестволық еңбегінің жемісі.

Қаз 2

О 70403—014
402(07)78 I07—78

© «Жазушы» 1978

(алғысөз орнына)

Мезгіл неткен желаяқ еді! Екеуіміздің арамыздағы көрінбес қабырғаны күн санап, ай санап, жыл санап қалыңдата түсіп, зымырап барады. Кейде сол жүйткір уақыттың дырдуынан бір сәт жырақтап, өзіңмен өзің қиялға шомғың келеді. Ондайда көз алдыға көрмегің емес, көргенің елестейді екен. Сонау бұйрат шағылдың баурайында жалаңаяқ жүгіргеніміз, сенің үйіңнің жанындағы терең сайдан аппақ қарға омбылап, жалғыз шанамен сырғанағанымыз... Мен маман тізіп берген қоңыр кеудешеден тез тоңып кетіп, ағаңның шолақ тонын әкеліп маған кигізетіні... Екеуіміздің бір-бірімізге жоқтан өзгеге өкпелей бұрқан-талқан болатынымыз... Одан кешке қарай қайта табысқанымызға соншалық қуанатынымыз... Бәрі-бәрі көз алдымда сайрап тұра қалады. Сол күндердің әйтеуір басымыздан өткені қандай жақсы!..

«Қайдан ғана ақын болып ең — Алатаудың баурайынан ұзамайтын болдың ғой. Көріспегелі қанша күн»,— деп жазыпсың.

Есіңде ме, екеуіміз сіздің үй мен біздің үйге кезек қонып, түнімен ертегі айтатынымыз? Содан сен ұйықтаған соң да, мен небір ғажайып өмірдің есігін ашқандай, қиял қанатына отырып, дүниені ойша шарлап жататынымын. Менің маман ертегіні көп білетін. Мақалсыз сөйлемес еді. «Мұқан жырау айтқан екен, Әубәкір былай деген екен» деп тақпақтатып отыратын. Егер мен, сен айтқандай, ақын боламын деп, Алатаудан ұзап шыға алмай жүрсем, оған мыналар себеп: алдымен, титтейімнен анам айтқан аңыз-жырға қанғаным; екіншіден, біздің үйдің мені бетімнен қақпай, бұла өсіргені (папам ерте дүние салды ғой); үшіншіден, мектепке бармай-ақ әріп танып, өз бетімше кітап оқып (біздің үйде кітап көп болатын), бұл «кәсіпке» барған сайын құнығып кеткенім.

Сен қалай десең, олай де, енді бізге бұйырғаны — осы жыр соқпағы болды. «Қай бір жетіскеннен жер қазып жүр дейсің»,— деп анам айтпақшы, азабы мен рахаты жеткілікті бұл тағдырға әбден мойын ұсынып болған жайымыз бар.

Ана жылы бір сәлеміңде: «Сенің өлеңіңді оқығанда, бір жолын аяқтағанша Атыраудан Алматыға жаяу барғандай демізіп қаламыз»,— деген пікірді айтып жүр жүрт*,— деген едің. Мүмкін... О да мүмкін. Бірақ өлең ырғағын өмір тынысы белгілемей ме! Ал, өмір тынысы бір сарынды ма... бір сарынды күндердей, бір сарынды өлеңдер де жалықтырмай ма... Мін тапсаң, мін тақ. Бірақ, ақынның өлеңін мінегіш жандар әуелі айналасындағы тіршілікке де байыптап бір үңіліп көрсе екен.

Әр жылы киімнің пішімі де өзгеріп отырады ғой. Ал оған көбіне жастар жағы әуес келеді. Өзіне жараса ма, жараспай ма — онда шаруасы жоқ, әйтеуір сол жылдың киім үлгісінен қалмау деген бір мақсатты мұрат тұтады. Мұндай жаңа пішімдер үстінде жарасым тауып, құлпырып кететіндер бар, әрине. Ал өмір ағысын бірсарынды деген түсініктегі біреулер әлгі пішім үйлесетіндерді де, үйлеспейтіндерді де бірдей жазғырады. Менің өлеңдерімнің де киім жаңартатын кездері болды. Ол кімнің көзін сүйсіндіреді, кімге түрпідей тиеді — ол көз иесіне байланысты.

«Сенің досың ұйықтаған-тұрғанын өлең етіп, интимдік «мәселелерді» көп жазатын болыпты ғой,— дейді ауылдағы кейбір мұғалімдер*,— деп жазыпсың. Осы пікірді мындағы Шәріп (ол бұл күнде ғылым кандидаты ғой), тағы басқа өлең түсінгіштер айтқан. Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел халқының жан дүниесі — өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымда сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерлерім — әйелдер; олардың тағдыры, жан-дүниесі, күлкісі мен көз жасы — өлеңдерімнің арқауы.

Сондықтан сен менің өлеңімді тыңдатам деп даусыңнан айырылып жүрме, досым. (Сенің ән салғандағы үнің әдемі еді-ау!) Дауысыңды сақта! Өз үнің болғанға не жетсін...

Жырақта болсаң да, менің жан-күйімді жанымдағылардан артық түсініп, сезініп жүретін сенің бұл дүниеде бар екеніңді медеу тұтар —

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА.

1966
1971



БІРІНШІ БӨЛІМ

Құрқинді, жайыт Құрқинді
Қуағым, Қайыт, мұңғымды
өбітпен баіскендің үшін,
адам пен жемістерін үшін
менің мынау Құрқинді тағдырым болып
о бақта Қоріскендің үшін
мен сені алмаймын!

Ғ. Ғ. Ғ.

Менде бір толғаныс бар
 (кейде өзім де түсінбеймін).
 дауыл күнгі дарияның күшіндей бір.
 Сонау біздің қырдағы тұяқ тілген
 бәйге алаңы секілді дүсірлеймін.

Өзім сонда тұтас бір ғасырдаймын:
 жүргендеймін жарқылдап қасында Айдың.
 Марғау бейжай дүниені сілкіндіріп
 бір таң қылмай мен, сірә, басылмаймын.

Бұйығы өмір тілемен ғасырдан мен.
 Мейлі, жұртым ақын дер, асыл жан дер.
 Бұл тірлікте жарқ еткен жақсылықтың
 барлығын да құшамын ғашық жанмен.

Қыңыр кетсем, кешір деп өтінбеймін.
 Шақыр, өмір, әділет сотын мейлің!
 Мен әйтеуір жалтаңдап, жалбарынып
 өз ісіме өртеніп өкінбеймін.

Менде бір тебіреніс бар
 (Кейде өзім де түсінбеймін)
 дәл сендегі құштарлық күшіндей бір.
 Сондықтан ба — қыз ғұмыр бұл өмірді
 қуаныш-қайғысымен ішіп-жеймін.
 Осы сезім алаулап бойда тұрса,
 ешқашан кішірмеймін.

Арғымақтары қайда екен бұ даланың,
Бөйге алаңын көргенде шыдамадым.
Аңсап келген ауылда сәйгүлікке
тақым салмай мен қалай тұра аламын?!

Ағатай!

Маған арнап бір жүйрік баптадың ба?
Ендеше мен ойнайын ат жалында.
Бір көтеріп тастаңдар сүйтіп мені
шаршаңқырап келген бұл шақтарымда.

Бір жасайын мен бүгін
кетпей қойған бөйге ғой көкейімнен,
жете алмаған жігітті төпейін мен.
Жорғаңды қой,
 қайда әлгі Бөйге торы —
не де болса бір зулап өтейін мен!

Тан сұлу келініндей бұрынғының
 Ұстады нұрға малған шығмылдығын,
 Көгілдір сахнадан дала әншісі
 сайраса, қосылғандай сыбызғы мың.

Самалын жұтсаң, шіркін, қыр таңының,
 Кеткендей көкірегіңнен бұлт арылып,
 Кең пейіл жатыр менің дархан далам,
 Алқызыл ақ төсіне гүл тағынып.

Бұлақ жоқ сылдыраған күліп қашып,
 тұп-тұнық мөлдірейді құдықта су.
 Көк төбет көсіле сап жайбарақат
 кеміріп жатыр, әне, жілік басын.

Бір сәтке жайлау алып жатты демін,
 (сүйемін мен осынау шақты керім!)
 Көз ілді қой күзеткен шопан жігіт
 жастанып келіншектің ақ білегін.

Маңқыстау!

Мұнараларың шаншылса аспанды ұрып,
Тайталаса алмай қалады асқар бұғып.
Жанартаулардай лапылдап отты алауларың,
Жанары жасық жандарды жасқандырып.

Шыққанда жасыл жондарың тусырап алдан,
Асқар шыңдарға самғауға құлшынар арман.
Айбаттысынған бір кезде таулар да бүгін,
асқақ жандардан жасқанып, қымсына қалған.

Болады екен-ау жалынды таңдар да мұндай,
Жарқырайды екен түндер де шамдар жағылмай.
Қара жер деген теңіз боп тасқындайды екен,
Менің жылдастарымның армандарындай.

Өмірге құштар жандардың
жалын жүрегі дауылды далаға ғашық.
Мұнаралардан жүр мұнда самал адасып.
Жастықтың құрыш қолымен кетіпті бүгін
құмдауыт белді құз кеуде қалалар басып.

Жастық шақ ізін тастаса —
кешегі бозаң, қатыгез құм дала-мекен,
Қара ормандармен қайысып нуланады екен.
Осынау асқақ жандарға замандас болып,
тегі осы мен тектен-тек тумаған екем!

ЖАЙЛАУҒА КЕЛГЕНДЕ

Көйлегім тарлау, шашым да қысқа, ағайын,
Сезіп-ақ қалдым, «ерсі» деп тұрсың талайың.

Тырнағым аздап қызылдау оның үстіне,
О құдайдың азабы деген күшті де!

Біз өкше, сүйір — аяқта мынау кебісім,
Сендерше бұ да тұрған жоқ онша келісіп.

Осының бәрін көңілге түйіп, тізіп кеп,
Тұрсыңдар іштей «мынауың нағыз бұзық» деп.
Жоқ, менің жаным — қазақтың жаны кіршіксіз,
Бал қымыз қайда — әкелші қалдық күнсіп біз.

Келдім ғой мұнда (қарама, жеңге, аңырып)
Тезекке піскен таба нан иісін сағынып.

Домбыра бар ма? Берейін әсем ән салып,
Қазақтың әнін тыңдайсыңдар ғой тамсанып.

«Қалада өстім, бәрі ерсі мұнда» демейін,
Қол тимей жатса сиыр да сауып берейін.

Құдықтан суды әкелем иін ағашпен,
Көлбіреп қалса иығым, айтпан қараш деп.

Ал енді қалай — алғашқы ойлар қашты ма?
Қалдыңдар сезбей тар көйлек, қысқа шашты да!

Жеңгейлерменен тату боп кеттім сыр ашып,
Көрерсің: ертең қоштасар қимай жыласып.


ӘКЕ ТУРАЛЫ ОЙ

I

Бесікте жаттым уілдеп, сол бір
сұрапыл соғыс күндерде,
Қан кешіп біздің әкелер сонау
батыста — жырақ жүргенде.
«Жан папа» деген бір ауыз сөзді
айта алмай
қалғандар көп қой, бір мен бе...
Жиырмада, қыздар, жайқалған гүлдей
көз тартып бейне жанасың,
Сол жиырма жаста құшақтап мені
қалыпты үйде анашым.
Тұңғышым деген мына мен шіркін
кенжесі де боп қалыппын,
Жаза алмай жүрек жарасын.
Үмітпен әркез алаңдаушы едім
келер деп менің папам да,
(Балалық жүрек сезбеді оның
кеткенін мәңгі сапарға).
өсірді мені сол ана гүлдей мәпелеп,
Ер жеттім, тұрдым қатарда.
Бақытты мынау сәбилер бүгін
жетелеп жүрсе әкесін,
Қызыға қарап, күрсіне қарап
жанынан үнсіз өтесің.
Еркелік көрмей, мейірім нұрын
аңсаған көңіл мың толқып,
елжіреп кетеді екенсің...

II

Оралмай кетті әкелер біздің
сонау бір ұзақ сапардан,
Бейуақыт сөнді албырт жүрек пен
алаулап тұрған от-арман.
Әкенің жүзін көңілге түймей,
бесікте ғана қалыппыз,
Жаутаңдап ұзақ есікке қарап
өткен күндерге қанықпыз.
Жұмыстан апам келетін дәйім
жанарына нұр тұндырып.
Сәби жаныма дақ салмау үшін
әдейі екен ғой бұл қылық.
«Жеңіспен папаң оралар ертең», —
дейтін ол бізді қуанып,
үмітсіз, үнсіз жүруден, достар,
келер деп күткен мың артық.
Жеттік-ау бір күн жеңіске біз де,
тойлады бүкіл халқымыз,
Жеңістің күйі — ерліктің күйі
даланы кернеп шалқыды.
Алаулап тулар, алқызыл тулар,
жарқ етті жеңіс жұлдызы,
Жан папам бірақ оралмай кетті,
көре алмай кетті ұл-қызын...
Біз жүрміз бүгін шым-шытыр жолын
қуалап үлкен өмірдің
аялы сол бір алақанды әлі
аңсайды кейде көңіл-гүл.
Алаңдардағы алаулы туды
көрген сәттерде тоқталам,
Әкемнің, сірә, мен үшін төккен
қаны емес пе екен деп қалам.



Думанды жерде жүрсем де,
Аулымды аңсап жоқтадым.
Жер ошақтарда бір сөнбей
жалындап жанған оттарын.

Қарап жүрсіндер — бұл мәлім
өзгеге мақтан етуге —
бар ма деп менің жырларым
газет пен журнал бетінде.

Мені айтасыңдар мақтанға
балаларға да жыр ғылып.
Жүргендей әсем бақтарда
ұлы бір істер тындырып.

Жыл сайын, ауыл,
сендегі
қымбаттарыма оралам.
Сақталған көңілдердегі
сырды ақтаруға оралам.

Есейген шақта бүгінгі
көп жайларды ұғып,
 түсінген —
оралам, кішілігімді
қайта бір сезу үшін мен.

Елең болмай жайлауда жаз аптабы,
Қызып кетті бойымда қазақ қаны:
— Ертте, жезде, ең жүйрік сәйгүлікті —
Басталуға «Қыз қуу» аз-ақ қалды!

— Ат — машина емес, ал ақыл ұғып,
Кетері бар, балдызжан, қапы ғылып.
Ерке қызын қаланың ат мінбеген
Жығып кетіп жүрмесін атып ұрып!

— Тұрарым жоқ алданып айла-егеске,
Белді будым қалсам да қай белесте!
Жол соңына жасықты қалдыратын
Өмір деген өзі де бәйге емес пе!

...Арғымаққа жөнөдім қамшы басып,
(Қарап қоям хауіппен артыма шын!)
Мені қуып жеткенше, ей жігітім,
Қара терге өзің де малшынарсың!

— Обалсыз,— деп,— есекке сеніп мінген!—
Қамшы ойнаттым қайтарда төніп бірден.
Неге екенін білмеймін, жігітті емес,
Атын ғана сабалай беріппін мен...

Бұлақтар құздардан асып,
Сарқырап сайларға аққанда,
Көңілім қырларға ғашық
самғайды жайлау жақтарға.

Жүрегім бұлқынады да,
Тоқтамай думан бақтарға,
Талпынар қыр-тұрағына,
Құлпырған қызғалдақтарға.

Қиялым — желмен жарысқан
ай маңдай арғымақтарда.
Көп аңсап келгенде алыстан
бәйгелер қалжыратқан ба!

Сәби ғып бұл күндер мені
тұрғандай тосып гүлдерді
ұмыт қып үлкейгендегі
қырқысқан қырсық күндерді.

Мен сонда бала боп кеттім,
қалғанын сезбедім күз боп...
Қырларды аралап кеттім,
қызғалдақ кездерімді іздеп.

ҚОШТАСУ

(Қыз Жібектің соңғы сөзі)

Қайран дүние, кең едің маған,
Неге сен бүгін тар болдың?
Қасіреттерден кешегі мөлдір
Күлкіме де мен зар болдым.
Аңсаумен жүрген асқар тау-шыңым құлады,
Құрғады мәңгі сылдырап аққан бұлағы.
Ақсұңқарым еді-ау қияға қанат сермеген,
Мен — Атыраудың ақ маралы болғанда,
сен қырағы мерген ең.
Орыныңды немен теңгерем?!

Жанарыңа көзім түскенде,
қорғасын болып балқыдым,
Ақ денеме өрт салып,
от жалыныңмен шарпыдың.
Асқақтай басып бас имеуші едім
жігіт біткенді дал қылып,
Ақыры мынау адыра қалған көркімнің
құрбаны болдың, алтыным.

Мен — Атыраудың көлеңкеде өскен гүлі едім,
Сен нұр-шапақ құйып алаулап тұрған күн едің,
Қапыда мерт боп тұңғиыққа сен құладың.
Қатігез тағдыр,
қырықтың бүгін Жібектің қыршын тілегін.

Дархан дүние, қызығыңды маған қимадың,
несіне бердің сорыма біткен
хор қызының нұрдай дидарын.
Мен өмірдің ләззатын сүйген
балауса нәзік гүл едім,
сындырарың бар, сөмсерді неге сыйладың?!

Айналайын Ақ Жайық!
Сұлулық тұнған ақ төсіңнен сенің
ақ маржан болып жаралдым,
аккуын болып тарандым.
Толқындарыңның күмістей үнін ұсындың,
бар сұлулықты енші етіп маған
қияларға сосын ұшырдың,
мен осынау елімнің
мәпелеген мақтанышымын.

Айдыныңды сенің айна қып әркез
ақша бетімді қараушы ем,
Сен — Атыраудың ақ өркесі болғанда,
Мен — жағалауында жайқалып өскен балауса ем.
Туған жердің төсінде сарқылмас махаббатындай
сылдырап аққан бұлағым,
мақтаныш едің маған сен.

Арманымдай менің мөлдірсің өзің қашаннан,
жұрт айтып жүрген хор қызы сынды болсам да,
сұлулығыңнан сенің аса алман.
Әділетсіз мылқау дүниеден алаулап күйіп барамын,
тұңғығыңды құшсам бір
жанымның өртін басар ма?!

Қартаюды білмес толқындар сенде
жасайды-ау, шіркін, мәңгілік!
Зарымды менің ұрпақтарға алғы
жеткізгей солар ән қылып.
Хош, аяулы Атыраудың байтақ өлкесі,
мен кетіп барам сор кешіп,
Ақ Жайықтай асыл анамның төсін құшайын,
Төлеген сүйген денемді менің
қалмасын қара жер тесіп.
Хош!..

Көк мөлдір аспанды мекенім!

Көгіңнен сенің қайтқанда қаздар қаңқылдап,
шарқ ұрып іздеп саялы дария, салқын бақ;
көгілдір жанарлы көлдерді аңсаған құстардың
қиқуларынан қалушы ем мен де зар тыңдап.

Жанарымда бір от жарқылдап...

Ақша бұлттарға мұңдарын шаққан аққуға
сазарған далам, сая болмадың — бал құндақ.
Тарихтың салған тақсіретіндей мүжік таулардан
ақтарылмады айна бұлақтар жалтылдап.

Қасиетті менің, қасіретті менің мекенім!

Атой салғанда ата жауларың сан жақтан,
Бабаларымның қаһарына сонда

елең де болмай қарлы ақпан,

Кеңдігіңді сақтар, елдігіңді сақтар айқаста
төсіңді тұлпар тұяқтарымен шаңдатқан.

Еркіндігің үшін егеулі найза алған ұлдарың
таңдайларына талықсығанда қан қатқан.

Сонан соң... сонан түнектердің түні қақырап
ақ армандардың үміті болған таң да атқан.

Маңқыстау!

Мұңды мекені «тағылар» атанған адайдың,
Мен бүгін саған жанарым жайнап қараймын:
арпалысып өлген бабаның армандарындай
көгіңде күлген шапағатты шуақ арай Күн.

Ақ шаңқан мынау мұнаралардан

лаулаған сансыз алаулар,

Көкірегіндегі бұрқанып жатқан тағы айдын...

Зәулім көктермен жарысып тұрған сәнді үйлер
қиялына да кірмеген еді-ау талайдың.

Жасампаз дәуірдің Қаһарманына басыңды игенде,
Көңіліңнен сенің тарқамасын да қалай мұң!
Заводтар менен комбинаттарды самсатып,
Үстірттеріңе бұрғыларды әлі қадаймын.

Көзімді салсам дәл бүгін
осынау байтақ көгілдір дария мекенге,
Қанат біткендей шарықтап шырқап кетем мен,
Бүгінгі байтақ гүлденген қазақ даласын
«достықтың алтын ордасы — бұл» деп
айтпаған екен бекерге.
Сені көрмесем, осы шындыққа
ешқашан көзім жетер ме!

О, жомарт менің мекенім,
Сонау бір сұрғылт қатыгез дала — шатқалдан
көл-көсір байлық ақтарған!
Ұлдарың көзін ілмейді сенің қамыңмен
олардың отты көкірегі тұнған тәтті арман!
Көрем мен сенің аласармас асқақ тұлғанды
қиялда жүрген сәулетті болашақтардан!

Ерке өзендер жатпайды тасып ағып
таулар да тұр жамылып басына бұлт.
Ақ қайыңдар жылайды жапырағын
байқаусыз шашып алып.

Жас төгеді аспан да ашынғаннан,
Жасыл көркін жаздағы жасырған маң.
Бозаң дала жатады томсырайып
баладай ашуланған.

Бау-бақшаны тұратын жеміс тұнып,
Жинап қойды адамдар келістіріп.
Тарсылдатып үйлердің терезесін
жүреді жел ысқырып.

Көк аспан да жойыпты от тынысын
қоңыр бұлттар жөңкілген соқтығысып,
Балалар жүр кірбіңсіз көңілменен
шапқылап доп қуысып.

ЖІГІТ ӨНІ

Атсын, сәулем, таңдар күліп,
санаспайық уақытпенен.
Осы емес пе арманды үміт,
Осы емес пе бақыт деген?!

Куә болсын аспан, дала —
бақыт құшқан таңым бүгін.
Жабықпа сен, жасқанба да,
бар күдіктен арыл, күнім!

Малынсын да дала нұрға
Жайнай түссін гүлім менің.
Бақыт тұнып жанарымда,
Таңға ұлассын іңірлерім.

Көрейін мен келбетіңнен
Қуаныштың арай нұрын.
Сені өтейін тербетумен,
Кетсін тұнған талайғы мұң.

Қос жанарда тұрады арай кілкіп,
 Қадалмайды жалт етіп, қарайды үркіп,
 Сұқтанады сан көздер сұлулыққа,
 Талықсиды қағылмай талай кірпік.

Ақша бетке жарасып пісте мұрын,
 Балғын жүзден мөлдіреп іштегі нұр,
 Бал мінез, пәк көңіл тамсандырып,
 Деседі іштей жігіттер «түс пе мұным?!»

Жұмыр кеуде жарасып иықпен тік,
 Тұр талдырмаш денесін биіктетіп.
 Жалғыз жатыр жотада қара бұрым
 нәзік белге кей-кейде тиіп кетіп.

Қынай белді көйлегін етегі кең,
 Қуыршақтай делдитіп кетеді жел.
 Ақ маржандай тізілген сұлу тістер
 көмкеріліп алқызыл екі ерінмен.

Шыдам жетсе, жігітім, қызбай қара,
 Қадалсаң да тоймайсың жүз қайтара.
 Майса дала жердегі жұмақ болса,
 Періште деп дәл осы қызды айтады, ө!

ЖАНТОЛЫНЫҢ МОНОЛОГЫ

Жантолы — Мұрат ақынмен замандас әнші, домбырашы әрі ақын қыз. Ел аузында мынадай бір сөз бар: думанда-тып отырған ақындар тобының үстіне «Жантолы келді!» — дегенде, біреуі: «Е, қайтеміз, байталға бөйге берер біз бе екен!» — депті.

Ей, ақындар, серілер!

Отырсындар ма алқалы топқа

сөз маржандарын тізбектеп,

бұл дүниенің мықтылары мына біз деп тек.

Әр жерден жиған «асыл» ойлары таусылып

қалған жоқ па деп,

қиналып терге малшынып қалған жоқ па деп,

алдарыңда тұрмын іздеп кеп.

Ортаңа келдім жиналған жер деп

сорпаға шығар жақсылар,

Көруге бір сәт бәйгеге түсіп, бақ сынап.

Отырсындар ма бірінді бірін қызғану менен күндеуден

жарылып кетпей шақ шыдап!

Ей, мақтаулы Мұрат!

«Байтал» деп сонша сен неменеге мастандың,

Тәңіріңнің өзі тәлкегіне салар асқанды.

Алшандай басып жүргендер бар-ау, қайтерсің,

Алақандай көріп аспанды.

Қыз болып тусам, кінәлі ме екем бұған да?

Алтынды, сірә, көлеміне қарап сынар ма!

Тау менен тасты жаңғыртып бара жатады

қиюы кеткен құр арба.

Елбелектеген еркектер сынды арзанқол
сөздер жат маған,
(Бабалар айтқан дана сөздерді «өзімдікі» деп те
жаттаман).

Рас, мен әзір балапан құспын
қанатым әлі қатпаған,
Әлемнің аппақ алақаны ғана баптаған.

Шығындар бермен
жүректерің болса жыр атқан,
Шабыттарыңның да шалқарлығын бүгін сынап қал!
Сендер секілді періштесінген пендені
Шығайын айдап жұмақтан!

РЕВОЛЮЦИЯ ЖАУЫНГЕРІ

Шабыт құйып әр уақыт бар арманға,
Елестетіп от жылдар дауыл-желін,
Тұрады ылғи қол созып алаңдарда
Революция жауынгері.

Алтын сәуле таң сайын аймалады,
Нәр алғандай оның нұр бейнесінен.
Ол тұр шолып түп-түгел айналаны
жалаңбас, жейдесімен.

Сүйеді оны соншалық жастар неден —
Әлде бақыты үшін бе бұл шақтағы.
Келеді ылғи бас иіп, қастерлеумен
Бал бөбек ұрпақтары.

Адамдардың легі бір тынбады,
Мерекелі алаңдай мынау маңнан:
Көріп кетпей тынбайды бұл тұлғаны
Ақ бастар қырауланған.

Алтын емес ол-дағы, қола мүсін,
Салғаны анық шеберлер шабыт күймен,
Арнады деп еліне сана, күшін
Ильичін халық сүйген.

Оймен толғап заманның шер, тепкісін,
адамдардың тағдырын, тілегін де...
Сондықтан да сүйікті Ленинге
ең асылдан орнатқан ескерткіші
Халқының жүрегінде!

Ақбоз атты жолаушы
 біздің үйдің сыртына қырындады,
 көрмеген боп көрсем де үңілмедім.
 Маған қарап жеңешем жымыңдады,
 Қызарып күлімдедім.

«Құдық жаққа кетсемші...»
 деген ойды қайталап жиі ішімнен,
 Өзің үйге кіргенде опынғам көп.
 Көріруге тырыстым үй-ішіне
 елемей отырған боп.

Мен бірақ та абдырап,
 қолымдағы кестемнен жаңылдым ба,
 қырық үзілді жіп деген құрып кеткір.
 Өз-өзімнен тынысым тарылды да,
 ақыры шығып кеттім.

Мен сол күні өзгердім.
 Әшейінде еркелеу, батылдау да ем...
 Сезбеппін де сол күні түс ауғанын.
 Дастарқанның шетіне отырғанмен,
 Шайымды іше алмадым.

Аттандырды жеңешем
 Арпалыстым көңілдің толқынымен,
 Қайдам, сонда жан күйін қалай жеңдім.
 Неге екенін білмеймін, сол күні мен
 Сенің кеткен жағыңа қарай бердім.

СЕНІМ

I

Коммунист.

Осынау сөзден жүрегім менің
қуанышпен соғып дір еткен.
Көңілімде көктем; жанымда жастық —
қартаймастаймын түлеп мен.
Өмір-майданның от-жалынында
қасіреттерден қиналып,
жанарымды менің мұң өпкен.
Сол бір сәттерде жалғыз-ақ сөзден
қайратым тасып, табамын
жарақаттанған жүрекке ем;
алапат бір күш бойымды кернеп,
жиіркене қараймын жандарға —
жарамсақтықпен күнелткен;
кеудемде сонда арынды ағыстай,
ақтарылған асқақ күйлер мен
бұлқынатындай жыр өктем;
көктемедегі ақ нәсердеймін
кебіртек қырларды құлпыртып,
жадау далаға гүл еккен;
қайсарлығым сонда ақ күміс самай
большевиктердей қасқиған,
бір мақсат, бір-ақ тілекпен.
Көңіліме қуат, үмітіме сәуле
нұр құйған осы жалғыз сөз —
құдірет еді бұ неткен?!
Әлде сен мынау құз-жарлы тірлік
құлдыратқанда, қол созар —
арқамдағы асқар тірек пе ең?!

Сенім атты бір күш бар.
 Сүрінген шақта
 (өмірде, сірә, жүре де алмайсың сүрінбей)
 жалғыз-ақ содан қуаттанасың,
 тірліктен безіп түңілмей.
 Жұрт табынатын махаббатың да
 сенім жоқ жерде алдамшы —
 жазғытұрымның күніндей.
 Сенім сөнгенде, жазира жаның
 құлазып қалған секілді
 көңіл бұлағы жүгірмей.
 Мендегі сенім қаныма сіңген
 қаршадайымнан жатталып,
 қаһармандардың піріндей.
 Мен сенемін
 коммунистерге (сенетінімдей
 бұлжымасына Жер күші),
 бұл ұғым менде — адалдық пенен
 сәби пәктіктің белгісі.
 Жасыл жалғанда асыл маржандай
 Әділет атты асқарға —
 коммунист қана тең кісі.
 Атамнан қалған бұл сенім.
 Қақтығысып жүрген қараңғы күндерде
 «алладан» тілеп ақ тілек,
 баса-көктеумен сайран салғанда
 қайран даламда жат түнеп
 менің атамның қыран көзінде
 қасіреттермен от шашқан
 теңіздей тұнып жатты көк.
 Ленин деген жалғыз-ақ сөзден
 жанарларда ойнап үміт-нұр
 сенімнен тапты бақ-тірек.

Сол сенімменен алау ту алып
аттанған атам таң-нұрға,
Қас батырларша атой сап өткен
аспан тұрса да алдында.
Серік-сенімнен қуаты толып,
енді оралмасын сезгендей
ғасырлар бойғы зар-мұңға.
Сенім дегенің — сезімдер емес
минуттық қана ғұмырлы —
алапат бір күш бар мұнда.
Коммунистің ұлы — әкемнен қалған бұл сенім.
Азат қылғанда қараңғы әлемді
өктемдер менен сотқардан,
Жетелеп жайсаң болашақтарға отты арман,
Тыныштықта да тынши алмайтын
қорқау кеуделер көре алмай,
қанды кездігін оқтаған.
Қаһарлы күндерде сол сенім үшін жан қиып,
Өлмейтін мүсін боп қалған.
Ұлығатты ұрпақ!
Менің әкемнің алдында
бас иіп үнсіз тоқтандар!
Сенімнің күші!
Құдіретіңе табынам —
бейжай күндерде мимырт тірліктен аспаған
адамдарды ұлы төңкерістерге бастаған.
Мен сонау бір армандары асқақ
аталардан қалған көз болсам —
сенімім барда ақсаман!
Кеуделері тыншу тымырсыққа толы
сенімі жоқтар болмаса,
түңілмеу керек басқадан.

III

Мен бақытты ұрпақпын.
Терең қарасам, тағдырым менің
ауырлау, бәлкім, шығар да,
(бірақ та мұны кез келген құрбым ұғар ма!)
Ағалар салған даңғыл жол айқын; қол созған
болашақ күтіп тұр алда.
Балапан күннен шырқау көктерге талпынған
қиялар мұң емес қыранға!
Асқақ көңілдер тіршілікпен егіз
ессіздіктерден жасқана
елегізіп мойын бұрар ма!
Ал менің асау ғасырым —
дауыл екпінді алапат ағыс айдындар-сынды
қатерлі,
қатыгез мінез көшіре алмайды
андаусыз кеткен қатеңді.
Осынау дүлей ғасырдың долы
толқындары есеңгіретіп
жалмаған менің әкемді.
Мойнымда менің жүгім көп.
Алуан ойлар басымда қат-қат жатталған:
(қара басымның жүн көріс қамы
болып жүрген жоқ тәтті арман)
Атадан, сонсын әкеден қалған
ұлы мұраларды ұрпаққа
беріп кетемін... осыдан басқа жоқ-ты арман.
Революцияның айбынды рухын жеткізсем
ғана бола алам,
әкелер сенімін ақтар жан.
Заманның жүгін сезініп,
Асқақ арманды аласартпауға серт еткем,
Сол үшін менің коммунист ағам тер төккен.

Еншіме тиген ғасырға алғыс арнадым,
бұлаңдау мені ерке еткен.

Ұмыта алмаймын
әкемнің адал сенімін
ақтамай оны селт етпен!

Коммунистпін!

Жиынтығы емес жатталып қалған
ережелер мен заңдардың.

Мен Адаммын —

қуана күлдім,

жыладым,

сүйдім,

таңдандым.

Ақиқат пенен әділет үшін күрескем,
дәл сол күйімде

саналарға сіңіп қалғанмын.

Коммунистердің ақ сезімімен,

ақ сенімімен келем мен

асқарына шырқап арманның!

Білсеңдер, қимас менің бір
өмірде жалғыз досым бар.
Ол — менің жолым сенімді,
болашақтарға жосылған.

Шарласам түгел аймақты,
Терсем де қырдың гүлдерін,
Барсам да қашан, қай жаққа —
сол досымменен біргемін.

Қымбат-ау кәрі-жасқа да,
Шын досқа шіркін не жетсін!
Болмасын құның, басқаға,
Сен оған бірақ қажетсің.

Дос барда тез-ақ табамын
жұмбақ сырлардың шешімін.
Өзімен бірге қағамын
құпиялардың есігін.

Өмірдің асу, асқарын
бетке алып шырқап кетем мен.
Қияға самғап жас жаным,
арман шыңдарға жетем мен.

Ананың аңсап құшағын
сағынып кеткен шақта мен,
Сол доспен бірге ұшамын
ақ көңіл ауыл жаққа мен.

Өмірдің өзі сыйлаған
жол — серік саған, маған да.
Қуанам, күлем, қиналам,
кетемін жолмен тағы алға.

Мені өмір талай сүңгіткен
жалғыздық деген айдыңға.
Арыл да бір сәт мұң-жүктен
дос барда, жүрек, қайғырма!

Қиналсам дәйім тосты алдан,
бастамай алға тынбайды.
Әкеме жандай дос болған
жол мені адастырмайды.

ӘЙЕЛІНІҢ МАСКҮНЕМГЕ АЙТҚАНЫ

(Италия кинофильмінен шыққанда туған ой)

Сен азып кеттің,
опасыз жалғанның қақтығыстарын көтермей,
шындықсыз жерде ғұмыр кешу де бекердей.
Бейне бір өзің осындай жолға түскенде,
дүниенің бәрін әділет қаптап кетердей.
Жо, жо, жоқ, айтпа! Айтарыңды да білемін:
«Құрысын,— дейсің,— тірлік кешкенім жөтелмей!»

Ойнама, жаным, өмірмен:
ол деген өктем — жасқана берсең, жасқайтын.
Байғұс боп өтер жалғаннан текке
мақсаты жоқтар баста айқын
Білмеуші ме едің өмірде қатал заң барын.
шырқатып алып, құздардан бір-ақ тастайтын?!

Өтейік өгей дүниенің
жалпағынан басып маңдайдағы сорын бес елі.
күрестен өзге тіршіліктің жоқ еш емі.
Сенбеймін тіпті өшті дегенге сендегі отты жүрек пен
қайратты тұлға кешегі!..
Ежелден мықты жандардың бәрі заманға
бас имей кеткен деседі...

АҚБӨБЕК ЖЫРЛАРЫ

Ақбөбек пен Қайыптың мұңды махаббаты туралы аңыз Маңқыстауда кең тараған. Өнерпаз кедей жігіт Қайыпты сүйген бай қызы Ақбөбек бір түнде онымен қашып кетеді де, тауда үш күн паналайды. Қайып аң аулап кеткенде, қуғыншылар Ақбөбекті қолға түсіріп, форт Александриядағы (форт Шевченко) түрмеге қамайды. Қайып жиһан кезіп кетеді.

ДАЛАМЕН СЫРЛАСУ

Дала, менің жеңешемдей
кетіпсің ғой құлпырып тым!
Маған пәлен демесең де,
Жанарыңда нұр тұнып тұр.

Көктеменің күн шуағын
сағыныпсың, ұғып тұрмын.
Үйде мен де тыншымадым —
құлпырдың да, қызықтырдың.

Тыным көрмей жыршы құо-ақ
саған арнап жаңаша өнің.
Түріне тым тұрсың ұсап
әжем терген алашаның.

Тіршіліктің бәрі бүгін,
Бәрі бүгін бір түледі.
Таулар ғана көрілігін
сезінгендей күрсінеді.

Сілкінбеді, шөге берді,
Қажыған ба өмір соғып?

Асқақ кейпі келе ме енді
ойлағанмен көңіл солып...

Кәрі таудың құшағына
тұрақтамай бұлақ-қыздар
қарт жүрегін құса ғылып
кетіп жатыр құлап құздан.

Қатпар шыңның мүжік басын
келемеж ғып, қарашы әні,
Жеткізбей жүр күліп қашып
жалаң аяқ бала сағым.

...Мен түнімен көз ілмедім,
Көңілім де тыншымайды.
Бір бейтаныс сезім менің
жүрегімді шымшылайды...

ЖЕҢЕШЕ

Жеңешетай, тоқташы,
Құшақтайын сені бір!
Тасташы сол от басын,
Отырмашы емініп.

Жақын келші жаныма,
Жанарыма үңілші!
Шаттық көрсең жадыра,
Отырма тек түк үнсіз.

Сен қуансаң, ақылдым,
Қуанамын деуші едің,
Ағадан да жақындау
көремін ғой мен сені.

Жаным бүгін ашты гүл,
Әлем бақыт сыйлап тұр!
Махаббаттың мастығы
қуыршақты жинатты.

Көзінде оның сағым-нұр
тұнып тұрған секілді.
Жүрегімді, жанымды
ұғып тұрған секілді.

Сол жанарда — қонысым,
Қуанышым не түрлі.
Менің жаным онысыз
Күнсіз аспан секілді.

Айтшы маған жыр етіп,
Есіңе алшы бүгін бір.
Алғаш жүрек дір етіп,
Ғашық болған күніңді...

ТУҢІЛУ

Адайлар мені маңдайға біткен күнім деп,
Қастерлеп аса мақтайтын —
аймаққа кетсе атағым менің дүбірлеп
бетімнен бірі қақпайтын.

Сүйікті болса еркелеу болып кететін
әдеті шығар пенденің:
бір басқа менің еркелігім де жететін,
ел еді сонда сенгенім.

«Бөбекте де арман бар ма екен?»
дейтін қыз біткен,
Жігіттер жүрді жыр арнап.
Оңымнан туар бақытын — Айым біз күткен
сағым боп өтті бұлаңдап.

Жұлдызы болдым елдегі думан-қызықтың,
Алдыма шығар кім бар-ды.
Енді мен бүгін «күнәкөр болып
батасын елдің бұзыппын»
сүйгенім үшін бір жанды.

Ата-ана қайда бетіме жел боп келмеген,
Беремін дейтін тілегін?..
Әлпештеп жүріп безеді неге ел менен,
Жасыды-ау әбден жігерім...

Құса боп өтсе қыздары елдің сәні ме,
Халқым-ау, қалай төзгенің?
Алдамшы екен ғой мынау жалғанда бәрі де,
Махаббатымнан өзгенің.

СӨНБЕЙТІН СЕЗІМ

«Атыңнан айналайын Бөбек деген».

Қайыптың әні.

Даусың келді-ау құлаққа, сағынышым,
Құсалықтан Бөбегің арыды шын.
Кеше мені азаптап көп сұрады:
«Қай бетке ұшып кетті, — деп, — тағы құсың?»
Сенің әнің сайрап тұр көкіректе,
Ойламашы азаптан өкінед деп.
Менің бойым өрт тұрған.

Қосылмайтын
жүректердің, жаным-ау, оты көп пе?..

Қайда жүрсің қамығып, сұңқар құсым,
Бізден бақыт қиялдай бұлтарды шын.
Бөбек сендік жанары жұмылғанша,
Арнаса да қараңғы ел мың қарғысын.

Төксін теріс батасын, жала, кегін —
өзгермейді өзіңдік жан екенім,
Ұқсын, мынау ұға алса көр кеуделер,
Сөнбейтұғын сезімдер бар екенін!

АШЫНУ

Түрмедегі Ақбөбекті патша офицері
қорламақ болады.

Селтиген сары!
Жетіспей тұрғаным сен едің,
Келдің бе тағы көлгірсіп зымиян күлкіңмен.

Ұстай алмассың Бөбектің шәйі желегін,
Әзер болса, дозағым болар бұл түрмең!..
Ит өлген жерден келді екен сені кім айдап,
Қаңғыбастарға мекен болған да бұл аймақ?!
Тірілей мені тәлкек қып қойған мұндайға
көр соқыр екен құдай да!

Күні кеше бізді «жабайылар» деп
шікірейіп тұрдың емес пе,
Сары жез мұртың тікірейіп тұрды емес пе!
Жабайыны жөнге саламын десең, алдымен
Әдептілігіңді елестет!

Жолама маған,
Қолаңса-сасық, күлімсі исіңнен жерінем,
Қорқытам деме —
талай қорқудан батыр боп алдым тегі мен.
Сенсіз-ақ көрген азабым бастан асып тұр
Шерлі даланың шонжарлары мен бегінен.

Тірілей сенің құшағыңа енбен, жүн ерін,
Аю мойныға асыла алмайды Қайыпты ораған білегім!
Асқақтығым асып, ашуың қысса, жарып же
Жабайы қыздың жүрегін!

ӨМІРГЕ ТҰРАР ҮШ КҮНІМ

Туған жер, елдің ішінен
жанашыр болды тұлғана:
дегендей бәрін түсінем
жасыра қойды жылғаға.

Тауға да жеттік еңтігіп,
Бұлақ-қыз күлді сылқылдап.

Жұлдыздар жиі. Жел тымық.
Қос жүрек қана тұр тулап.

Жастанып жұпар жусанды,
Көрпеміз — түннің шәлісі.
От сезімдерден бусанды
қаңырап қалған тау іші...

Жүректер жалын. Мекен — құз.
Жанарға бақыт-нұр қонып.
Тілеумен жаттық екеуміз
тұрғай деп мәңгі түн болып.

Таңдағы түстей тәтті еді,
Өмірге тұрар үш күнім.
Таптады қыршын сәтте бір
тырнағы заман- күштінің.

Азапқа салсын жүдеп мен
кінәлі жандай жасыман:
айнымас асау жүрекпен
ақ сезіміме бас ұрам.

АРМАН

Елестейді жанбаған бағым әлі,
Сорлы жүрек сол күнді сағынады...
... Ақбөбек пен Қайыптың қызығы деп
тойлы ауылға кәрі-жас ағылады.

Балалар мәз. Думанға күлкі ұласып,
Жаңа жерді жатсынып, жылқы қашып...

Көк шалғынға көміліп жас құлындар
жатса-ау, шіркін, желіде шұрқырасып!

Қыз жүрегін жігіттер байқап ашып,
Отырады өзара тайталасып.

Қатар-қатар тігілген ақ жұмыртқа
отаулардың түндігін айқара ашып.

«Кетеді-ау,— деп,— жат жұртқа ұя қалып»..
Кейде келген құдадан сый аталып,
Отырады кемпірлер «өріс қой» деп,
Жаулық ұшын көз жаққа жиі апарып.

Сонда бұл маң түп-түгел жатпайды анық,
Жолаушы да тындайды тоқтай қалып.
Жас күйеуді ортаға ап жеңге біткен
сабылумен жүреді нарттай жанып.

Таңданады сол тойға халық тұрып,
(Қызық думан көрген бе жалықтырып!)
Жарқылдасып жүреді ағаларым
жиган-терген дүниені сарп қылып!

Ән-күйінді сен бүгін бұлдама деп,
Достар тұрса даланы жырға бөлеп.
Сонда біздер бақыттың толқынында
қос қайың боп, дүние-ай, ырғалар ек!

Қол жетпеске талпынар көңіл деген,
Аңсауменен бұл күнді өмірде мен,
өтемін ғой, құдай-ай, құсалықтан
жалғыз тамшы жас қалмай төгілмеген...

Бақыт аңсап балалық күн кешіп ем,
Болмағаны-ау бармақтай бір несібем...
Бұл қапырық қуыстан құтылармын,
Қалай шығам заманның түрмесінен...

ТІЛЕК

Шынымен болып жүрсе жаның ғашық,
Сен маған жалынбашы, табынбашы.
Ер мінезді жігітті ұнатады,
Осы бір қарындасың.
Сен менің жүрмеші әсте «құлым» болып,
(Кей әйел «жақсы көрер» ерлері жағынғасын,
Менің мұндай аурудан жаным қашық).
Онсыз да бір өзіңсің барым асыл,
Онсыз да өзің менің қанымдасың,
Жанымдасың,
ешқашан саған деген ақ жанымды
Қалмайды сағым басып.
Орынсыз маған, жаным, иілмеші —
Ер жігітке лайық мұның несі!
Және де керек емес жиі әкелген
Сый-сауқат, киім-кешек!
Менің ең жөк көрерім — жасандылық,
Сүйерім — ащы шындық. Тұрса-дағы ол
Көзіме бейуақытта жас алдырып.
Әдемі сөздер айтпа есілдіріп.
Кінәң болса, жүресің несін бүгіп:
Тек шындықпен кел-дағы — кешірім күт!
Жағынба сен! Жүректің жалынымен
сүйгізе алмағанның несі жігіт!
Сен маған әзіл айтып күлемісің,
Жанымда қамқоршым боп жүремісің,
Сағынып алыс жолдан келемісің —
Алғашқы ардай таза тілек үшін,
Тек шын болсын әр ісің — керегі сол:
Сонда мен шын мәнінде серігіңмін.
Сонда мен Сіздің үйдің келінімін.
Сонда мен жайсаң көлдің жағасымын,
Өзіңдік сонда менің бар асылым!

Сенің нұрлы жанарыңды
Бақытым деп қалыппын ғой.
Адал ниет, жан, арыңды
Содан маған таныттың ғой.

Хош! — дедім де кете бергем,
Ойда бірақ қалыпсың ғой,
Мені өзіңе жетелеген
Бір сезімді жаңа ұқтым ғой...

Бақыттыларға қараймын
қызыға тұрып, мұнданып.
Оларға нұрлы арай күн,
Оларға түн де тым жарық.

Күлкі мен шаттық көңілде,
қайғы да тайыз өткелдей.
Қаңтардай ызғар өмір де,
оларға бейне көктемдей.

Тайызда жүрсең — аңғардым —
өмір сүру де қолайлы.
Жылауы шапшаң жандардың,
жұбануы да оңай-ды.

Тамағы тоқтық, бүтіндік,
көлеңке түспей жанарға.
Бақытты жандар, шүкірлік,
жетеді менің даламда.

Есейіп ерте білдік пе
өмірдің дәмін татып біз:
сезімтал жандар тірлікте
сезінер кейде бақытсыз.

Сағынып жеткен шағында
жаз жайлау — атамекенге,
Дала боп дархан жаның да
жадырап қалады екен де.

Самал боп сені тербеткен
көңілдер мөлдір пәк қандай!
Сырларды түйген сен көптен
тұра да алмайсың ақтармай.

Ән-күйің қымбат мұнда аса,
Күтпейді Сізден сый бөтен:
(домбыра төрде тұрмаса,
қазақтың үйі үй ме екен!)

Амалсыз сосын ән салып,
Бибігүлге ұсап бағасың.
Тыңдайды сені барша жұрт,
Ертіп кеп бала-шағасын.

Көрі-жас қалмай маңдағы,
Той болып ылғи түн деген.
Боз үйге сыймай қалғаны
сығалап қарар іргеден.

Жұмақ-ау мына дала шын,
Көңілдің бұлты ашылды.
Жаңартып содан аласың
ой қажап біткен басыңды.

Босаңсып кетеді екенсің,
Қопштасу жасы кетті ағып.
Қимайсың, бірақ кетесің
күйбең тірлікті бетке алып.

ДАЛА ДАУЫСЫ

Мен жатырмын

жарау жылдардың от тұяқтарымен шыңдалып,
от жүректермен нұрланып.

Қанаты найза корабльдерге қызыға қарап қалам мен
аспан болмағаныма мұңданып,
қызғаныштан кейде сұрланып.

Сонан соң жатам тебіреніп аппақ ойлармен
өз қылығымды өзім бір мезгіл сынға алып.

Тәубаға келем — ғаламда дала болмаса
корабльдерің қайдан ұшар еді ырғалып?!

Сағынышпен қайтып қона алар жері болмаса,
елжіреп қайта оралар елі болмаса,
самғағаныңмен жанарыңды жатар мұң қарып
(табаны жерге тимегендер ғой шын ғаріп).

Тебіренемін,

көкірегімді менің қуаныштар кернеп шаттанам,
тіршілікке бүкіл Ана болмағаныма мақтанам.

Тарихқа тұлға талай ұлдарым

түн қатып жортар тұлпарын
дала төсінде баптаған.

Алдынан шығып алау таңдардың
көкжиектен әлі атпаған.

Мезгіл сойқанның менменшілдігінен мезі боп,
орынсыз кейде тапталам,

орынсыз кейде датталам.

Мен ұлдарымды өсірдім
өліп кетсе де Отанын, халқын сатпаған.

Ата жауын да алдынан өтпей атпаған.

Мен қыздарымды өсірдім,
қызығып қарардай жат ғалам.

Әсемдігін сөзге қосуға
ақындар да сөз таппаған.

Еркелетіп жүрер елі мен жұрты бар ғой деп,
Ұл мен қызымды бетінен әсте қақпағам!
О менің асыл перзенттерімнің ұрпағы,
сендермен күліп, жылап та талай жатты анаң!

Мен қараймын күрсініп
ілестірмейтін желаяқ мынау жылдарға.
(жеткізбей кетер — қаншама мейлің
тырбаңда!)

Қимасымды талай қыршынынан қиып көмді олар
дауыл таптаған құмды орға.
Жарқын жастығын жылдар ап қашқан қарияның
жасаурап қалған жанарына қара — мұң бар ма?!
Қайғыра алмасам, күрсіне алмасам несіне
Ана атанамын ұлығатты ұрпақ — ұлдарға,
қаншама ғасыр осынау талас тірлікте
дала көрмеген сын бар ма?

Мен қараймын сүйсініп
қанатты жылдарға келер күндерге самғаған,
жасартқан кәрі дүниені
соның жасампаздығына таңданам.
Тіршіліктің заңы тебіrentпей қоймайды екен-ау
жалғасып жатса айтылмай қалған арман-ән!
Мені де жылдар жасартып кетіп барады,
думанды өмірдің дүбірінен шеттеп қалмағам.
Даласын — кәрі анасын сүйген бар балам
жасаудың бәрін жасартуға мені арнаған!
Мен сондықтан ұрпақтардың араларына
тынбайтын тірлік тынысы болып жалғанам.

ШЕВЧЕНКО ТҮНІ

Түн. Қала тұр.

Зәулім үйлері жанарын көктің жасырып,
Заңғар таулардай етегі көктем, басы бұлт.
Теңіздің тылсым толқындарында түнгі оттар
қалады екен ақ маржандардай шашылып.
Асқақ қаланың сұлулығына сұқтана
алтын Ай көктен қарайды зәулім
үйлерге әрең асылып.

Қол созым жерде қолдарын саған тұр бұлғап,
Күміс күлкілі ару-толқындар сырды ұрлап.
Ну ормандардай қалғиды сол сәт қас қағып,
Желегі жасыл бұлғын бақ.
Сезімге сел боп жатасың сонда көз ілмей
терезелерді жанап өткенде толқындар
сырғып сыңғырлап.

Көшелер тұнған желкілдеп тұрған жас шыбық —
Ұлы Кобзарьдың көкірегінде кеткен жақсы үміт.
Жас қала тұр теңізге тосып кеудесін,
Төбесін көктің көк күмбезімен бастырып,
Барады ол асқақ болашақтарға қарыштап
Жастық пен достық, ұлылығыңды мәңгі паш қылып!
Мұнараларда шамшырақ лаулап,
жастықтың үні тынбастан,
Ән қанатында қалықтайды екен түнгі аспан.
Адамның бәрі ақын боп кеткен бе-ау дейсің
болашақтармен сырласқан.
Дүние тұтас ән болып тербеп тұрғандай,
Әр суреті бір дастан.

Самғаса тынбай әлемді кернеп асқақ үн,
Ән қанатында қалқыған шақта аспаным,

Өмірге қайта ғашық боп кетеді екенсің
мың есе сүйіп туған жеріңнің жапырағын,
әрбір тастарын.

Адамдар атты құдіретті күшке бас иіп
сонда қастерлеп,

Өлмейтін бір жыр келеді жазып тастағың!

ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДА

Тамаша ең, теңіз, неткен
Көктемнің кештерінде!
Келемін сені іздеп мен
Шабыттың ескегін бер!

Тынбайтын шатырламай,
Бұл теңіз ерке еді бұрын.
Тып-тыныш жатыр қалай,
Қойған ба-ау тентектігін?..

Бірге өскен құрбы қыздай,
Толқындар сырлас мәңгі.
Ұйқысын тұрды бұзбай,
Құшақтап түнгі аспанды.

Алмайды жел де демін,
(О да сәт көз ілген бе:)
мен ояу тербелемін,
Жүрек — қыз, сезім — жеңге.

«Толқындар, қалғыдың» деп
Сәулелер ойнап тұр мың.
Сонда мен сәл дірілдеп
Сен жайлы ойлап тұрдым...

Тәтті арман, ой көп менде,
Көз ілмей қонақ етем.
Қыз бала бойжеткенде
Қиялшыл болады екен...

ЖОЛ

Қайқаң қағып қара жол көсіледі
Мұнаралы қырларды асып.
Қызғалдақтар қалады тосып ерін,
Жанарларында тұнғанда шық.

Кетпесін деп қара жер қақ бөлініп,
Мынау жол құрсаулаған.
Қалып барады теңіз де шақ көрініп,
Көкірегінде бұлт аунаған.

Нәзік гүлдер жаутаңдап дірілімен
Ғашықтың сезіміндей.
Адамдардың думанды дүбірінен
Дала жатыр көзі ілінбей.

Мен келемін. Құштарлық — көкірегім.
Сағыныш қанатында.
Көру үшін бүгінгі от реңін
Бір кездегі «ала қырға».

Қатар түзеп қыз кеуде мұнаралар,
Өмірдің тынысындай,
Ақын келсе кетпейді бұл арадан
Көкірегінен жыр ұшырмай.

ЖЕТІБАЙ БАРЛАУШЫЛАРЫНА

Мен ғашықпын:

Ұлы істерді дүбірлеткен бұл ғасырға,
Ой-арманы асқақ жылдасыма,
Дарияларды селдетіп сайларынан
Мұнараларды самсатқан қыр басына!

Жете алмайтын шығар-ау қыран да, сірә,
Ақ мұнаралардың мұнар басына!
Батырлық дегенді білмейтіндерің
Мына барлаушылардан сұра.

Бұлар ма, бұлар:
елсізден елге сый арнап жүргендер.
Үстіртке қонып, қияннан ергендер.
Білмесең егер сұраңдар не деп,
Қиындық дегенді қиялда көргендер!
Аттанған шақта ол шар тараптарға!
Сұраңдар одан қолқалап бар да:
қуаныш қандай болатындығын
бұрқырап тыңнан фонтан атқанда.

Барлаушы жүрер:

шатырлап аяз, дала қар құшқанда,
Өртеніп өзек «саратан» қысқанда.
Ей, пенделер, мынау жандардың жанында

сендер

ұқсайсыңдар балапан құстарға!

Мен қорықпаймын
 сұсты тұлғаларыңнан, асқарларым,
 Жанартаулардан лапылдап шашқан жалын.
 Көңіл-сұңқар емес пе — келеді ылғи
 асқарлардан да әрі асып аспандағым.
 Өршіп қайта жаныма от алмасам,
 Мен әйтеуір құздардан жасқанбадым.
 Сезем — талай жанардан жас парларын.
 Тарлау жолда тайғанақ тастар барын.
 Шырқау деген шыңдардан құлау емес,
 Жасыма тек, жас құсым — жақсы арманым!

Шырқау шыңның жолында
 дариялар бар бұрқанып аласұрған,
 Жан шошырдай сұстанған қара сұр маң.
 Тұңғиығына көз салсаң, көңілің жүдеп,
 Түңілген сәтің сөкілді жанашырдан.
 Мен құлашты сермеймін — дарияны өтіп
 әрі асуға қайтсем де ана шыңнан
 (талпынар құз болмаса, адам деген
 құр қалатын тәрізді бар асылдан).

Мен құласам құлармын
 жалын сөніп жадымда, біткенде дем,
 әйтпесе түк емес қой жүктер деген.
 Биіктерге самғамай тұра алмаймын,
 бұдан басқа бақытты күткен де емен.

Мен қорықпаймын
 шырқап-шырқап бұл күнде біткендерден,
 самғай алмай, ызадан бұлт теңдеген.
 Сезбей өмір азабын, қуанышын
 мелшиіскен, адамдай түк көрмеген.
 Хауіптенем жалғыз-ақ: жерде тұрып
 от жанарын қияға тіккендерден.

Ат мінсем құйындатып
қалмаймын жігіттерден.
Айтыссам жиында, тек
жеңістен үміттенем.

Жіңішке жол қадамым
қызбын деп жасымадым.
Әзілмен бозбаланың
аузын ашырмадым.

Жеңе алмас сорлы бала
тағылау қыр үркегін!
Күй тартсам домбырада
Динаны тірілтемін.

Іздеймін батыр мықты
көз салып үміткерге:
мендегі батылдықты
бермепті жігіттерге!

МЕН ӨМІРДІ СЕН ДЕУШІ ЕМ...

(Бозбаланың күнделігінен)

* * *

Көргенім сол өткендегі
біздің кешке келгенінде.
Қимасымдай көптен бергі
жылы ұшырай бергенің не?..

Бір көргенге қарамастан,
кеттің тәтті елес беріп.
Осы біздер бала жастан
бірге ойнаған емес пе едік?

Күнде осылай жүрші бірге,
Дос болайын ойланбай, шын.
Жүрегімнің дүрсілін де
естіп өзің қойғандайсың.

Қызғылт тарттың — көрісіп ем,
Жоқ еді ғой ұятты ісің.
Бірақ мені көп ішінен
іш тартатын сияқтысың.

Жүрем «қаңғып» мен де кілең,
Іздемеймін, — кезігемін...
Неге сенің келбетіңнен
бір жақындық сезінемін?..

* * *

Елемей нұрын да айдың
көңілім жабығулы.
Көз тігіп қырындаймын
бетке алып ауылыңды.

Жарқылдап жүруші едім
достармен қалжыңдасып.
Көрдім де бүгін сенің
жүзіңді, қалдым жасып.

Әзілдеп құрбы қызды
тұрғанда келіп қалдың.
Сендегі нұрлы жүзді
мұң шалды, сезіп қалдым.

Болмайтын түрің бұлай,
аңырып қала бардым.
Мен жаққа бұрынғыдай
күлімдеп қарамадың.

Болды деп бұның неден
жүрегім дал-дұл, көкем.
Әлде... сен шыныңменен
қызғанып қалдың ба екен!?

* * *

Қойғандай мен біреудің басын жарып,
Сен маған қарамашы ашуланып.
Онсыз да сенің асқақ мінезіңнен
қаламын көрген сайын жасып, налып.
Біраздан екеуіміздің арамызда
бір сырдың бары рас қой, жасырмалық.

Ол сырым — саған ессіз ғашықтығым,
Мүмкін, сен жиіркенетін жасықтығым.
Өзгеге жайраң қағып, мені көрсең
бұлыңғыр тартатындай ашық күнің.
Алмаған кегің барлай көзқарасың
біреудің аялаған жасытты ұлын.

Сондағы жазығым не? Түсінбедім.
Құрыса, сыйласпастай кісің бе едім?
Бір жылы қарағаның арман еді,
Сен бірақ көз қиығын түсірмедің.
(Білмеймін, неге, неге түсінбедің.)
Мен жүрмін бойым дел-сал, ішімде мұң.
Тәкаппар жаның әлде қалай ма екен
алдында біреулердің «кішіргенін».
Көрмеймін енді деп-ақ қатуланам,
Жетпей жүр бірақ соған күшім менің.

* * *

Елесің қуантардай,
сен жайлы ой кешемін.
Өзіңе дым айта алмай,
Құрбыңмен сөйлесемін.

Қолыңды алам да мен,
Қысуға қысыламын.
Гүлімді саған деген
мен оған ұсынамын.

Ол маған жақын жан ба —
қам жейді алаңдап-ақ.
Киноға шақырғанда,
айтамын соған қарап.

(Қатады басым содан
ойлаумен күнде сені.
Ал менің досым саған
оп-оңай тілдеседі!)

Сені ойша серік қылып,
Әр таңды атырамын.

Сені іздеп келіп тұрып,
Құрбыңды шақырамын.

Ісін қып ақымақтың,
Жүргем жоқ құр желікпен.
Құрбыңа батыл-ақпын,
Жаным-ау, бұл неліктен?..

* * *

Күнде үйге асығасың..
Түсінбес ата-ана ма? —
несіне жасырасың,
айтып қой апаңа да.

Айт оған бір жас жігіт
сүйеді қызыңды деп.
Жарқылдап тұрмас күліп,
көрмесе жүзімді деп.

Керек-ақ мұны айтуың —
жан анам бар екенін.
«Алладан» сұрайтынын
тапса деп бала теңін.

Айтуға асық бүгін,
Жүрме тек жоламай түк.
Бәрібір ғашықтығын
жанарың қояды айтып.

Жасырма сол кісіден,
Жүр десең — мынау қалпым.
Бұл сәтті ол да ішінен
тілеген шығар бәлкім.



Жүрсең де есімді алып, жүрдім тынып.
Жыл өтті.
Сонсоң сол кеш... күз кеші еді.
Қос жүрек бір бөлмеде мың бұлқынып
бір-бірін іздеседі.

Өзің ең арман көлде бақ құрағым,
Тіл қатпай, тұл бойыңды кезіп тұрмын.
Осы кеш бір дауылға тап қыларын
өзің де сезіп тұрдың.

Мен іштей бір сезіммен арпалыстым,
Жанарың жанарымда тұрып қалды,
Білмеймін қалай төндім... Тарта құштым,
Содан соң дүниені ұмытқам-ды.

Жаным-ай, өзің бе бұл? Бармын ба мен?
Қанша күн бұл сәт жайлы өртеді үміт.
Кеудемді жанағанда балғын денең
дүние кетті-ау деймін төңкеріліп.



Сен маған бақытымсың, қайғым-дасың,
Өмірсің таусылмайтын, бай мұрасың.
Өлермін сол сезіммен. Маған десе
аспаннан қара жерге Ай құласын,
Әйтеуір анық менің айнымасым.

Сен маған күлкі-десің, ашу-дасың,
Ойым жоқ сенен өңге басымда, шын...
Мейлің сен не десең де...

Анық бірақ
өзгенің мойынына асылмасым,
өзіңді құшып-сүймей басылмасым.

Сен маған жасын болдың көктемдегі,
Қақ жарған жүрегім мен от кеудені.
Бағым ба, қасіретім бе — кезіктірдім
бұрын-соң қиялымда жоқ пендені.

Сонан соң күйіп-жанып алауладым,
Ұмыттым Ай, Күн барын, самал барын.
Әйтеуір алай-түлей сол сезімнен
жаныма бір тыныштық таба алмадым.

Кезім жоқ сені ойламай көзімді ілген,
Сені аңсап, елжіредім, егілдім мен!
... Ырзамын тағдырыма сен арқылы
махаббат деген күшті сезіндірген.

* * *

Сұлулар көп, балғын бәрі
бірақ саған ұқсамайды.
Өзің жара салдың-дағы,
жанарымды құшса қайғы.

Сірә, мені түк ұқпайды
бір өзіңнен басқа халық.
Жүректі ешкім жылытпайды
кетті сенсіз шаш та ағарып.

Сенің ерке қылықтарың
басқада жоқ — айдан анық.
Сезімімнің тұнықтарын
жүрсің жалғыз жайлап алып.

Сағынсам да амал қанша,
тынши алам қайда барып.
Өзің қашан оралғанша,
жатам енді қайғы оранып.



Аяулым!

Сен кеткелі қанша күн!

Күтуменен шаршадым.

Көкірегім толған сезіммен

құшағыңды сенің аңсадым.

Таңдайымда қалған — төтті дәм

талыксығандай тамсадым.

Еркем, өзің кеттің де,

душар болдым дертке мен.

Сағыныш деген өртпенен

лауладым.

Мұндай сезімді

бұрын-соң бастан шекпегем.

Қаңырап қалған бөлмеде

сенделіп уақыт өткерем.

Шаршаған күйде көз ілсем,

бейнеңді сенің көп көрем.

Мұңайып жүрмін

жандардай

ақ арманына жетпеген.

Дүниенің барлық қызығы

үдере көшкен секілді

сен ұшқан самолетпенен.

Қасірет екен жалғыздық.

Сен барда мынау қос бөлме

үксайтын қазды қос көлге,

құлазып қалған секілді

басынан бакыт көшкендей.

Қалған жандаймын елсізде,

кездеспей жалгыз дос пенде.

... Сұм соғыс жалмап арманын,
ағысы қатты жалғанның,
қиындықтарын арқалап
атырып көзден таңдарын
мен үшін жалғыз күн кешкен,
анама сонда таңдандым.

* * *

Мінезің қыңыр дейсің,
Тағасың досыңа мін.
Білмедім бұрын дейсің,
Қайтейін, осы — барым...

Демеймін періштемін,
Көп шығар кемшілігім.
Келіс не келіспегін,
Тек маған сенші, күнім.

Суынған кезім бар ма,
Құшамын өліп-талып.
Осындай сезім барда
мінезден қорықпалық.

Ол — сенен, мұң жамасам,
Сезбейсің қалай, күнім:
назданып бір қарасаң,
бар ашу тарайтынын.

Бойдағы бір кемісім —
шығармын қызғаншақтау.
(Жөн бе екен сүйгені үшін
көңілге ызғар сақтау).

Сабыр ғып төзбес пе едім,
Сүйгеннен — ол да, сенсең:
еш мінез көрмес те едің,
сүйкімді болмасаң сен.



Мен кеттім оралмасқа буып белді,
маңдайдан сылып тастап суық терді.
Алқынып кеп отырдым оңаша үйде,
бөтелке коньякпен жуып шерді.

Ызадан булығамын жарылардай,
менменшіл сиқыр күйден арыла алмай.
Назданып еркелесең, елжіреген
сәттердің жүрегімде табы қалмай.

Мен үшін аспан бүгін құлағандай,
қызығып енді бізге сығалар ма ай?..
Әлде сен өкпе-ашудың бәрін сарқып,
мені іздеп келермісің шыдай алмай?

Білмеймін, неге күттім. Келер дедім,
әйтеуір, есік жаққа елеңдедім.
Білмеймін, саған қарай тартқан күшті
қуатым бар ма, жоқ па жеңер менің...



Мынау жігіт алмаған құны бардай
неге сонша сен жаққа телміреді?
Іш жағымда аш қасқыр ұлығандай,
Дүрсілдейді жүрегім, сезді нені?

Бар-жоғымда ісі жоқ мына менің,
Саған қарап сөйлейді көзін алмай.
Асықпадың сен-дағы, тұра бердің,
Әңгімешіл жан еді өзі қандай.

Сыртқа шықтым. Сенделдім.

Күлкі, бақыт
өткінші екен. Көктемгі сағым — бәрі.
Өшім қалған кісідей бұрқыратып,
Сигаретті тауыстым жанымдағы.

Бір шықтыңдар бір кезде. Лапылдадым.
Қозғалуға бойымда күшім қалмай.
Жылдам басып жаныма жақындадың,
Мені жаңа көргендей, қысылғандай.
Тіл қатпадық.

Бермедім сұрақ та мен,
Айтар сөзді жүрекке қамалаппын.
Иықтасып келеміз.

Бірақ менен
мәңгілікке алыстап бара жаттың.

* * *

Күтіп алдым тағы да. Бір келемін.
Айтқың келді бірдеңе — үндемедің.

Қимай, әлде ұялып жүрсің білем,
Өңің тура көнерген түрсіз кілем.

Аямашы. Ашып айт. Еңіремен.
Сүйіспеші, оны ойлап, меніменен.

Көңіліме қарама, мүсіркеме,
Сезіміңнің онан да күшін теңе:

Оған деген сезімнің күші басым
болса, менен несіне қысыласың.

Қызғанайын, мейлі мен жынданайын,
тек көңілді алдаумен ұрлама, айым.

* * *

Жанарың нұр ұшқынын қарады іркіп,
Мен содан көрген сайын қалам үркіп,
Айтпай-ақ сезіп тұрмын:

бұл күндері
жүрсің ғой басқа адамға алабұртып.
Сонда да жүрек құрғыр саған ынтық.

Жүр сені бір жас сезім еліктіріп,
Тулаған ту сезімге желік кіріп,
Мен саған бұрынғыдай келе алмаймын,
Кірбіңсіз ақтарылып, сеніп, күліп.

Тұрмайсың бұрынғыдай ашық, күліп,
(Мені де мысық етті пасық күдік).
Құлазып отырасың мені елемей,
сыр толы жанарыңды қашық тігіп.

* * *

Тіл қатыстық.
Айттың сен ол ерекше ұнағанын,
Сосын... сосын онымен кеткеніңді.
Мен қазбалап (қайтейін) сұрамадым,
Кіналармын мұндайда текке кімді!..

Енді екеуміз бөлекпіз,
Былтыр бір ек!
Күдікті де мен сорлы ұмытқам-ды.
Демалысым жиілеп, бұлқып жүрек
көмейіме келді де тұрып қалды.

Не айтайын мен саған? ~
Аяғыңды құшып-ақ жалынар ем,
Жалыныштан махаббат орала ма?

Шығып кетпей тұр менің жаным әрең,
даяр да едім өлуге сол арада.
Айтарым жоқ.
Шамам да жоқ айтуға бүгін менің,
Кете бардым хош деуге жарамастан.
Бар сезгенім — көшеде сүрінгенім,
Сонсын сездім — айналып барады аспан.

* * *

Сен менің жанарыма жас тұндырып,
өзгеге көңіл кілтін аштың күліп.
Тақырға отырғызып кетті мені
әне бір ұзын бойлы ақ сұр жігіт.

Мен қалдым шыр айналып қу далада,
Жете алмай арман болған ну жағаға
Сезгендей сүлдерімнен бір сұмдықты,
Көз алмай көп қарады туған ана.

Жаншылдым, жанартаудай биік едім,
Жоқ енді сүйенерім, сүйінерім.
Мен үшін қызығы да, қайғысы да —
бәрі бір секілді бұл дүниенің.

* * *

Мен келіп тұр едім
сіздің үйдің жанына тағы.
Ішпей маспын.
Жалғыз білерім
жүрегі құрғыр жалын атады.

Отыра кеттім дірілдеп тізем,
Аймалап тұрды сені сол жігіт.

Енді мен қалай күнімді өткізем,
Оралар деген өшті соңғы үміт.

Сезімім мұнша алданар деп не ем,
Желге ұшып менің гүлім бүр атқан.
О, өмір-ай, алдамшы ең неткен,
кеше күлдіріп, бүгін жылатқан!

* * *

Сен отырсың бұл түні
аймалатып басқаға.
Мендік наз бен күлкіні
қидың ба оған? Масқара!

Ұсындың ғой шайды оған,
Ішші дедің қиылып.
Бақыт шашып айналаң,
Жүрегің де жиі ұрып.

Ол ғой көзден нұр ұшып
отыр демнен тұншығып.
... Мен жатырмын құнысып...
О, өткінші тіршілік!

* * *

Келіп ем толып-тасып,
Ұрмай-ақ жығып кеттің:
жігітпен қол ұстасып,
Үйіңе кіріп кеттің.
О баста мені, жаным,
несіне үмітті еттің?..
Дел-сал боп есігіңде
тұрмасам, түңілмес ем.

Әзір ем кешіруге,
сен шығып: «Күнім!» — десең,
Әйтеуір алдандың-ау,
өткінші бір үнге сен...

Сейілмей тұман қайғым
сенделіп түн өткердім.
Есітіп тұрғандаймын
дүрсілін жүректердің.
Сездің ғой жүргенімді —
сен қалай дір етпедің?

Бір жағып, бір өшірдің
шамыңды, қас қылғандай.
Мен содан түгесілдім
балтамен басқа ұрғандай.
Шынымен құшағыңды
сол итке аштың ба, алла-ай?!.

* * *

Не болып кетті дүние!
Айырылғаным ба сенен мен?!
Дүние быт-шыт. Жүрегім дал-дүл келем мен.
Сен болсаң, жаным, отырсың жат бір құшақта,
Көзіммен көрдім.
Әйтпесе, жұртқа сенер ме ем.

Тек мендік деуші ем гүл ернің.
Өзгені шындай сүйді ме ол балқып, елжіреп.
Жарылып кетпей қалай-ақ тұрсың сен, жүрек?!
Орадың ба сен өзгені мендік білекпен,
Оған да айттың ба: «Арманым бүгін келді!» — деп?
Сол үйдің сыртын таң атқанша мен шарладым,
самайда шашым селдіреп.
(Оны тек мені келемеж қылған жел білед.)

Қалшылдап тұрдым,
Қаңтардағы аяз қысқандай...
бойымды билер денемде титтей күш қалмай.
Көз алдымда да, көңілімде де — жалғыз сен,
дүниенің бәрі — дұшпандай...
... Есігіңді әлде соқсам ба солқылдатып мен,
тұрсам ба сосын оған да, саған тіс жармай?..

Қайтермін енді...
Тумайды басқа көгімде менің сендей Күн.
Өзіңсіз мен бір тартылыссыз қалған Жердеймін.
Өмірдей сиқыр сезімдер барда жалғанда,
тірліктің қатал заңдарынан өтер көнбей кім?
Есалаң болдым. Үмітке алданған мен сорлы
дәл менше соның сүйетініне әлі сенбеймін.

* * *

Мен қайтсем екен?
Тұла бойым өртеніп, барады ысып.
Қызсам ба екен достармен шарап ішіп?..
Менен гөрі бақытты-ау әркімдердің
ит аяғын жалаған қара құшік.
Сенсіз өмір өмір ме? Құрысын бәрі!
Өлген артық мұнан да дала құшып.

Әлде сенің ызаңнан
қыз біткеннің барлығын қорласам ба?
Шашсам ба екен өмірді оңға-солға?
Бақ құсымды басқадан іздесем бе,
бағыма сен бұлбұл боп қонбасаң да.
Біреулерге бір күндік бақыт болып,
біреулерге қайғы боп орнасам ба?
Мынау қияс дүние басар ма екен,
қисық кеткен аяғын оңға сонда?..

Быт-шыт болды-ау,
сонау менің ләззатты ай, күндерім.
Қайтсем енді басылар қайғым менің.
Астан-кестен етейін дауыл күнлей
бұл тірліктің топас бір жай дүрмегін.
Болмаса, бір таңданар іс қылайын,
сонда анау жігіттен айныр ма едің?
Сонда маған о баста өліп-өшкен
оралар ма көңілің?
Әй, білмедім...

* * *

Сен мені шыныменен сағынбайсың ба,
Оған да от болып
беріліп жалындайсың ба?

Оны да мендей елжіреп, аймалайсың ба,
Оны да іздеп, төзе алмай қайдалайсың ба?

Оған да сәби қылықпен еркелейсің бе?
Кетейін десе, қиылып «ерте» дейсің бе?

Жанарың ойнап, оған да «Күнім» дейсің бе,
мені құшқандай, денеңмен дірілдейсің бе?

Оңаша сәтті онымен армандайсың ба,
ол жоқта жетім ботадай қалғандайсың ба?

Оған да: «Сені өмірден іздеп ем...» — дейсің бе,
«Жүрегім — қырау сен жоқта, мұз —
денем» — дейсің бе?

Ол барда өзге көздерді жақтырмайсың ба?
оны да бір күн құз-жардан лақтырмайсың ба?



Өте шықтың. Таныс үн!
Тұла бойым дір етті.
Еркелеген дауысың
осып өтті жүректі.

Оған қарап назданып,
Әңгіме айтып барасың.
Ұмтылуға аз қалып,
тұрдым сосын шарасыз.

Кездескендер түріме
таңырқасып қарады.
Елең болмай бірі де,
сен биледің сананы.

Күйге түстім не түрлі —
бір суынып, бір ысып.
Айыпты адам секілді
кете бардым ығысып.

Байқамадың бірақ та,
ақыл екен бұл ісің.
Керең болғыр құлақта
тұрып қалды күміс үн.



Сені құшып өзгенің жанды бағы,
Менің миым соны ойлап қалжырады.
«Бақыт тапса сүйгенің, қуан» — дейтін
біреулердің шығарған сандырағы.

Ақылгөйлер соны айтып ұрандайды,
Қу молдадай сандалған құран жайлы.

Шын ғашық жан сүйгенін өзгелерден
Не десең де, қызғанбай тұра алмайды.

Сезермісің:

Қанша күн жолықпадық!
Жынданамын, кейде оны көріп қалып,
Соны тастап, дәл қазір келсең маған,
Баяғыша сүйер ем өліп-талып.

Еш күнанды бетіңе баспас едім.
Мылжыңдарға құлақ та аспас едім.
Су сепсе де лапылдап өршеленген
бұл не қылған мендегі қасқа сезім.

* * *

Жанымды менің сілкілеп,
Сүйіктім кетті басқамен.
Кездескен сайын бір түлеп,
Гүлім деп құшақ ашқан ем.

Күңгірт күндерде нұр берген
Айым да сен ең, аспан ең.
Сыр бермеген боп жүргенмен,
Булығып жатам жасқа мен.

Жастық боп жатқа білегің,
Шырақ боп түнде маздадың.
Соны ойлап сыздап жүрегім,
Жынданып кете жаздадым.

Тосылды-ау жатқа гүл ерін,
Өзінді соған Күн еттің,
Мен сорлы жүрмін бір емін
таба алмай сендік жүректің.



Ойлап ем келер деп мен
салуға аттандырып.
Мені әлі елеңдеткен
баяғы жаттанды үміт.

Жүректі дірілдеткен
сонау бір сәттер есте.
Жүруші ем күнім деп мен —
сол елес тәтті емес пе.

Бұл күнде басқа адамның
құшағын мекен еттің.
Табылмай басқа амалым,
Мен болсам жеке кеттім.

Жоқ енді ол. Менен кеткен.
Күлмейді алдан шығып.
Мені әлі елеңдеткен,
о, сорлы алдамшы үміт.

Қорғауға самал, гүлін,
бейбіт күн — ел арманын
аттанып барам бүгін.
Қайтейін, келе алмадың.
Өз үміт, мені алдадың.



Мұнда түн.
Жаңбыр,
Аспан қарауытып,
Көз жасын жатыр оның дала жұтып.
Демалып отырмыз біз дабылдан соң.
Әскери дайындықтар жаңа бітіп.

Әр жігіт өз ісімен шұғылданып,
Біреу жазып, бірі иек қылын қағып.
Енді біреу бір хаттан басын алмай.
қайта-қайта оқиды жымың қағып.

Біреу үйін айтады.
(Бұл — сағыныш белгісі, таныс қылық.)
Біреуі жүр әндетіп сәл ысқырып.
Үшіншісі досына хат жаз дейді,
ауылының бір қызын таныстырып.

Біреу отыр тіл қатпай,
бейтаныс қыз кешегі ұнап қалып,
дойбы ойнайды біреулер жырақ барып,
Мен отырмын өзіңе жолданбайтын
дәптеріме оңаша сыр ақтарып.



Мен құлазып кеткенмін
мынау өмір дегеннен,
тіршіліктен.
Сені жоқтап алушы ем күрсініп дем.
Қызықтырмай ешнәрсе, қалғандай-ды
сенің салған қайғыңнан құр сілікпем.
Самал өпкен түндерде ауа жетпей,
енді өлердей жүруші ем тұншығып мен,

Мен өмірді сен деуші ем :
сенің көзің, назды үнің, қылықтарың;
сезімімнің сен кештің тұнықтарын...
Бұл әлемде өзіңсіз тірлік барын,
Ай,

Күн барын, ел барын түк ұқпадым.
Өмірімді быт-шыт қып, мұңға орады
Сенің тез-ақ, сүйіктім, ұмытқаның!
Содан бері жыл өтті.

Көп ойландым.

Жүрек соға бастады жылып қаным.

Түндер өтті сергектеу.
Үлгерілмей жұмысым, қысқарды күн,
Ығыстады біртіндеп дұшпан мұңым —
жүйрік күндер барады ұмыттырып
кейде өмірдің сараңдау, мыстандығын.
(Ұмытпаймын.

Кешірем сені бірақ,
тапа-түсте қолымнан ұшқан гүлім.
Есімде әлі — ол мәңгі қалады есте —
сені мөлдір сезіммен құшқан күнім.)

Туған елді еске алсам, есейемін,
Содан қайта жанғандай құштарлығым.
Әнмен туған жеріме ұшады екен,
Үн қатпайтын секілді еді құстар бұрын.
Ел сенімін арқалап тұрып сездім
Отан деген өлтірмес күш барлығын.

ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕРДІҢ ШАПАҒАТЫ

Түндер келеді
құбылмас қараңғылықпен
дүниенің барлық жиіркеніштерін таса ғып,
күндізгі сағымдай көз жауын алмай
көлгір көркімен жасанып;
ақ сезімдердің ақ айдынында тербелер
дел-сал сәт қой бұл
қатыгездіктен қажыған көңілдер жасарып!

Қараңғы түндер,
бұл дүниенің ләззаты жалғыз
сендерде ғана қалған ба!
(Өзгенің бәрі өзгеріп кеткен
шеңгелін мезгіл салғанда).
Түндердің тұнжыр тыныштығы ма екен
көңілдерді көкке көсілтіп
талпындыратын таңдарға!
Таңдайыңа татып тірліктің шырын
шақтары жанды шалқытқан
түн құшағына алғанда.

Жалғыз-ақ мынау бөлмеде
тыныштықта бейжай көңіл көрпесі көсілмей,
(қасиетті түндер кешіргей!)
Ақтүтек ойлардың ақпаны сақ-сақ күледі,
жалғыздығынан жынданып кеткен жесірдей.
Рахатын түннің тұл етіп сонда
мен отырамын шабыттың
сарала сауытын шешінбей.

О, шуақ күндер!
Қыз саусақ шұғыла төккенге балғын бақтарға
менменшілдікпен мақтанба!

Тірліктің қимас күндерін
тылсым түндерде ғана сезбесек
қадірсіз шығар ақ таң да.
Мынау жалғанда жалғыз-ақ өзім
құдіреттідей боп отырам
қараңғы түндер шапағат шашқан шақтарда.

ДАУЫЛДЫ АҢСАУ

Ақтымық.

Теңіз.

Маужырап дел-сал жас келіншектей жар құшқан,
Қымсынып жатыр,

тұншығып жатыр рахат пенен алғыстан...

Төкаппар, тентек теңізге қарап
таңданып кетіп барады
ақ шағалалар таңда ұшқан.

Ұйқыда теңіз,

албырап жатыр қас арулардай құлпырып,

Дүние-ай, қанша сұлулық деген,

нәзіктік деген тұр тұнып!

Әшейіндегі арман боп жүрген аспан да

бүгін қас қақпай

телміріп тұрды ынтығып.

Мен тұрдым сонда

алапат ойдың толқындарына мың батып,

көңілімде бір сәт қол жетпестерге

жанымның күйін тыңдатып.

Қарсы ағыстарға құлашты сермеп кеттім мен,

Қалғып кетпесем — бұл бақыт!

Мезі боп кеттім тыншудан.

Аңсарым ауған ақ толқындардың арманы,

қалай тарқадың,

Тентектеу сенің мінезің қайда, шалқарым?!

Самарқау мына бейжайлығыңды сенің серпуге

дауылы керек Арқаның!

Мен нәзіктеу болғанмен

бұйығы сенің өсемдігіңнен ләззат ала алман,

тентектігің керек табыну үшін саған жан!
Қыз-толқындарың алысып жатса жалынан
құшып асаудың, парлатып жасын жанардан!
Сондай бір шақта
найзағай болып жарқ етіп өтсем төбеңнен,
о сонда менің бақыттылығымды көрер де ең!
Мүлгіген меңіреу тыныштығыңды талқан етуге
ақ дауыл болып келем мен!..

ТАРИХПЕН ТІЛДЕСУ

Заманым, саған ырзамын:
көкірегімді менің көтерген шырқау көктерге,
Шуақ күндерім шұғыласын маған төккенде,
күміс үн, күмбір күйлерге толы көңілімде
сайрамай қалар жоқ перне.
Шұғыла таңдардың сәскелігіне шырқап кеттім мен
бір қарап алып өткенге
(өткенсіз өмір көктер ме?!)
Кешегі күндердің қасіретін білмей,
қадірін ұлы бүгіннің
сезіне алар ма от кеуде!..

Мен өзімді білмеуші ем
(қапас заманғы қалыс ойлардың кесірі)
бұйығы өмір боп несібім,
Ғасырлар бойы күн кешіп едім
сағалап жаттың есігін,
өзіме әсте бұйырмағандай
жазира дала — бесігім.
Ей, салауатты ұрпақтар!
Сол үшін маған кешірім!

Осынау әділет сәттерді
(сараң тірліктің күңкілдерінен
қағажу көріп жөргекте)
армандап едім мен көптен.
Ұлы ойлар, ұлы күрес туғызған
перзенті сынды өмірдің!
Міне, сол заман, сол көктем!
Менің де атымды тарихқа паш қып жаздырды
алтын өріпті өрнекпен.

Менің өмірбаяным —
(басталған деп жүр бағзы біреулер
жабайы тірлік пен бақ-малдан
мен бұған әсте ызылаңбасам, мақтанбан)
ғұламалардың ғұмырлы ойлары
өрнектеп кеткен бастаулар
тарихтың тылсым тасаларында қатталған.
Жесір мінезді өмірдің дүлей дауылдарына көміліп,
құрып кетуге шақ қалған.

Бұл күнде менің
терезем де тең,
байлық та менде, бақ менде,
Атым да мәшһүр жат жерге.
Қолым да жетті талғампаз тарих алдында
өзімді танытар сәттерге.

Өткенімді бірақ ұмытпан
көне заманнан басталған,
бабаларымның шерлі көңілін
жебеген сонда жақсы арман;
«елдігімді менің,
ерлігімді менің паш ету үшін дүниеге
күресіп өтуден жасқанбан!»
Сан ұрпақтардың осынау арманы —
қасиетті заңдай жатталып,
Жазылмай жеткен дастандар.

Менің өмірбаяным —
күңгіренген күй мен армандай
шырқау әндерімдегі асқақ үн,
дала көңіл мен ақ дастарқанымдағы ас-дәмім.
Жаугер жұрттарды сойыл-шоқпардың астына ап,
жаһаннамға қуып тастадым.

**Жиһан даланың сай-салаларын сағалап
өскендіктен бе — қосылмай келген бастарым.
(Осыдан талай ақсадым).**

**Менің өмірбаяным —
шежірелерде ашылмай жатқан шаң басып,
Ақ сезімімен алаулап өткен
Қозы Көрпештей сан ғашық.
Дауыл екпінді
Махамбеттердің өрлігі
Революциямен жалғасып.
Басымды иемін ұлы ғасырға
өзімді маған,
өзгелерге де танытқан
күш-қуатыма арна ашып.**

**Менің алапат дәуірім!
(Қиналған шағым, қынжылған шағым
таба алмай теңеу
мықты артық)
өзіңнен асқан ұлылық дегенді ұқпан түк!
Жасқанбай бүгін жырлармен шығам
кінәмшіл әлем алдына,
тыңдайды сонда жұрт балқып.
Сен берген қиял-қанатпен шырқап
ғарышқа бүгін самғаймын
Байқоңырымнан тік тартып!**

1972
1973



ЕКІНШІ БӨЛІМ

Ара күндеріміз,
нама түрлеріміз
сүйісі бағаның үшін,
сүйісі бағаның үшін.
мен сені аялаптым

Ж.Р.А.Е.

Арман деген елесті қуып келем
алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен.
Бірде ысиды, біресе суып денем
алған сайын әр белес, қырқаны мен.

Ей, жастығым, маужырап қалғымағын,
бала қаздай қияға түлет мені.
Көктеменің мүлгіген таңғы бағын
менің жаным жүрген жоқ тілеп, тегі.

Болсын мейлі асқар тау, алдым ағын,
мүмкін емес жасытып жүдетпегі.
Сенетінім — құс қанат арғымағым,
сонсоң алау жалыным жүректегі.

Мен осылай арманды қуып келем,
алып-ұшқан жастықтың тұлпарымен.
Тоқтамайтын шығармын жуықта мен —
алыс самғау, қашанғы іңкәрім ең!

Мен
революцияны жасамадым,
Мезгіл деген межеден аса алар кім?!
Бірақ, бірақ жасқанып жалтақтамай
болашақтардың есігін аша аламын.

Соғысты да көргем жоқ, өкінбедім.
(Мүмкін, онда мен жайлы оқыр да едің...)
Бірақ сол бір жылдардың жарақаты
көкірегімді сыздатып отыр менің.

Мен жез едім.
Өмір өзі шыңдады алмас қылып,
Отыра алмаймын қаперсіз малдас құрып.
Мен осынау беймаза планетада
революцияны келемін жалғастырып.

Қиял қуып жүргем жоқ даңққа еріп
(тарих куә — біз ондай халық па едік!)
Мен жүремін ақжүрек сәбилерге
жұлдыздарды уыстап алып беріп.

Сен көктемгі көк айдын сағым ба едің,
Селт еткіздің-ау, даладай сабырлы едім.
Қасіретінді де қасқайып қарсы аламын,
Қайталанбайтын мазасыз шағым менің!

Көне көкірек, ей, менің жыршы далам!
Күдіктенсең, өзімді бір сынап ал!
Менің жастық шағымнан ескерткіш деп
бозаң белестеріңе гүл шығарам!

Қатерді ойлап көңілі тыншымаған,
гүлге оранып сонда бір жүрсін адам.

**Айшықты іздер — өмірім. Мен қалайша
болашақтардың алдында күрсіне алам!**

**Көңіл-күйін көз ілмей сан бұрадым,
талай күлдім, сан рет қалжырадым.
Мен өзімнің мазасыз жастығымды.
ұрпақтарға мұра қып қалдырамын.**

АСАУ ТОЛҚЫН

1

Келеді бір күш соңымнан:

өктемдіктерге бас бұрмай,
екпінін көрсең — дауылды түнгі
дариялардағы тасқындай.

Жүреді ол дос қып, адалдық көрсе бойынан,
ешбір пендені жатсынбай,

Қиянаттардан қиналғандарды басқа ұрмай.
Қояды ол сосын өзімшіл, менмен жандардың
ауызын «ә» деп аштырмай.

Намысына тисе халқының біреу,
кете алмайды оның алдынан
жанарларына жас тұнбай,
кіре алмай жерге, өкінішке толы өксікпен
жөнейді кері жаралы қорқау қасқырдай.

Шындықсыз жерде ол келіспек түгіл
бұрылып басын да имеген.

(Сол үмітпенен мен де бір жасыл күйге енем.)

Оның ақ жанын еш нәрсе жалтарта алмайды
көгілдір дүние, көп жиһаз, асыл күймемен.
Халқының абзал қасиеттерін ардақтаса жұрт,
бақыт пен даңқ тілемейді өзге.

Ол үшін осы сый деген.

Келер бір сондай тың толқын

дәуірдің өзі туғаннан сана, күш берген.

Өмірдегі кейбір жалтақтықты көрсе, тістенген.

Ығыспай сонда ол арпалысып өтер өлгенше
әділеттен жүрдай үстеммен.

Жүреді сосын ұрпақтың даңқын шырқатып
тарихтың өзін таңдандыратын істермен.

Қарайды оған бас иіп
Жер ғана емес, көгілдір аспандағы Күн,
Қайратын көріп жанартаудың жасқар жалынын.
Жүреді ол кәміл белгісіз мекен жайларда
алау ту қадап шыңына асқарларының.
Ұрпақтары оның мақтанар мәңгі аңыз қып
жұлдызды жондарда қарыштап басқан адымын.
Оған түк емес бүгінгі менің
өзімше асқақ арыным,
(Кім білсін, мүмкін, оған да жетер
ашырудан басталған үнім.)
Мен, мүмкін, оның биіктерге шырқар жолдағы
алғашқы баспалдағымын...

Асқақ болғанмен, ұғады ол
тамырсыз тыңдардан өзінің өспегенін де,
Естиді ол әнін Ақанның Көкше белінде
Асқақ үнімен даланы жаңғыртып өткен
Махамбеттердің болғанын көшпелі елінде.
Іздейді ол талмай аталардан қалған мұраны,
Жер астындағы «архив»

біткеннің қопарып текшелерін де.
Осынау жонда қалалар тұрды-ау бір кез деп
тігеді ойлы жанарын төстегі егінге.

II

Сан заман өткен.

Қазақтың

таптатып жатқа мекенін, қор қылып елін
(сол түнек заман, менің де сор күнім едің.)
Қасірет шеккен кең дала тыныстап бүгін
ұмытып жатыр талайғы жортуыл демін.

Қасиетіңді тек жоғалтпа, ақпейіл далам,
Шүкірсің бүгін — төсің бай, қолтығың егін.
Мойнымда менің көп әлі алдыңда сенің
өтей алмаған борышым, олқы күндерім.
Тағдырыңды сенің тапсырдым сенімді ұрпаққа —
көз нұрың, болашағың да — сол түбінде, елім.
... Келеді әйтеуір бір ұрпақ менің соңымнан —
бар үміт сенде,
О, асау толқыным менің!..

Мен жалындап өтемін
қариялардың қимайтын жас шағы болып,
балапандардың талпынар асқары болып,
ару қыздардың аңсаған арманы болып,
асқақ жандардың алаулы таңдары болып,

жиырмада жесір қалғанның аңсары болып,
сүйіскендерге көз ілер таңсәрі болып.

Мендегі арынды өкпінге

дауыл көрмеген

бишара жандар жатсын бір тамсанып өліп.

Ұмтылам алға өтсем деп армандарды асып,
Алаулы жаным ақ арай таңдарға ғашық.
Жаныма серік болуға жарай алмайды
жүйрік жылдарға ілеспей қалғандар жасып.

Талпынбаймын

топастықпенен күн көрер тыныш тұғырға,
Арам ойлармен сақтаман қылышты қында.
Жырларымды оқып құлшынсын оты бар жандар
уақытпен бірге өлмейтін бір іс қылуға.

Жүрмесе болды адамдар

тұлғамды менің шатасып басқаға таңып,
Жасықтар жүрсін кездесе жасқана қалып.
Несіне жүрем әйтпесе қара жерде мен
күн көргеніме мәз болып баспана тауып.

ЖАСТЫҚ ШАҚ МОНОЛОГЫ

ҚЫЗЫЛ ТУЛЫ АЛАҢДАР

Мен жастықпын.

От алғам

қараңғы түнгі найзағай жарқылдарынан,
қасиетті даламның бал құндағынан.

Ерлік пен өрлік дегенді қатал мезгілдің
қасіреттерімен шыңдалған халқымнан ұғам.
Қайсарлық сіңген жаныма

большевиктердің
дұшпан алдында міз бақпас салқын қанынан.
Ел үшін оқ боп атылғам сұрапылдарда,
сонда жаулардың жүрегін даңқым қарыған.
Қырандар кеткен қияға жанарын жанып,
Ер көңілменен құлшынған артымдағы ұлан.

Күшіме сенем.

Жоқ-сынды

өлемде тіптен алынбас қамалдар маған.

Қызулы шақта күдікпен алаңдар ма адам?!
Топас бір тірлік етпеймін.

Сенің даңқыңды
паш ету үшін, Отаным, жаралған балаң.
Мақсат еткен-ді ұлының болашағына
өке жетпеген үміт пен бар арманды анам.
Мен жаныма өр рухын өлмейтіндердің
Қызыл туларға малынған алаңнан алам.
Маңқыстауларда сыңсыған қара орман болып,
асау толқын боп мұхиттай каналдан ағам.
Алып ГЭС-терге әкелем жұлдызды аспанды,
Қайран қап сонда, Жер, Әлем, қараңдар маған!
Төкаппар ұрпақ алдында менің атымнан
жас шағым болып сөйлейді жаңарған далам.

Сөйлейді ол сонда куә боп дана жылдарға,
қалалар қалай қаз тұрды Қарақұмдарда.
Тайганы тіліп талықсып, саз кешіп жүріп,
неліктен тіктім өрлікпен жанарымды алға.
Кебіртек шөлде кеудемді дауылдарға ашып,
түндерде жүрдім көз ілмей дала-қырманда.
Жасыдым, кейде жыладым ыза-кекпенен
тіршілік салған кеудеме
нала-мұңдарға
(Өмір жоқ мұңсыз күңкілшіл Жердің бетінде
жалашыл кейбір жылмаң көз адамың барда.)

Күсті қолдардың жасауы қызыл сөз емес,
Мұра боп қалсын ертеңгі саналы ұлдарға.
Әйтпесе мынау менменшіл мезгіл желінен
жоғалған ізсіз сан алуан қалалар құмда.
Өмірдің өзі үйреткен қапы қалмауға —
мейлің сен тағы,
тарих,
садағыңды арна.

Мен армандап жүргем жоқ
салар деп маған біреулер алтыннан мүсін,
тірлікте жұрттан ерекше жарқылдау үшін.
Войдағы күшті сарп етем
келер ұрпаққа,

мақтан болсын деп қалдырған артымдағы ісім.
Бас иіп жүрсін әр ұрпақ, бабалар бір кез
таңдана бермес ғасырды таң қылғаны үшін.
Жастықтың жалын шағында қызулы қанмен,
қорғасын бізше даланың даңқын, намысын.
қалдырсам егер артымда өлмейтін мұра,
шындықты шыңға көтерген халқымда күшім.

Сайларымда сарғайып жаттым аштан,
түйіріне зар болып қара нанның.
Шындық іздеп әкелер құрбан болды,
соны ойласам жанымды қамалар мұң.

Әділет деп қақылдап, ей, дүние,
куәсі боп жаттың-ау жала, қанның.
Жерін жатқа бермеген жығылса да,
айбарына бас ием бабалардың.
Бүгін шалқып қараймын мен далама
көкірегінде самсаған қалалар мың.

Мен

Коммунистер ұлтынанмын
күңкілдеген күншілдер сыртынан мың.
Жұмыр жерде бір пенде бақыт тапса,
Туысындай шаттандым, шын қуандым.
Мен әділет, шындықтан жаратылдым,
Шын досымын Отаны, жұрты бардың.
Теңсіздігі дүниенің тез есейтіп,
Қайратыммен серпідім мұң тұманын.
Лақтырған жоқ бақытты тағдыр маған,
Тіршілікпен тартысып жұлқып алдым.

Әділеттен тайса өмір, түңілме, дос,
Келеді түбі саған да бұлқынар күн.
Адалдықты таптаған арамзалар
жауап береді алдында бір күні ардың.

Мен қырдағы үйденмін.
Жалқы емеспін, бірімін топ баланың.
(Тек арманым биіктеу, от талабым).
Елеусізбін үйде мен, елгезекпін,
тәрден орын тимесе, жоқтамадым.

Ал көшеде әкемді білетіндер
мені танып қараса, тоқталамын.
«Азаматы ана үйдің», — деп жатады.
(Бірі ғой деп айтпайды көп қараның.)

Бар бейнетін үйімнің жалғыз өзім
арқалауға сонда мен оқталамын.
Біздің үйдің бар қадір-қасиетін
менен көріп тұрғандай боп қаламын.

... Мен Отанның сыртына шыққанда да,
осы ойларсыз аттаған жоқ қадамым.
Маған қайнар күш берген
күдіктенбей артатын сенімі елдің.

Толқып сол бір сезімнен тебірендім.
Отан сеніп тапсырса өз тағдырын,
тартыншақтап мен қалай шегінермін.
Менің тарих алдында мақтанарым —
перзенттігім іргесі берік елдің:
мүмкін, қазақ, абхазбын, белоруспын,
тәжіктердің ер жүрек тегіненмін.
Адалдық пен достықта ұлылығы —
Мен Советтер еліненмін!

Бір жүрейік,
қос дауыспен «Аққұмдай» бір ән салып,
тұтқындасын ақынды қылаң шабыт,
мұңдылар да еске алсын бақыт күнін,
жанарларды тұрмасын тұман шалып.

Өмір — жасыл бақ емес, арналы құз.
Таба алмайтын сәттер бар қарманып із.
Бұл тірлікте түк емес кейде біздің
ұғыса алмай керісіп қалғанымыз.

Несі қызық бар дәмін
татпай кетсек, өмірге келіп тұрып,
Қуантпаса ол жылатып, еліктіріп?!
Кейде дауыл соқпаса, тыныштық та
жібереді емес пе зеріктіріп?

Бір жүрейік
жүзімізден арайлы арман ұшып,
Жанымыз — дәл гүл құшқан таңдағы шық.
Бізді көрген секемшіл кейбіреулер
Тілін тістеп, дал болсын таңданысып.

Тағы да көктем келді,
 Бал сезімдерге, сал сезімдерге ұран сап,
Өткінші ғұмырдай қылықтары мол бұлаң шақ!
 Көн көңілдер де теңіз боп көлкіп кетіпті-ау
 ару қыз аңсап, жыр аңсап!

Бұ не деген құдырет!
 Дүниені түгел құштарлық қаптап кеткен бе,
 Адамның бәрі мас болып жүр ғой от-демге!
 Байырғы күңгірт күндер де қайтып келместей...
 Жабырқап жүрген жоқ пенде.

Ұмытып жатыр жұмыр жер
 өктем мезгілдің қалдырған қаза-қайғысын.
 Жас көңілменен тыңдайды дүние май құсын.
 Әжімдер басып, мазасыз жатқан Жер-ана,

Көктемде не еткен жайлысың!
 Қыз-көктем келіп,
 қызғалдақ қадап жүр белде.
 Қатыгездер де көз салады екен гүлдерге.
 Табиғат шіркін адамды бір сәт сергітіп
 алады екен-ау.
 Тірліктен қажып қалжырап жүрген күндерде.

Сен мені ізде, жаным,
шөл дала, жапан түздегі
ақ шатыр алқаптарынан,
қаңтардың қақап мұз демі
өбетін тау шатқалынан.

Қас қақпай таңдарды өткер де,
Ізде сен (сұрама жаннан!)
ұмтылған заңғар көктерге
алаулы мұнаралардан.

Ізде сен сағынсаң, жаным,
Шарлаған дала бөктерін
жастықтың бал арманынан,
Ақ қанат самолеттердің
айна төс алаңдарынан.

Ертең-ақ жаңарар маңы
қырлардан, дала аптабынан,
Бітпеген қалалардағы
үйлердің қабаттарынан.

Бақтарға алданба дер ем,
Шын сүйсең, күрсінбе кілең.
Мені ізде вокзалдар менен
рельс дүрсілдерінен.

Таңдарын жаңа күндердің
қарсылап алуға, жаным,
Мұз жарғыш корабльдердің
шарла сен палубаларын.

Сенің де жаның құштар ма
өрт екпін, жарқыл-жалынға?
Теңіздің дауыл құшқанда
жүрем мен толқындарында.

Жасқанбай самға да қашық,
мені ізде сайлардан, белден.
Өзендер арнадан асып,
теңізге айналған жерден.

Жолдардың бұралаңдаған
елемей дауыл-шаңдарын,
Мұндайда сыналар арман
іздеп кел сағынсаң, жаным...
Аңсарым, таңым сен, жаным.

СЕН ЕКЕУМІЗ

Менменшілдік артты да сана-күштен,
Екеуміз де кетістік «тамам іс» деп.
Махаббаттың жалынын жалғыз жұтып,
Сен ренжіп жүрсің ғой маған іштен...

Екеуміз де ақылға бекінбедік,
Таластық та «сенікі шетін» дедік.
Бүгін біздер мұңдымыз, жүрсек тағы
ештеңеміз кетпеген секілденіп.

Құр өкпені қайтеміз. Жетер, күнім,
Деймін іштей: «табысқай екі ел бүгін!»
Екеуміз де ұғындық, бірімізге
Бірімізсіз өмір жоқ екендігін.

Елжірейсің, өкпенің бәрі біткен.
Құшағыңды отырмын сағынып мен.
Екеуміз де үнсізбіз... жақындасақ,
Кететіндей өрт болып бал үміттер.



Бұл жырлар жазылмас еді-ау,
Мен қайғы жұтпаған болсам.
Бұл жүрек табынбас еді-ау,
Сен жұртқа ұқсаған болсаң.

Көзіме ілінбес те едің,
Шыға алар шыңдарым болсаң.
Тек саған жүгінбес те едім,
Иіліп құрбаным болсаң.

Мен бұлай жүрмес те едім-ау,
Өмірде болмаған болсаң.
Сүюді білмес те едім-ау,
Сенімді қорлаған болсаң.

Солғандай гүл де мүлде,
кеудеме толып бір мұң,
Құлазып жүргенімде,
өзіңді жолықтырдым.

Қиялдай сағымдағы
сыртыңнан қарайладым.
Сездім мен жанымда әлі
атпаған арай барын.

Асықтым әр таңға мен
жүзіңді көрем бе деп.
Бұл қайғым тарқар демен
өмірде сенен бөлек.

Тіл қаттым жігіттерге,
сені ойлап аласұрып.
Күңкілшіл күдіктен бе —
сенделдім дара шығып.

Жаныма жай таппадым,
балауса кезде мынау,
Бір сезім шайқалтқанын.
Мені
сен сезбедің-ау...
Әйтеуір байқатпадың.

Басқа қызды жар еттің. От-жалынмен
мені сүйген жүректі аямай-ақ.
Тікенекті өмірдің соқпағымен
тартып бердің әйтеуір жалаң аяқ.

Саған деген сезімнен есім кетіп,
Өртеніп-ақ жатамын қызғаныштан.
Келе алмадым сонда да шешімге түк,
Шаншу алды жанымды, ызғар ұстап.

Білем: әлі жүректер ұғысарын.
Бірақ көрсем — жалынды басып-жаншып,
Асқақ қарап өтуге тырысамын,
Сенен өзге біреуге ғашық жансып.

Тағдыр бізді осылай тұсады да,
Екі айырды. Аңсаушы ек тел өсуді.
Беріп сені біреудің құшағына
серік етіп жүрмін тек елесіңді.

Жұртқа жұмбақ болды да мендегі елес,
Біреулерге бұл күнде мазақ та өзім...
Махаббаттың күйігі — ерлер емес,
Әйел ғана шыдайтын азап-төзім.

Біз екеуміз біргеміз.
 Бақыттан менің жанарымда қалды шық тұнып.
 Дүние деген тып-тымық!
 Өліп-өшкен бар болмысыңмен
 сен отырасың тіл қатпай,
 Жанарыңмен ғана ұқтырып.
 (Адамдар деген бірінен бірі алшақтап
 кеткен заманда
 ұғысу деген — мықтылық!)

Өмір бізді айырсын.
 Мейлі мен бұған қайғыдан өксіп өкінбен,
 Түндерде мейлі арпалысайын жанымда
 жанған отыммен.
 Мейлің сен тіпті басқа жанменен мен жоқта
 оңаша қалып отыр ма ең, —
 бөрібір мені ұмыта алмайсың.
 Мен сенімен біргемін
 ұғысқан алғаш со күннен.

Менің аусарлау ақылдым!
 Қақтығысы мол жер үстін басып
 жанымда өзің жүргелі,
 Қажыта алмайды мұң мені.
 Мен жиіркенемін кейбіреулерден.
 Сүю дейтіні олардың —
 төсекте жатқан түндері.
 Бұл дүниенің қасіреті менше —
 ұғыса алмайтын жандардың
 түсініскен боп жүргені.

Мен сені жүретінмін мақтан көріп,
Қызғыш боп, өсек айтқан жаттан қорып.

Өзгеше жұрттан бөлек жан дейтінмін
жоқтай бір көлеңкесі — таң кейпіңнің.

Аңқау да аңғал жансып жүретінсің,
Сезімтал, сырды айтқызбай білетін шын.

Әрқашан ақ көңілмен қарсыладым,
Ерсілеу қылығыңа сан шыдадым.

Жүрдім мен өзің жайлы ойым дырдай,
Гулеген өсектерге мойын бұрмай.

Көңілім көп досымнан кетті алыстап:
сен мені бөліп алдың шеттеп ұстап.

Қайғырсаң жүрді жаным жай таба алмай,
Дұшпаннан бар кегіңді қайтарардай.

Мұңайсам, қайғы қостың үстемелеп,
Бел бусам дедің-ау сен: «күш не керек!?»

Жарқ етсе бір жақсы ісім теріс дедің,
Мен сосын оның бәрін кері істедім.

Көрсетсем бір жат қылық мақтадың кеп
Мән беріп оған бірақ жатпадым көп,

Білмедің түбі жырақ кетерімді —
өзің-ақ мені сұмдау етерінді.

...Өзіңсіз қазір тіпті жайлы маған,
Тек қана сенің үшін қайғыманам.

Бұйтпес ең, бар-жоғымды ескермес ең,
Өзіңнен күштілігімнен сескенбесең...

Жүректі тербеп бал сезім,
Қоштастым сонда дірілдеп.
Аузымнан шықпай бар сөзім,
Ішімнен тұрдым «Күнім» деп.

Жанарың сенің қадалған,
Жаныма күн боп нұр септі.
Жиналған мынау жарандар
Қарамай бізге тұрса-етті...

Кеттің ғой сонда көп күнгө,
Қолымды неге қыспадың?
Тіледім самолеттің де
Кешігіп барып ұшқанын.

Несіне тіктің көзіңді
Сүйілмей қалған ерінге...
Сарғая күтіп өзінді,
Сағына түссін дедің бе?

Бал сезім билеп жанымды,
лапылдап жүрген шақта бұл,
жасырма, жаным, барыңды,
алдымда менің ақтарыл.

Түндерім өтті өртеніп
ойларым көзді ілдірмей.
Сендегі назды еркелік
байлады мені білдірмей.

Күңкілге толы күндізден
жаныма кейде мұң салам.
Адастырмайтын жұлдыз ба ең,
оралам кеште бір саған.

Тоқтатпай мені бақтағы үн,
жетуге саған асығам.
Сен болып сонда ақ таңым,
мұңым бір тарқап ашылам.

Нұр құйған мұңды көңілге
сен болдың маған Күн өлем.
Кездеспей кетсең өмірде,
Қайтер ем сонда мына мен?..

Біреулер менің қолымды қысса,
жаныма кейде күліп кеп,
Қызғанып қалма, жаным, сен;
сен үшін ғана құрметтеп мені
тұратын шығар жігіттер,
Қызбалық қылма, жаным, сен.

Көп қыздар саған күлімдеп тұрса
көздерін тігіп қымсына,
Қызыға қойма, жаным, сен:
өзіндей менің бақытым үшін
қуанып олар тұр шығар,
Мұны да ойла, жаным, сен.

Жаныма түсірмей күн
сен жүрсің. Ұят мұның.
Мен сені түсінбейтін
мылқау жан сияқтымын.

Кездессем жеке мүлдем
кетер деп сыр жалғасып.
«Байқамай» өтемін мен
жаныңнан жылдам басып.

Көз шіркін санаса ма —
жалт етіп бір тігесің.
Білемін: оңашада
мені ойлап күрсінесің.

Шыдаймыз қанша күнге,
Жалғыздан отты құшып.
Қайтеміз қалса бірде
жанарлар соқтығысып?..

... Бар кінә өмірде еді
(біздерде жоқ қателік):
ұғысқан көңілдерді
қоятын жатқа теліп.

ӨСИЕТ

Қаржаудың өлер алдында айтқаны

Қаржау Нарын бойында аты шыққан шешен, батыр әрі қайырымды адам болған деседі. Оның айтқан шешендік сөздері халық арасына кең тараған.

Дархан өмір! Кеткенің бе енді
күдерімді үзіп көгілдір сағым күндерден,
құр асаулардай құрық көргенде
шаңдатып асар құм белден
Алшаңдап жүрген қайран күндердің ақыры
қас-қағым сәтте келетұғынын білген бе ем!
Ажал алдында адамның бәрі
аласыз қойдай екен-ау,
бұл жұмыр жерде теңдесі жоқтай
қаншама шалқып жүргенмен
Түкірігің жерге түспейтін сен бір
тірі әулие-сынды болсаң да,
бұлтартпайды екен
мынау Ажал деген сұр мерген.

Күн көргенім жоқ
кейбіреулердей жалтаңдап, бұғып, жасқана.
Кеше гөр, алла, астамдық етсем
бақ-дәулетіңе мастана?!
Асқақтау көңілім аспандап дәйім,
Алшаңдай бастым бас имей
бір құдайымнан басқаға.
Мен қаншама асқақ болғанмен,
жанымнан жылу іздейтін
жалаңаш жүрген аш бала.
Е, менің үш арыстаным — арысым!

Үшеуің тірі жүргенде, артымдағы елдің бағысын.
Көрде де көңілім тыншымас менің
балалы үйлердің итіндей
таласып жатсаң Қаржаудан қалған тақ үшін.
Сендердің бекем беріктігіңді көрсе
дұшпандарың кетер түңіліп,
жаныңда жүрер алысың.
Ұйтқысыз айрандай ірігеніңді тілеп
қаумалап жүрген көп жаулар
табалай алмай, налысын.
Еліңе қамқор ер болып өтсең,
қастерлегенің де сол болсын
атаның ар мен намысын.

Мен бүгін өлдім демеймін:
тұлпар тұяғы сендер тұрғанда
көңіл де бүтін, бас аман,
алаңсыз аттап өлім қақпасын аша алам.
Ал ертең сендер
қатынша күндеп, бықсық ойлармен
жүрсеңдер абзал досыңның
ту сыртынан көздеп тасадан;
күңкіл күйбеңмен жер-ошақ басының
қамы үшін жүрсең қырқысып,
ондай ездерден ел былай тұрсын, қашады аң.
... Қаржаудың нағыз ит өлімі деген сол болар,
сондай қазадан сақтағай мені жасаған!..

Сонау күздің бір күні
артымда менің қимайтын далам да қалып,
Ақ әжелерден жолыма самал-бата алып,
Кете бардым киелі киіз үйден аттап,
Қиялдың жақұт моншағын жанарға тағып.

Далам менің, жаутаңдап өзің жаққа
сағынышымды өлең ғып жиі арнайтынмын,
Кендігіңді аңсап сәнді үйге сыя алмайтынмын.
Көкжиегіңе көз жетпей үйренгесін-ау —
менің ылғи алысты қиялдайтыным...
Мен білмеуші ем
өзіңнен өзге ұлылар бар екендігін,
Кейбіреулерге әлем де тар екендігін.
Таңданатынымын: жердегі жұрттың бөріне
бермейді екен деп неге осы дала кендігін.

Өсіп те қалдым бұл күнде
көлеңкесіне кеудемді құштырмай мұңның
көре алмағандардың көзіне мысқылдай күлдім.
Сенің асқақтығыңмен — тіршілікке төн
пасықтықтардың бөріне пысықрмай жүрмін.

Күн сайын төтті ұйқымнан
оятып мені беймаза қаланың таңы,
Болашақ,
саған асығып барамын тағы:
қияларға шырқар қиялмен төкаппар басып,
тұла бойымда тулаған даланың қаны.

ӨЛЕҢ

Дара күндерімнің,
нала түндерімнің
серігі болғаның үшін,
сенімі болғаның үшін
мен сені аялаймын.

Біреудің пасықтығынан,
біреудің жасып мұңынан
жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде
мен сені саялаймын.

Біреудің күлкісін көріп,
бақыттының түр-түсін көріп,
шаттанып қалған шағымда
жеткендей арман-сағымға,
қуаныштан дірілдеп денем,
алдыға күлімдеп келем.

Ажалмен айқасқан сәтте
қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі доспын дегеннің
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды білмей,
кімдерге кінә тағарымды білмей,
алдыға лапылдап келем,
жарылуға жақындап келем.

Өмірдің өткелдерінен
қиындық көп көргеніммен;
өртегі от басқаныммен,
өзіңмен қоштаспадым мен.

Көңілді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
Қатем мен жеңістерім үшін,
Менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем!

Көгалды алаң. Сүт сәуле қырды басқан
біз отырмыз жанардан арман ұшып:
еленбейтін бұрынғы жұлдыз, аспан —
бәріне таңданысып.

Теңесем де өзінді жасықтармен
бір батылдық көруді аңсап едім.
Кеткім келген кісі боп асыққанмен
жібермей қалса дедім.

Батылдық па күтпеген, жүрек пе ізгі
сені маған жіберген сүйікті етіп.
Менің балғын денемді дір еткізді
қолдарың тиіп кетіп.

Құшақтадың. Соны аңсап бір тынбап ем
(бір бұлқыныс басталды іште керім)
ашуланған кісі боп бұлқынғанмен
құшақтай түссе дедім.

Адам деген бақыттан тұншығады, ө —
шырын сәтте бойында қан тасыған.
Біздер жаққа қарауға қымсына ма, —
ай жатыр шалқасынан.

Қызыққандай біздерге дала мына,
Бара жатты құбылып шалғын-кілем.
Сонда сенің түп-тұнық жанарыңа
тұтқын боп қалдым білем...

КЕЛІНШЕКТЕР

Гүлшат, Рузияға,

Ағалар біздің бекерге
жүрмеген екен өздеріңді көңіл күні ғып,
Олар әйтпесе көз салмайтын-ды
көрінгендерге бұрылып.
Енді ойлап тұрмын бұлаң шақтарда
неге жүргенін олардың
тентек көңілмен тылсым түндерге ұрынып.
Асқақтық пенен нәзіктік —

бәрін бұлғын кеудеге сыйғызған
сендер екен ғой жұрт тамсанатын ұлылық
қыңырлау біздің қара кемпірді көңілшек етіп
жіберді-ау,

осынау тұнжыр жанарлардағы жылылық.

Армандай сырды ақтаруға келсең, айтқызбай
алады бұлар көз қарасыңнан ұғынып.

Бұл не деген бал қылық — бір көре қалса бейжай
жанның да жанарына жарқын өң берген,
арылтып бір сәт бейшаралық пен мең-зеңнен,
әйелдер деген құдіретті күштің бар екенін

сонда бір сезім, сабыр ете алмай сенделген.
Кімсіңдер сендер? Қызғалдақ па сендер, адамдар
бірінен-бірі қызғанып төрер белдерден?

Әлде түн сайын ақындардың көзін ілгізбей
бұрқанып жатқан бұла жыр деген сендер ме өң?!
Жігіт біткенде өртеніп күйіп кетті дем
сал сезімдерге атой салғанда отты ірең.

Асқақ жандарды шырқау шыңдарға самғатқан
сендер ме деймін қол жетпес сонау көкті мен.

Сендерді көрсем,

даланың дархан жігіттері құшқан арулар
осындай ылғи деп білем!

ӘЙЕЛДІҢ МОНОЛОГЫ

Сенің от құшағыңда
дүниені ұмытып талықсыдым.
Жүрегімді өртеді жан ыстығың.

Мынау байтақ далада тек екеуміз
жүргендейміз айналып ғарышты мың.
Көзімді ашсам шырын сәт көзден ұшып
кететіндей жанарды тарс жұмдым.

Сен аймалап алқындың,
одан сайын есімді шығардың да,
мен балқыдым көміліп қылаң нұрға.

Жақсы сөздің барлығын саған айттым,
ішімнен бе, әлде үн шығардым ба...

Сен жанымда жүрдің де
жанарымды толтырдың жылылыққа
(жан жылуын балар ем ұлылыққа)
тәттілігін сезіндім бұл өмірдің
өр күніне тоймадым құнығып та.
Қайырымды да боп кеттім. Қатыгез жан
дірілдеген жүрекпен сыр ұғып па?!

Бірақ өзің айныдың.
Ұмыттың да жастықтың жұмақ күнін,
сен мысқылдап, мен болсам жылап тұрдым.
Өмір деген бұрқанған дарияға
бұрымымнан ұстап ап лақтырдың.

Сонда ғана есейіп, бұл жалғанда
бәрі алдамшы екенін бір-ақ білдім.

Сенің от құшағыңда
ардан аттап, қалдырдым пәктігімді,
ләззатқа батырған ақ түнімді.
Айырдым мен аяусыз енді кимес
ақ көйлекті тігілген сәтті күнгі...
... Мен күнәкар емеспін ар алдында,
Құдайың да кешеді тап мұнымды.

Мен бір қызық адаммын:
қатал тағдыр сілкілеп мың сынаған,
Құлап тұрып сонда да тыншымаған.
Жұртқа деген ызадан булыққанда,
Сені орынсыз азаптап ұрсып алам.

Сен асқақсың — білемін.
Маған ғана иіліп кішіресің,
(Иілу де бұл күнде кісіге сын)
Қуаныштың мен үшін не екенін
бұл жалғанда сен ғана түсінесің.

Жыр жазбасам жабығам,
Онысыз маған дүние жел өтіндей,
Жұрт ұқпайды — жүрем мен неге күлмей.
Ал сен болсаң қайрайсың, құлшынтасың,
содан саған бір пайда келетіндей.

Жандар көп қой,
Жанашырсып жүретін көтермелеп...
жанымдасың, болғанмен мекен бөлек.
О, мен кейде қорқамын көп ішінде
жалғыздықтан жарылып кетем бе деп...

Мен өзгенің көзіне
асқақтаған адуын, мұңсыздаймын,
Ұқпайды олар — көзімде тұнсын қайғым.
Жыласам да, күлсем де — мен әйтеуір
сенің ғана алдыңда қымсынбаймын.

Сен жақынсың жаным,
Мейлің тіпті менімен күн-түн егес,
Өзгелермен күлгенім — күлкі де емес.
Дос көп болсын деседі-ау. Сендей достың
көп болуы адамда мүмкін емес...

Дархан дала. Көлбеңдеп сағым қырдан,
Жанарыңда от ойнап жалын нұрдан.
перзенттері жүреді дала десе
еткісі кеп бойдағы барын құрбан.
Әйтеуір бір мінез бар бұл далада
алды-артыңды ойлатпай табындырған.

Жігіттерін көрсең-ау —
арғымақ ат астында алшаңдаған.
төуекелден алдына жан салмаған
адал ниет жандардың намысы үшін
бұйым емес от-жалын салсаң да оған.
Адамсынған жандарға асқақтығы —
«Құдай» өзі келсе де қарсы алмаған.
Шыбын құрлы оларға
дұшпанының ататын тас кесегі,
Жауласса оның хақ екен бас кесері!
Бір сенімін ақтасаң, ғұмыр бойы
балап өтеді айнымас досқа сені.
Ел басына күн туса, тоқтатпайды
оны жардың жас құшақ, жас төсегі.

Отырмайды олар,
жасқаншақтап жаныңның күйін бағып,
Қарамайды жалтандап жиі ұрланып:
құшақтаса — табынып ару біткен
е демейді кетсе де қиырға алып.
Бұл даланың от мінез жігіттері
сүйеді ылғи осылай күйіп-жанып.



Көрінбей кетсең, сені мен
көруге сонша құштармын.
Жаныма жақын келіп ең —
келмеді бірақ тіс жарғым.

Жүрегім талай алқынды-ақ,
Бір саған арнап мұң-әнін.
Жиында жұртқа жарқылдап,
Көзге ілмей сені тұрамын.

Құдыққа барсам, қарадым
ат суаруға келгей деп.
Түңілтіп кетіп қаламын
түсімнен жылу бермей көп.

Жанымда арман, мақсат көп
екеуміз ғана ұғысар.
Сонда да саған асқақ боп
көрінуге мен тырысам.

Қыздардан өрлік қалған ба —
құлай сүйсе де шектелген:
сен алғаш сүйіп алғанда,
Ашуланған боп кеткем мен...

Өлең көп деп біреулер жазғырар ма
махаббат, сезім жайлы.

Олар, әттең, мендегі назды ұғар ма
жолдар келіп тұрғанда өзің жайлы.

Өзің жайлы —

өкініш, өсегі мен
құштарлығы тағы мол өмір жайлы:
құштарлығым күн сайын өседі де,
Қуаныштан тәттірек со бір қайғы.

Өмір — сенсің, дүниені ұмыттырып,
Өзіңді құштыратын.

Ішіп-жеген жанарыңда үміт тұнып,
Күттіретін біткенше күш-қуатым.

Сенсіз жырмен жоқ менің тілдеспегім,
Қайтем енді біреулер оны ұқпаса...

Бұл күнәкар тірлікте жүрмес те едім,
Өзіңмен жолықпасам.

Жанымда жүрші
 аласармайтын армандай асқар тауым боп,
 Шілдедегі аппақ жауын боп.
 Сенімен жүрсем —
 мынау жалғанда мен көтермейтін ауыр жоқ,
 Бет қаратпайтын дауыл жоқ.

Сенсіз күндерім;
 бұлыңғыр күнгі көңілсіз күңгірт екінді.
 Сөзбей-ақ күннің шуақ сәулесін,
 Жұпар самалды не түнгі
 өмір кешетін сонда да мәз боп өкінбей
 ойсыз байғұстар секілді...

Жанымда жүрші
 көңілімнің арай рауандап атқан таңы боп,
 кіршік шалмаған менің әжемнің ары боп.
 күйдіре түссін өзімшіл мына жүректі
 сендегі сөнбес жалын от.
 Әйтеуір осы тірлік дегеннің мен үшін
 өзіңсіз ешбір мәні жоқ.

Мені еркелетіңдер —
тым азып кеттім.
Жаутандап қалған жетімдей
құлазып кеттім.

Асау жүрек те бұл шақта
басылып қалды.
Арман жұлдыздар моншақтай
шашылып қалды.

Өзімнен өзім жиіркендім,
көрместей болып.
Армандап жүрген ертеңім
келместей болып.

Жанымды жылжып құшты мұң,
Жабығып кеттім.
Алақандардың ыстығын
сағынып кеттім.

Мені еркелетіңдер
жүдеген сәттерде.
Жырақта қалсам жетіңдер
бір туған әпкемдей.

Сонда бір жасап қалайын
бұлақтай толып.
Қайтадан сосын жанайын
шырақтай болып.

ТҮС
НЕМЕСЕ МЕН МАХАМБЕТПЕН
ҚАЛАЙ КЕЗДЕСТІМ

БІРІНШІ КЕЗДЕСУ

Ей, өнер құған жарқыным,
өлең құған жарқыным!
Балауса балғын лапылдап тұрған шағың бұл,
айналаң тұнған сағым-нұр.
Қара халықтың қамы үшін жауға
жалын жастығын ұрлатып
егеулі найза қолға алып жортқан түн қатып
бабаңды бүгін ұрпағым болсаң, табындыр!

Жатқаның мынау
түнжыр түндерде
ұйқыға батып албырап,
осындай дәурен туғанда саған,
хақың жоқ сенің қалғымақ!
Ұмыттың ба әлде сонау заманда
елің жатқанда қалжырап,
игілігі боп дұшпанның ғана
далаңдағы шалғын бал-құрақ,
бақыт тапсам деп сары дала жонда
сарғайып жатқан халқына,
азаттық іздеп шарқ ұра
арманмен бабаң аласұрғанын
аш арыстандай қалжырап?
Намысқой, өршіл, асқақтығымды менің,
ұрпағыма мәңгі мұра ету —
осы емес пе еді бабаңдағы арман,
бар мұрат?!

Отты үнің қайда,
өртті үнің қайда жүректі асаудай тулатқан,
найза көздерін салғанда,

басымның қамын жеп пе едім?
Елімнің азат өмірін ойлап дертті едім...
Сен енді мынау мамыр көктемдей өмірде
кеуденді соғып «ақынмын» дейсің —
сандырақ!

Ұйқыңды аш, қане,
сөзіме менің сал құлақ.

Ақ найза алмас жырымды менің
қалғандай бүгін тот басып
тұратын еді-ау от шашып!
Ақынмын дейсің,
күйбең тірліктің күйкі күндерін
жүрсіндер жырлап жаттасып.
«Сүйдім» деп зарлап жырлайтындарың сондағы —
өмірде тіпті жоқ ғашық.
Әлі де мынау жұп-жұмыр Жердің үстінде
қайғырып жүрген Адам бар,

шындықты айта алмай қаймығып жүрген Адам бар,
өділдік күтіп солардың бәрі
ақ үміт, аппақ ниетпен
өзіңе қарап алаңдар,
шын ақын болсаң, соны аңғар!

Мына мен бабаң
қара басымның рақаты үшін
күресіп өткен деп пе едің,
сұлуларды өртеп өрт демім.
Қаныпезер хан да жүзімді көріп
қорқыныштан естен таңғанда,
сиқыр ханшалар сайқалдықпенен
сол үшін ғана кекті едім.

Ей, өлең қуған жарқыным,
Өнер қуған жарқыным,
өтпесін сенің дұшпан ұйқымен әр түнің.
Мен үміт еткен ұрпағым болсаң, қалғыма,
өнеріңнің көрсет алмас қылыштай жарқылын.
Бұл жұмыр Жерде ұлымын дейтін халық көп,
көрсеткін сен де еліңнің айбат, ауқымын!
Сенің қамыңмен рақаттан безген бабалар
көрінде тыныш жатсын-ау десең,
шалқығын!

Қай заманға да
дауылпаз екпін үн керек,
найзағай-сынды жыр керек —
сол болсын сенің
халқыңа деген тартуың.
Бұл кім деп өзі қаймыға қарап тұрсың сен,
сескендірді-ау деймін қарқыным.
Кей пенделерге
тот басып қалған ақ алмас,
шын ұққандарға — халқымның өшпес
даңқымын.
Зұлымдықтарға бас имей кеткен өрлікпен
Мен Махамбет деген жалқымын!..

... Осыны айтты да,
тарлан ат мінген жолаушы
алыстай берді болаттан сауыт құрсанып,
тұлғасының өзі — жыр-шабыт!
Мен ұшып тұрдым
дірдектеп қорыққанымнан,
Кетердей мені алмас қылышпен бір шауып.

ЕКІНШІ КЕЗДЕСУ

Думанмен өтіп күндерім,
жиын-тойларда
шалықтап шырқап айтам ән,
көңілімде көктем.
Жасыл теректей жайқалам.
Қаумалап жүрген көп жанның бәрін дос деймін.
(Жауыздықтарын кездерім де жоқ, байқаған.)

Армансыз, мұңсыз
көгілдір дүние қойнында
Ұйқыға кетем, жай табам.
Ұмытқам сонау түсімде
келген ер Махамбет ақынды.

Таң алды білем...
Тарланмен жетті қайтадан.
... Атаның жолын қуар деп,
көп үміт артқан бала едің,
өзіңмен ашық сырласуға зар едім.
Асқар тау тұтқан
ардағымнан ерте айрылып,
жалғыздығымнан
зарығып өткен жан едім.

Ей, менің қасиет тұтқан кең далам,
сонау бір кезде достыққа неткен тар едің!
Жатырсың, балам, көгілдір күндердің
думандарымен арбалып,
таңданбастарға таңдайыңды қағып,
таңданып.

Күні түскенде, сүйеніш болсаң,
айнымас дос боп көлкіген
арамзалардың жалған сыйына
алданып,

Кейіндеу қалсаң, күні ертең олар
жиіркене қарар сен жаққа,
танымын деуге арланып.
Ілгері кетсең,
ту сыртыңнан көздеп тартады
қорамсадан оқты қолға алып.

О, шіркін, досың болса ғой,
сонау бір өткен
Исатай-сынды асылдай,
өзімсінгенге жүретін дәйім
титтей де сырын жасырмай.
Досына деген, еліне деген
бір ыстық сезім бойында
лапылдап жанып басылмай.
Жарамсақтарға шашылмай,
мықтысынғанға бас ұрмай...
Арыстаным еді-ау Исатай,
дұшпанына келсе — көктемедегі жасындай.
Жанына құрбан болсам-ау деген мен бейбақ
артында қалдым маңдайда сорым ашылмай,
жанымның шері басылмай.
Қансырап қалған сыңарын көріп шарқұрып,
шыр айналып ұшқан лашындай.
Кім еді маған Исатай?
Құрдасым да емес бала шақтардан бірге өскен,
қандасым да емес жалғыз құрсақта күн кешкен.
Аталасым да емес, танысым да емес ол менің,
кездестірмесем өтер ем атын білместен.
Басталды-ау бәрі бір кештен...
Көкірегі тұнған шер-қайғы,
Жайықтың бойын жағалап жатқан ел жайлы
сонда мен алғаш Исатайменен тілдескем.
Мейірімге толып жанары
жалт етіп маған сүйсінген жүзбен қарады.

сол күннен біздің өмірге, елге
махаббатымыз үндескен.
Халықтың асыл ұлы еді,
арманға толып жүрегі,
Қазақтың байтақ даласын,
аш, арық бала-шағасын
жеткізсем дейтін бақытты жұмақ күндерге,
өмірін арнап соры арылмаған мұңды елге.
Осы еді-ау оның бар арман, мақсат, тілегі.
күрмеуге келмес, қып-қысқа жіптей жалғанда
Исатайдай досты көрмесем,
түн қатып жүріп арман мен мұңын бөлмесем,
мен Махамбет болып қалмас ем.
Қараңғы түнде найзағай жырмен
шамшырақ болып жанбас ем.
Тіл қатпай тұрып ұғысушы едік.
О, сол бір адал достығым,
ақындығымның да, батырлығымның да арнасы ең!..
Жортуылда жүріп армандаушы едік
келешекте атар таңды әсем.
Ей, балам, сатқын жарамсақтарға алданбай,
сол бір достықты жалға сен!
Достық дегенің мөп-мөлдір бұлақ сөкілді,
Шырқатар асқар белеске,
Ұлылық та — сол, қалдырар мәңгі ел есте.
Біз жортқан сонау жапан тұз дала Маңқыстау
достықпен түлеп өркендеп жатыр емес пе?!
Шырқа сен адал достықты жалын жырыңмен,
Жасампаз асқақ үніңнен
ақ самал ессін далаңның төсін тербетіп,
Жаулықты білмей,
достықтың ұлы мейірімімен ғана ер жетіп,
Халқыңның балғын ұрпағы өссін сол үнмен!

ҮШІНШІ КЕЗДЕСУ

Кешіріп бастан қатал күн,
тентегі елдің атандым.
Тағы да келген сыр айта
Махамбет-сынды атаңмын.
Өрім жас албырт ұрпағым,
өмірдің құштың нұр таңын.
Азаттық, еркін заманда
еркелей қарап ғаламға,
өрлерге талмай шырқадың.
Қатыгез қабақ тірліктің
көрмедің боран-бұрқағын.
Нұр ойнап балғын-бал өңге,
қарайсың мәз боп әлемге.
Адамның бәрін өзіңдей
бақытты дейсің бар елде.
Назарынды салсаң жыраққа,
зарлы үндер келер құлаққа.
Суырылмай, жүзін тот басып
қылыштар жатыр қынапта.
Әділет, шындық таба алмай,
өмір бір тозақ аралдай,
теңсіздіктерден түңіліп,
тұншығып демін ала алмай
жүргендерге жырды арнағын,
жігер-күш берсін саңлақ үн!
Шын ақын болсаң, тартынба,
найзағай болып жарқылда.
Жер ошағыңның басында
бақытыңа мәз боп қалмағын!
Күнәсіз бірді даттайды,
біреуден бейуақ бақ тайды —
әлсіздерді әлі бір жерде
күштілер тапап таптайды, —

ақынға жердің бетінде
болмайды ешбір жат қайғы.
Әлемді үйім деп қарасаң —
озбырлық, өсек жан-жағың.
Шындығын айтсаң өмірдің,
аузыңнан ешкім қақпайды —
заманың сені жақтайды.
Өмірдің күтіп ақ таңын,
шабытпен жырды баптадым.
Әйтеуір қатал тірліктен
әділет іздеп таппадым.
Шындықты айтқаным үшін мен
ақсүйек тапқа жақпадым.
Сонда да тынып, тынбадым,
шырқадым елдің мұңды өнін.
Алапес мынау өмірдің
аңы шындығын жырладым.
Қуылдым, дала шарладым,
сая бола алмай қырларым.
Үмітім сенсің, жас құсым,
түлеп ұшатын тұғырдан.
Тек шындық күтем мен сенің
ақ алмас жүзді жырыңнан!

Елестеп таныс денең,
есті алды күндей мүсін.
Жүрсең де алыс менен,
соны сен білмеймісің?

Тартпайды үйге қарай,
көңіл де алаң бүгін.
Түстім бұл күйге қалай,—
өзіңсіз қараң — күнім.

Ойлайтын өрмегім — сен,
ешқайда шықпадым да.
Неге ерте келмедің сен,
жайымды ұқпадың ба?

Шаршатты қанша мың ой
өзіңсіз кездерімде.
Сені ылғи аңсадым ғой,
айтшы, сен сезбедің бе?..

Көкетайым!
 Өзіңді сағындым-ау.
 Құлазыған көңілсіз шағым мынау.
 Алатаудың басынан қыс келді ме —
 бұрқан-талқан — көңілім. Жаным — қырау.

Күн санаймын,
 күйзелгенім — көзімде тұрса қайғым.
 Жылжымайды сағат та.
 Сен кеткелі
 жүзі аугандай бір емес, біршама айдың.

Жабығамын.
 Сенсіз қалай бұл күйден арыламын.
 Асып-тасып қалайын алғаш рет
 көріскендей,
 тез келші, ақ лағым!

Жүрші, жаным,
сапарларға шығайық, құлшынамын.
Кең далаға үйренген қайран басым,
мынау күңгірт бөлмеде тұншығамын.

Қол ұстасып,
меніменен ұзақ жол. жорыққа шық.
Қысқа өмірде күйзелмей, күйбеңдемей,
бір жүрейік қайда да толып-тасып.

Түнеп шығып аты аңыз қалаларға,
түстенейік порттар мен жағаларда.
Қатері мол тірліктің күлкі-азабын
бір көрейік, сүйіктім, дара қалма.

Серпілейік,
кеттім ғой түршігіп мен
күңкілдерден алумен күрсініп дем.
Бар тілегім — сақтағай екеумізді
жайбарақат топас бір тіршіліктен.

Жүрегім — гүл
сәулелі таңды құшқан.
Бұл күндері шалқар бір теңіздеймін.
Көп жандардың ішінен, әр бұрыптан
шыға келмес пе екен деп сені іздеймін.

Сені іздеймін
(Мен шағала, сен әлде шалқармысың?)
еш нәрсеге жанарым тұрақтамай.
Сенің мынау байқатпай тартар күшің
мені ылғи да осылай шыдатпағай.

Шыдатпағай,
пыр айналып ұшатын шағаладай.
Шашырасын бақыттың нұры өңімнен.
Сен жүргенде шалқиды дала қалай,
Көрмегендей өгейлік бұл өмірден.

Бұл өмірден
өтейін сені іздеумен
шыбын ғұрлы көрінбей белес-белі.
Қазір менің дауылды теңіз кеудем
сені көрмей тыншытын емес тегі.

Оралдым сонда үйге мен
мас болып бір бал сезімге.
Пақырлық екен сүймеген
жалындап тұрған кезінде.

Жүрегім — алау, от — дене,
Бақыт нұр шашып жанарым.
Жерде ме, әлде көкте ме,
әйтеуір кетіп барамын.

Ән салып сонда жатты өңір,
Әлемде күңгірт мұң қалмай.
Адамның бәрі ақ көңіл
күлімдеп маған тұрғандай.

Сарғайған дала құлпырып
Көктем боп кеткен секілді,
Самал боп өпті ынтығып
күз желі менің бетімді.

Келемін құшып таң нұрын
білмеймін қайда, қай бағыт.
Кетсе де мейлі дәл бүгін
бақыттан басым айналып.

Алтын арай атқанда таң нұрланып,
Жыр-көктемнен құлпырды дала-кілем.
Құшағым — гүл. Келемін бал-бұл жанып
жастықтың алаңымен.

Қыз арманы секілді алғы уақытым,
Шырын сезім жүректе, жанарда да.
Әлем сыйлап тұрғандай бар бақытын
жалғыз-ақ маған ғана.

Жастығыма болғандай уақыт ғашық,
Жетелейді өмірдің бағына өсем.
Сезім көлі — жанарың бақыт шашып
келесің жанымда сен.

... Талқысы мол тағдырдың бір басында,
Ұлылықты хауіппен алыстырған;
бас иеміз сонда да бұл ғасырға
екеумізді табыстырған.

Екеу-ақпыз. Отырмыз тіл қатыспай.
Сен Күншығыс, мен бейне Күнбатыстай.
Бұл үнсіздік қанша күн өмір сүрмек,
Жүруші ек қой қайғы да, мұң да құшпай.

Неге-неге осынша алыстадық,
өліп-өшкен жүректі жаныштадық.
Сен отырсың жігіттік өрлігіңмен
иілуге алдымда намыстанып.

Менде ме деп бар кінә, мұңға баттым,
құптамаппын бас иіп, тыңдамаппын.
Көтергендей аспанды мен де отырмын
нәзік жыныстығымды бұлдап-ақ тым.

Қойшы, жаным, пайда не бұдан ұтқан,
жүдеу тартты дүние, құлазып маң.
Біз екеуміз «сыймаймыз», несіне онда
татулықты күтеміз мына жұрттан...

Налып келдің соншалық, тұнжырадың
өсегімен біреулердің.
Мен де өзіңмен қосыла қынжыламын,
мұндайда жүдеулеумін.

Қабағыңнан —
менен артып жан ұққан ба! —
іздеймін күлкі таңын.
Табынарым — сен бұлай жабыққанда
мен кімді пір тұтамын...

Жақсылықтың бәрінен түңілмеші
бір-екі жаман үшін.
Қайғы етесің, жаным-ау, мұның несін
болмаса жалаң ісің.

Түңілер сәт шындықтан өтер кейде,
өшетін үміт, сенім...
Бірақ өмір шарт мінез. Көтермейді
күйректігін жігіттердің.

Сен үшін сонау алыстардағы елес ем,
осынша мені арман қып келдің неге сен.
«Сыртыңнан сүйіп жүретінімді
сезуші едің ғой» демесең
мен саған ғашық емес ем.

Бас иген көп-көп бозбалаларға паңдана
асқақтау басып, бақытты болдым. «Сонда да
жан-жүрегіңді толтырар бір жан
жетпей жүрді ғой» демесең
мен саған ғашық емес ем.

Бір дауыл сәттің соғарын сезіп жүргенмен,
сен екеніңді білген бе ем...
Әйтеуір, жаным, «бұл күнде менсіз
жүре алмайсың ғой» демесең,
мен саған ғашық емес ем.

Самолетке барамын көтеріліп,
 Көкіректі күдік-жел өтеді ұрып.
 Асау көңіл жабығып осындайда,
 оралмастай көрініп кетеді үміт.

Жалтаңдаймын «қалайша ол жетпеді» деп,
 көтеремін тырмысып өкшені көп...
 Сонау тұрған көп жанның арасынан
 сенің жүзің елестеп кетсе еді деп.

Орап жақсы сөздердің құндағына,
 достар қалды қолдарын бұлғады да.
 Жетпейді ғой өзгенің ақ тілегі
 тіл қатпай-ақ өзіңнің тұрғаныңа.

Үнсіз-ақ сен тұрар ең жанымды ұғып,
 (Түсіну де, меніңше,

дарындылық)

Сенің келмегеніңнің өзі-ақ мені
 оралдырар мың есе сағындырып.

ҚАРАҚШЫНЫҢ СЫЙЫНУЫ

(Көне зынданды көргенде)

Әуелі алла,
сонан соң Бекет әулием!
Аруағыңа бас идім!
(Сыйынарым өзің болғанда, мен неменеге жасимын!)
Атаңа нәлет Талас бай сілекейімді шұбыртты
маған деген зынданды жанынан қазып ас үйдің.

Мен жиһангер атанғам
сойыл, шоқпарды бақ қылып,
жортуылменен далаға дабыл қақтырып!
Менен қорыққан сәттерде ақсарбас шалып, «аллалап»,
өзіңе сыйынып жатты жұрт.
Талай мырзалар дірдек те қақты алдымда менің,
сасқаннан орындарынан шақ тұрып!

Далада кеңдік болғанмен,
қорқау көңілдер тар мұнда.
Бағы бар иттер шалқайып жатыр ақ отау тігіп
шалғынға.
Сол байғұстардың «бақ» дейтіндері сорлы мал
бір түнде ғана кете баратын олжа боп менің алдымда.

Даланың кеңінен не пайда,
көңілдер көрдей тар болса...
Азғантай ғұмыр арпалыспен өтті аңдысқан тағы
аңдарша.
Жағымпаздық пен бақастық тұнған мынау заманда
мендей боп төнтіреумен өткен жан қанша!
Әділет іздеп арпалысқаннан не пайда,
Зынданда шіріп қалған соң..

Жоқ, жоқ! Көңілім, жасыма!
Пендешілікпен сайқал дәуренге құмартып.
Өмірдің өзі қарақшы қылса,
өкінерім жоқ бұған түк.
Иә, Бекет әулием,
жаныма жігер бере гөр!
Итшілеп өмір сүргенше,
көкжал боп өлгенім мың артық!

* * *

Келесің дәйім шілденің
от күні болып, ынтығып,
Құшағыңда құрып сүлдерім
шыға алмай қалам бұлқынып.

Кетеді сонда жон аттап
төкаппар менің өрлігім,
жанарда жүрген қонақтап
қоңырқай күздей сорлы мұң.

Сендегі сезім селінен
еркелей тұрып жасқанам.
Сүйе ала ма екен беріле
біз екеуміздей басқалар...

Сенімен еріп үйге бір
келеді шуақ жылытып.
Тірліктің күйтің күйбеңін
кетемін сонда ұмытып.

ҚАРҒЫС

Еркіндік пен күреске ұмтылған «Қара континент»
өйелдері туралы толғау

Дауылды менің ғасырым!
Ұлылығыңа, қайсарлығыңа бас ұрам.
Сендегі құйын екпінге ере алмай
жүргендер үшін ашынам.
Табына алмайтын бейшара жандар сұсты
кейпіңнен шошынып, ұрмай-соқпай жасыған.
Перзенттігім саған шын болса менің, бықсымай
қара түндерде отты ұшқын болып шашылам
немесе құм боп басылам!
Әйтеуір, бейжай жүрмеймін мына ғасырда
дүлей теңіздей тасыған.

Өйткені менің заманым —
кезі емес кеште отырар қамсыз қызықтап
кештің самалын
сүйікті жанға жақындай алмай жаутаңдап
тігер жанарын.
Жұмыр Жер үстін жұмақтай көріп басатындардың
кезі емес ойланбай әрбір қадамын.
Бұл ғасыр деген — дәуірі болған о бастан
соғысты кешкен сәбидей ерте жетілген
ой мен сананың:
тобырлар менен дараның:
қайсарлық көрсе жаси қалатын
бұйығы бейшаралар мен
ұлығатты ойлы дананың.
Күлкімен қатар көз жасын көрсең, оған да
таңданбай, танбай қарағын!..

Өйткені бұл кез — ғасыры
күңкілге толы қала мен тағы келбеті
өзгерген даланың,
башпайға түскен ұзындықтар мен
сандардан асқан қысқаның,
жас ұзарту мен емі таптырмас жараның,
адалдық пенен айнала беріп сатудың
және де ащы шындық пен желім жаланың.
Бұл — кезі құздан құлдырау менен шырқаудың,
аңқау боп қалған ақ бастылар мен
ақылгөй туған баланың;
амалы біткен әлсіздер менен өктемнің,
Алдамшы Ақ пенен қасиетті Күндей қараның.
Лапылдап өрттей сүйгізетін не өлердей
жек көргізетін де құдіретің сенің, заманым!
Біздің даланың жігіттеріндей айбатты,
тәуекелің мен мәрттігің үшін қаладым.

ТАМ-ТАМ ЫРҒАҚТАРЫ

Бірінші ырғақ

О, гитара, сайра-дағы
балқыт балғын денені сен!
Балқыт мылқау айналаны
мен жылаймын, сен егілсең.

Ішкі шерлер тарқасын да,
ұмыттыршы қараң күнді.
Қайғы тұнған өр тасында
еркелесін далам мұңды.

Сенен шыққан мұңға елітіп,
жанарымда жалт ойнасын.
Бар үмітті түннен күтіп,
жүрген жандар қартаймасын

Құшағында қара түннің,
қызу қандар тыншыған ба?!
Құштарлықтан жаратылдым,
қара ормандар сыңсығанда.

Сайра,
жұртты жасқандыра,
ұғынбаған құлақ талсын!
Ойға батсын жастар мына,
қарт негрлер жылап та алсын.

О, гитара сұңқылдаған,
қара түннің сырласы ма ең?
Төндіргенде бұлтын ғалам
тыйылмаған түн жасы ма ең?

Сен сайрасаң, қандар ысып,
бір бұлқыныс басталады.
Сиқыр сағым алдан ұшып
қара түннен жасқанады.

О, гитара, сайра-дағы
балқыт балғын денені сен.
Балқыт мылқау айналаны
мен жылаймын,
сен егілсең.

Жылағаным — ашынғаным,
әуеніңді үдетші үзбей!
Ал ашынсам — басылмадым
қара Жерді дір еткізбей!..

Екінші ырғақ

Кетсе де бақ тасаға,
сен жалғыз бақсың маған.
Тақыр қып таптаса да,
ешкімді жатсынбаған,
ешкімге таңданбаған,
о, менің аңғал далам!

Келгендер шарық табан
сені еміп тойынуға,
өктемсіп шалықтаған
өндетіп қойыныңда
төсіңді арамдаған,
о, менің адал далам!

Топастар жанды ұға ма —
еселер қайғы-мұңды.
Тентіреп қаңғығанға
ақтарып байлығыңды,
құлазып құлдыраған,
о, менің мұңды далам!

Даланың ұқпай мұңын
жүргенге өшігер ем —
өлсізбін, шықпайды үнім...
Қайткенде төсіңе мен
бақ құсын қондыра алам,
о, менің сорлы далам!

Күтумен әділетті
жылаудан жасы кепкен
өңінен өрі кетті
қайысып қасіреттен,
сонда да жалтармаған,
о, менің дарқан далам!

Үшінші ырғақ

Басыңдар сазды әуенге
қара түндерде күй тынбасын,
сылқым қимыл мен сұлу мүсіндер
бейжай әлемді сиқырласын!

Қара түндерде
сері сезімдер ойқастасын,
қамау кірпіктер айқаспасын,
күндіз көрінбес балғын денелер
сезімдерге жай тастасын!

Қасіреттерін күндіздің
адал түндерге дарытпасын,
адам түндерде тарықпасын,
күндіз қол жетпес еркін сәттерде
құса көңілдер шалықтасын!

Тынбасын билер
түргенше ару Күн іргесін,
мұң толы жанар күлімдесін,
түндерде аппақ сезімді жандар
күндіздерінен түңілмесін!

Төртінші ырғақ

Мен қарамын —
қасіретім бұл маңдайда сорым болған,
азап-мұңның қадады оғын жалған.
Жетімі етіп бұл тағдыр Жер үстінің,
зұлымдықтың жарына соғылды арман.
Мен қарамын —
табиғаттың мен де бір перзентімін,
арқалаған бейнетін Жер бетінің.

Ақ көңілім, таза арым — жазам менің
қаралығым — бар күнәм, кем-кетігім.

Мен қарамын —
қасиетті түндердей адалдығым,
жүректерді өртеген жанар нұрым.
Мен сұстымын қарғаудан сұм тағдырдың
маған деген бақытқа сараңдығын.

Мен қарамын —
табиғаттың өзіндей сұлуымен мен,
қаным ыстық құйылған қызу күннен.
Бір әділет күтумен бұл жалғаннан
қара тас боп ішімнен тынып жүргем.

Мен қарамын —
қаным сіңген қара жер таң құшпаған,
таң құшпаған, содан кек-арды ұштағам.
Сезе тұрып күшінді бұрқана алмай...
О, дәрменсіз сорлылық — қарғыс саған!..

Негр қызының бірінші монологы

Қасиетті түндерде,
қасіретті түндерде
құштар жандардан,
ыстық қандардан
жаратылдым,
демеймін дара тудым.
Алаңсыз күлімдеген,
қайғыдан түңілмеген
мен сәби болатынымын.
Ананың көкірегінен,
даланың от іреңінен
сезімнің пәктігін алғам.

Күдіксіз көңілде бір күй,
күтуші ем өмірден ылғи
туардай сәтті күн алдан.

Көңіл шат. Мол-ды арманым.
Жоқтықта қорланбадым,
білмедім жабығуды,
мұңайып қамығуды
күдіктер жат-ты маған,
еліктей шапқылағам.

Ақ қызбен жарысқанда,
мен кеттім алысқа — алға.
Сонда олар күлкі қылды:
«Сен лас, тағысың» деп
мен алғаш намысым кеп,
қарғадым түн түрімді.

Негр қызының екінші монологы

Мынау қарғыс атқан заманда,
арды сатқан заманда,
қасқая қарап сескенбей
жын қағып кеткен ғаламға,
халқыма теңдік іздеген,
шындықтан күдер үзбеген
менің де сорым бес елі.

Жүрегім кекті, көңіл кем,
Нұр тайып албырт өңімнен,
әділет пенен шындықтан
жұрдай боп тұрған өмірден
не көрдім дермін ғасырға
осынау отызға жетпеген жасымда?!
Ала алмай кеткен есені.

Халқымды қорлап кеміткен,
жерімді таптап желіккен
мықтылармен алыстым
қиындықтарға көніп мен,
еш пендеден кем еместігімді паш қылып,
қойса да заман көмейіме менің тас тығып.

Жалтақты көзге ілмедім,
жылағандарға күлмедім,
әлсіздердің алдында
күштісінуді білмедім.
Еркіндікті аңсар көкірегімді қысты-ау бықсығы
мынау «мәдениеттілер» салған түрменің.

Негр қызының үшінші монологы

Негрдің байтақ даласы —
мекенім менің бақыттылыққа тапшылау,
қасіретімен, тақсіретімен жаныма жақын,
жақсылау.

Қайырын бермеген көк түтін завод,
космостық алып алаңдар,
көкірегіңді сорып, қозғалтпай қойды тас бұғау.
Солардың бәрін сыйғызған саумал кеудеңнен
өз перзентіңе сая бере алмай
қасірет шегіп жатсың-ау...

Мен қызың ем
ақ үмітпенен еркіндіктерге талпынған.
Сүйіктімменен күн кешер ем-ау басым айналып
балқудан.
Мен саған сені қастерлеп өтер
қызу қанды ұлды сыйлар ем,
«аналап» ерер артымнан.

Азабыңды сенің көргенде бірақ,
бар бақыттардан безіп мен
тағдырыңды ойлап алқынғам.
Мен енді саған өзімді тұтас арнадым,—
қанымды сорса да қастерлі жолдан тартынбан!
Сен үшін менде жан құрбан!

Сені «тағы» деседі
сұрғылт пенделер тентіреп келген
ұмытып елін, мекенін,
(Соларға қаным қайнамай енді не етемін?!)
құштарлықтардан мақұрым қалған
сорлы кеуделер ұққан ба
тағылым деген табиғаттай пәк
тағылықта ғана екенін!
Олар білмейді —
қорлауы мен кемітуінің өзі
есейтіп мені кетерін.
Мен өкінбеймін,
ағылсын мейлі жүрегімнен менің жосып қан,
О, қорқау заман, зұлымдығыңды тосып қал!
Менің өмірбаяным —
мұңды даламның қасіретінен туған
қаһарлы күштің басы бұл
озбырлық пенен өктемдікті де шошытқан!..

* * *

Сен ызаландың ба екен:
қампық қарынды отандастарың
қараңғы көкірек түн кеуде
дүниенің бәрін алтынмен өлшеп,
алшаңдай басып жүргенге
ұлттық ар-намыс, әділет деген —
сені тыншытпаған көп ойлар
қақсыған бастарға кірген бе?!

Адамдардағы топастық пенен ойсыздық —
бұл жалғандағы қасірет осы-ау білгенге.
Құшақ кеуделі көңілдері соқыр олардан
сергектеу шығар темір қабырғалы түрмең де...

Сен жыладың ба екен:
жылдасыңды көріп анасыменен
басқа бір тілде ұғысқан,
осындайлардан жаның күйгенде
жанарыңнан кекті мұң ұшқан.
Ертерек сені есейтті ме екен
«мәдениетпен» сырқос біреулер
халқыңның қанын мойындамауға тырысқан.
Қара жерде тұрып, қара боп туғанын ар көріп
негрмін деуге ығысқан.
Сен шыдамадың ба екен:
тобырларды көріп
жиіркеніш пенен мысқыл ойнаған көзінде,
ішіңнен жаттап
олардың әрбір жаныңды түйрер сөзін де;
негр біткенді аяқ басқызып,
маймылдан адам еткендей,
ойларын естіп кеттің-ау толқып
төтеп бере алмай төзімге.
Ақ кеуделердің пасықтығынан, сірә, мен білсем,
құса жаздадың өзің де.

Өрлігіңе сенің, ерлігіңе сенің,
құлақ түргенде күллі әлем,
бір жасап қалдым мұнда мен.
Жалындап тұрып жырлар оқысам алдында,
езу тартар ең, тыңдар ең.
Заман орнатқан монументтей боп
тұрасың Жердің төсінде
ғасырдай асқақ тұлғамен!

Ғасыр сенің екі есті
 мінезіңнен мен жүрмін тынши алмай:
 маған бақыт сыйладың тұншығардай,
 еркіндікте көлбеңдеп күн өткіздім
 әлем бір сәт дір етер үн шығармай:
 ыза болам жүрмін деп бір іс қылмай,
 жабырқаулы көңілдер құлшынардай,
 бейшаралығынан біреулер қымсынардай.
 Қиындықтарына шыдар ем, іс тындырсам,
 тарих өзі жақсылап бір сынардай.

тақырларды таптамай, шын сыналмай
 сен барасың зымырап
 корабльдердің отты арын екпінімен,
 (ере алмағандар азабын шекті білем)
 жанталасқан уақытқа ілесем деп
 Жер де үдетіп жүрісін кетті білем.
 Жұмыр жердің үстінде пенделерге
 бақыт пенен күлкі ортақ деп біліп ем;
 бақсам, бірдің жүзінде шаттық тұнып,
 ызалылар сорлаған кекті үнінен.

Бақыттымын.
 (Әке әперген бақыт бұл қырғындарда)
 Кеттім самғап алдағы мың жылдарға.
 Адамзатта ой өскен бұл дәуірде
 құлақ асым келмейтін мұң-жырларға.
 Мұңсыздығым қате екен. Планетаның
 бір басында қамалған құрбым барда,
 Бір жерлерде бұғаулап бұғалықсыз
 еркіндіктің жігерін құм қылғанда.

Толған шақта кемелдеп жасым, санам,
 қалай өкпе айтпаймын, ғасыр, саған.

Бір жерлерде жазықсыз қан төгіліп,
бір жерлерде азаптан ашынса адам?!
Бұл өмірдің дәулетін белден басып
ал мен болсам бақыттан асыр салам.

Ойсыз болсам, миыма
кіріп шықпай қасірет, түрме деген
(бақыттылау болар ма өм — білген емен),
Жер жарылып жатса да, жайбарақат
топастықпен алаңсыз күн көрер ем.

Күн көрер ем.
Жиһаздардан үй толы көрінбестен,
өрт алса да дүниені сезінбестен.
Бас қатырып жатпай-ақ өмір жайлы,
шығарар ем халқымды, елімді естен.
Жау шапса да көршімді елең етпей,
естімеген кісі боп керілмес пе ем.
Қайғысы үшін біреудің жүрек жыртып
жерлегендей жарымды егілмес те ем.

Өзің бірақ ой бердің, білім бердің,
нар жігіттің арқалар жүгін бердің.
Сана бердің сергектеу сезінуге
қайғысы мен күлкісін жұмыр Жердің.
Енші қылдың қайсарлық, өжеттікті
жүрегіне от бер деп түңілгеннің.
Тыншытпайды сондықтан
мынау сұсты ғасырда өзгермелі
қаралаған шындықты сөздер мені:
шығыстағы сәбиге оқ атылса,
ол — менің жүрегіме көзделгені.

Сондықтан да хақым жоқ
сөз етуге бас қамын, тамақ мұңын,

(Жер күрсінсе, мен-дағы азаптымын)
шындық қуған замандас отырғанда
төбесіне телміріп абақтының.
Жердегі ұлы не сұмдық істер үшін
мен уақыттың алдында жауаптымын.

* * *

Тұман түндер...
Көзіңді аштырмаған
қоршауға алды азулы қасқыр-заман.
Қасқыр-заман қатыгез, алдында ешкім
қанын сорып алса да бас бұрмаған.
Қара едің сен
(ақшылдығым шамалы өзімнің де)
қараларда мықты ғой төзім мүлде.
Төзім бітті,
үзілген өмір сынды.
Ызалы кек тасыды көз ілдірмей.

Құйып болғың келді сен
түнек түннің серпетін тұмандарын,
ақтарылмай түбінде тұрар ма ағын!
Ақ сәуле боп жасқанбай, жария еттің
қаралардың ақ тілек, мұң-арманын.

Әлжуаздар
(қадаса да артықсып қанды өкшені,
сендегі үміт сөнбеді, ар да өшпеді)
өнеріңе, ойыңа бас шайқасып
тұрса-дағы, қарады аң деп сені.

Қатал тағдыр
жұмыр Жерге сыйғызбай Адам ұлын,
қырқыстырып күніне алады мың:

ақтығына есіртіп біреулерді,
біреулерге сор етіп қаралығын.

Бақытты едім.
Ойдан жырақ, елтігіш кезімде мен
алалығын өмірдің сезінбеп ем.
Дәл осы сәт ұқтым-ау қасіретінді
қатар қойып өзімді өзіңменен.

Қарамаймын сендегі жат тілге мен,
өзіңменен біргемін.
Жатпын демен.
Халық деген құдірет күш барында
Сенем анық туатын Ақ күнге мені!

Қартаяды ақындар да.
Тағдыр-тезге көнбейтін хақың бар ма!

Самайын қырау шалып,
бұрқанганда бойында бұлаң шабыт,
сезімімен жиырманың жыр-ән салып,
белестерден зымырап құланша ағып,
отырады балаша басын иіп
арлы мен батылдарға.

Әжімденер шырайға тұнған рең
(қартаймас тек пенделер мұңдары кем,
ойлы жандар малынбас нұрға кілең),
құлшынып, аласұрып,
өділетті қорғайды дара шығып,
оймен матап жүректі таң асырып,
ақындар қартаяды,
нұрлы жүзден ақиқат әр таяры...
Мәңгі жас боп қалар тек жырларымен.

Көңілің ауасындай тымық қырдың,
бәрін де ұғып тұрдым.
Жанарымнан от-ұшқын шашылғанмен
жанымда тұнып тұр мұң —
сен мені ұмыт, құрбым.

Елтіме бар жаныңмен құлап маған,
сеземін — ұнап барам.
Тәкаппарлау өр болып көрінгенмен
мен сәтте жылап қалам —
көңілім жыраққа алаң.

Албырт сезім көзіңмен ұшырды үміт,
айта алмай мысың құрып...
жайраң қағып, жарқылдап күлгеніммен
қайғы тұр ішімді үгіп —
айтқызбай түсін, жігіт.

Келе жатам
 әрі мұнды, әрі асқақ — сезсең мені,
 елемей еш пендені,
 көлгірсіген, паңсынған кейбіреуді
 қойдай көріп жайылған тепсеңдегі.

Қалған сәтте кездейсоқ ұшырасып,
 бозарып түсі қашып,
 қипалақтап қалады бишаралар
 менің адалдығымның пысы басып.

Ай жерге құлағандай
 аузын жимай қарайды бәрі маған
 (дей ме, әлде, «жарым» адам?)
 өйткені өзі ғұмырында
 шыншылдыққа, шындыққа жарымаған.

Сиректеу құбылысқа
 көзі үйреніп көрмеген дархан халық
 үрпиісіп қарайды, сәл таңданып.
 ... Тек өзіңнің алдыңда (сенің ғана!)
 балаға ұсап қаламын жаутаң қағып.

Көңілім алабұртып саған аздап,
 бір алау келе жатты жаңа маздап.
 Әйтеуір құдай сақтап, қалдым-ау мен
 өзіңе ғашық болып қала жаздап.

(Басқаны жазғырғанмен кезінде жай,
 сезбейсің торға түстің өзің қалай.
 Жоқ жерде өрт шыққандай лап ететін
 осы бір құдай атқыр сезімдер-ай!)

Сені де құшағына ап «кесірлі» үміт,
 көзіңмен тұрдың мені шешіндіріп.
 Сүйіктім қарап тұрған секілденді —
 селк еттім сонда ғана есім кіріп.

Кешкің кеп сол бір сәттің отын бірге,
 құмарлық есінді алып отыр мүлде.
 Әйтеуір аман қалдым. Білмеймін тек
 мен бұған қуандым ба, өкіндім бе...

«ҰРЛЫҚ»

(әзіл)

Жүрегімді

тәтті қиял, арманмен үлпілдеген,
сағынышым, ойым мен күлкім, денем —
бәрін алып қойдың сен, енді сенсіз
жүре алатын емеспін бір күн де мен.

Тәкаппарлау жалт еткен
көзімдегі ойнақы мысқылымды,
тиген жерін өртейтін ыстығымды
жұрдай еттің. Құдай-ау, қайда кеткен
менменшілдеу бойдағы күш бұрынғы?!

Жаным елтіп шырқайтын таңдағы әнім,
жетелейтін ой-қырға арман-ағын —
бар асылым өзіңмен бір болғасын
есі-дертім сен болып сандаламын,
ойлашы өзің — басқа енді бар ма амалым?

Мен өзіңнің алдында
өлсіреймін бойымда дым күш қалмай,
ойлайсың ба — бұл ісің қылмыс қандай:
мені тонап келесің жалғыз өзің
дүниені жаулаған Шыңғыс хандай!

Каракшыдай

ауыл сыртын жүретін торып талай,
мені еркіммен ұрладың жорықта жай.
Тілейтінім — өмірде енді маған —
сенен басқа «ұры» адам жолықпағай!

Бір сырымды айтам өзіңе, жаным, ал тыңдап:
алдыңа сенің күліп те келем жарқылдап,
алдыңа сенің түнеріп келем кейде мен,
өмірдің кейбір көлеңкелерінен салқындап.

Алдыңа бірақ көлгірсіп келмен қашан да,
бар жаным осы: сүйкімді ме, әлде нашар ма.
Көзіме жақсы көріну үшін өзің де
ұзатар қыздай сәнденіп текке жасанба!

Сенсіз күндерде қайғы-мұң басып еңсені,
тілегем талай: «Аяулым жақын келсе еді...»
Жағынба маған, жарамсақтардан жиіркенем,
анадан туған пәктікпен сүйем мен сені.

Ашуың келсе, ренжиді-ау деп ашынба,
ішіңнен тынып жаныңның күйін жасырма,
Екеуіміз, жаным, алдасып жүріп қайтеміз,
онсыз да мынау шындыққа тапшы ғасырда.

Мен сені қызғанамын.
 Жалт етіп қарағанына емес қыз баланың.
 (Мен ешқашан қызғанбан қызға, жаным).
 Олар менің қашан да ақ тілеушім ғой.
 Байбалам сап несіне сызданамын.
 Көкірегінде мен тұрып, шамаң жетсе,
 басқа жұртқа мейлің сен жүз қарағын!

Мен сені қызғанамын
 бәз біреулер өктемсіп басынғанда,
 (Кім ескеріп қарайды ашынғанға...) доспын дейтін жігіттер бірге отырып,
 сенен сырын қулықпен жасырғанда.
 Осылардың бәрі оқ боп қадалады
 сені нәзік сүйетін ғашық жанға.

Сен далаға тартқансың.
 Маңғаз мінез, кеңдікпен көзіме сен
 менің дархан далам боп көрінесің,
 Өзекті өртеп, таңдайды көптіретін
 отты сөзімді алдың ба шөлінен сен?!
 Бір-біріңнен айнымай қалғасын ба —
 мен даламды да қызғанып, өліп-өшем.

(Мен оны да қызғанам.
 Отаны жат біреулер менсінбегенде,
 ей, ағайын, мені тым «жершіл» демендер!
 мен төзбеймін жат біреу қожасып жүрсе,
 бабаларымның қаны мен тері сіңген жерге!
 Тұмау құртқан солардың танауларына
 даланың жұпар ауасы келсін бе мүлде!)
 Мен сені қызғанамын.

Қадіріңді біреулер білмегенде,
сені сырттай көре алмай күндегенде.
Өзің жайлы орынсыз мысқыл айтса,
қаным қайнап кетеді бұл денемде.
... Осыған да шүкірлік. Пақырлық қой
қызғанышсыз, жалынсыз күн көрем деу.

ҚЫР ҚАЗАҒЫНЫҢ ҚАРТАЙҒАНДАҒЫ ОЙЫ

Біз далада өскенбіз
арғымақ аттың жалынан тартып
 мінуді жастай армандап
(жаяулап кешкен тіршілік құрысын,
 таңдайың кеуіп, тал қармап!
сонан соң біздер ойқастаушы едік күміспен
 күштеп тұрманды,
көрінуші еді түк еместей боп дүниедегі қалған бақ.

Тарпаң тұлпардың тұяғымен тіліп
 бозала таңның көрпесін
шыққанда, шіркін, әлем дегенің табынып бізге,
таңданды-ақ!
Бозбала болдық.
Құр асауларға құрық салғанда дірдектеп тұрған
шақтары-ай!
Қызыл түлкіге қыран салмаушы ек баптамай.
Ата-бабаның аруағына тілін тигізгендерді тынбадық
тәубаға келтіріп таптамай!
Ақсақалдардың алдында ғана кішілігімізді көргенде,
таңданған шығар жат талай.

Сұлуды құштық
жалбарынбай, жасқанбай
даланың өртті күніндей ыстық,
 аңғалдау албырт сезіммен
(дариға, сол шақ қайталанбайтын,
 айта қалатын кезім бе ең!)
Даланың асқақ арулары сонда аққұба өндерін суалтып,
от құшақтарда елжіреп ессіз езілген.
Өрт сезімдерден бас айналғанда талықсып
таң атар шақта көз ілген.

Дариға күндер өтті де...
Нартәуекелшіл жомарт жандардың қайнатып
қайран жігерін.
Кәрілік деген қырқадан бүгін қыран
көзімді тігемін:
сонау кездегі жалын шақтарды көрсем деп
жастарда үміт-тілегім.
Әлжуаз,
бозаң бозбалалардан құлазып кетсе көңілім,
таба алмай қалам бір өмін.
Сұңқарлығым егер шын болса,
менің балапаным қарға
болмас хақ!—
Дәл солай тегі... білемін!



Жанарым талды-ау менің
заңғар шыңдардың
басына қарауменен
(көңілім, шырқап қалдың ба —
жадаулау ең?!
Сол биіктіктің көз жетпес
ұшар басынан
лапылдап тұрған мен ылғи
алау көрем.

Мен даланың қызы едім,
 жазықтығында жатпайтын
 көз ілер қара
 (жазира менің жанымның өзі де дала).
 Асқар көрмеген
 мен шіркін биік дегенді
 өлшеуші ем сонау аспанның
 өзімен ғана.

Биіктіктегі дауылдар
елестететін шығар-ау
 майдан сындарын
(мен де бір самғап көрсем бе — қайралсын
 жаным!)

Қайта келмейтін тұлғадай
 мынау жалғанға
қасқайып қалай тұрсыңдар,
 қайран шырларым?!

Ей, менің шырқау аспаным,
сұңғыла шыңнан өзің де
 бұлтармадың ба, —
сүйгізіп жатсың шымылдық-бұлт ар жағында!



1974-
1975

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Менде бір мағлани бар,
Кейде онын да тусінбетінін,
Бір сендей құтқарып құшынды бір.
Сондықтан да Қыз - Қуыр бұлағында
Қуағша - Қайтысқан итін - аяғын
Осы сөзін аяқпен бөтте түрсе,
асын Көшірмейтін;

У.Д.А.

ҮМІТ

Түңілгенде, қиналған сәттерінде
мандайыңнан сипайтын елің барда,
елің барда — үміт пен сенім барда
жаныңды нұр кернейді,
жүректі жыр тербейді. Арай жырлар.
Арай жырлар күндейтін талай мұңдар.

Мынау жердің үстінде.
бала көңіл, ақ пейіл адам барда,
тарылуды білмейтін далаң барда
кеңдікке талпынасың,
ерлікке талпынасың.
Талпынасың алдағы ақ арманға
сосын сенімді ақтауға шарқ ұрасың.

Мынау жердің үстінде
әділеттен жаралған жандар барда,
үміт барда талпынтқан таңдарға, алға.
Досыңның түсін жылытып,
жауыңның мысын құрытып
төгіледі арай жырлар,
шуағында толқиды ақ айдындар.

АЛАУ

(Мәңгілік отпен мұқдасу)

Қасіреттерімнен қалжырап,
түндерде ойларым тұншықтырғанда, қан жылап,
сайқал жандардан ақ сезім сөніп, ар құлап,
тауларым шөгіп, мұз боп қатқандай бар бұлақ,
өзегімді өртеп өршеленгендей даламда от,
мен үшін мынау дүниенің бәрі қараң боп
кетсе де,

ғажап: тынымсыз өмір бәз қалпы —
түндерден кейін нұр шапып жатты таң бірақ.
Жүрегімді менің жаншып тастаған күдіктен
арылсам деген үмітпен
жаныңа келдім сенделіп ессіз жүріп мен
(үміткерлерім, мені осындай деп біліп пе ең?!)
өзіңнен өзге мәңгілік нәрсе бар ма деп,
быт-шыт боп қалған көңілімді менің жалға деп
іздедім сенен үмітке ем.

Мәңгілік оттан (сыр ғой ол жатқан тұңғиық)
алғандай сонда жүректеріне нұр құйып:
байғұс та жүрген нан жеумен ғана шектеліп,
жігерсіздер де кектеніп
кетіп жатады биіктерді аңсап қырды асып.
Ерлікке тұнып далиып жатқан қыр анау,
көкірегінде мың алау...
Осының бәрін көріп-ақ жүріп тұралау...
Мүмкін бе, сірә, отты жандарды қапыда
бейшаралардың күңкілдерімен бұғаулау?!
Қажыған бойға жалыныңмен сенің қан жүріп,
оқ атқандарды дал ғылып,
лапылдап жанған мендегі отты құштарлық
сөне алмайтын да шығар-ау.

Жанарларды басып жүрсе де бейуақ мұң-тұман,
алдыңа келіп жүректер талай бұлқыған.
Сөнбейтін жарқыл — махаббат алған жұртынан
әрқашан сені қасиетті Күндей қастерлеп,
Ұрпағың мынау — өлмес даңқыңды өрлетіп,
өрлігіменен дұшпан біткенді шерлі етіп,
самғайды көкке даладан ұшқан кіл қыран.
Сендегі мәңгі қасіреттен туған ерліктен
от алып мен де алаулап алға ұмтылам.

МЕДЕУДЕ ТУҒАН ОЙЛАР

I

Құз. Шатқал. Айдын.
Сұлулық еді бұл қандай!
Күн деген мұнда қол созым жерде тұрғандай.
Айнадай айдын арбайды сені жалтылдап,
зулайсың сосын көңілде титтей мұң қалмай.

Ілесем деме,
өзіңнен-өзің жасқана берсең қысылып,
айдынның заңы өмірдей қатал — түсін, ұқ!
Кідіріп қалсаң, зуылдап келе жатқандар
кетеді сені ұшырып.

Тілдей темірдің үстінде
оп-оңай емес қаз басып кету бір демде
(күрес қой бұл да білгенге!):
өкшеңді қадап қасиетті Жердің өзінде
сүрініп өрең жүргенде.

Зулайды-ау мұнда адамдар
тайпалған әсем жорғаша!
Айдында деген әділет мықты:
өзіңдік өнер болмаса,
қолтығыңнан сенің қанша адам, мейлі, сүйесін,
зулар ем дейтін қиялың құрғақ далбаса!
Қарыштау түгіл қозғала алмайсың,
өзіңе ғана сенбесең
коньки байлауға құмар болмағын онда аса!
Сынамақ болсаң бағыңды
жүйріктерменен теңдесер —
қарама дауыл, ақ түтек боран, желге есер!
Күшіңе сенсең, Медеуге бетте — мекен ол
мықтылар ғана белдесер.

II

«Өмірдің өзі — мүз айдын,
тайғанап кетпе!» — деген ең.
Сырғанап жүріп мұңайдым,
еске алдым сені неге мен.
Қайғы-азап шексең, жебер ем,
тайғанап кетсең, демер ем...»
Дейтұғын өзің емес пе ең?
Аса алмай асу-белестен,
нақ маңдайымнан жел ескен
тайғанақ құзда тұрдым кеп,
енді құлардай дірілдеп,
бар еді сүйер кімім деп,
қарадым үміт жүзбенен,
сонда мен сені іздегем.
Мысқылды жүзің күлімдеп
тұрғандай: «Құла, сүрін!» — деп,
итеріп кеттің сен мені.
Теңіздің быт-шыт сендері
пана боп мені емдеді.
Далаға теңеп жүруші ең,
неге жат болдың бүгін сен?
Демеуді күткем сүрінсем,
пендемін мен де ұғын, сен.
Аунатып кеттің орға сен
әйтпесе, мұнша солмас ем,
шілдеде мұндай тоңбас ем...
Оңбаған болсам мына мен
өзімді-ақ өзім сынар ем.
Кеттің ғой өзің өксітіп,
сәби боп саған құлап ем...
Зулаймын мұзда Күн күлген,
сақтанам — заңды бұл мүлдем:

сүрініп кетсем қапыда,
сүйемейтінінді білдім мен.

III

Айнадай айдын.
Жұтасың ыстық Күн демін.
Зулап қал, достым,
еркіндей алмай жүр ме едің?
Асқар тауымен биік құздарға дара қонуды
үйреткен
туған жерім ғой бұл менің!

Талайға арман — мынау биіктің басынан
төменге көзің түсуі де бір мұң екен —
кәрасам кейде дір етем.
Шыңдардың шырқау шатқалдарында нық басып,
көре алмағандарды мен одан сайын жүдетем!
Таңданам: менің осынау титтей денемді
Алатау қалай түсіріп алмай тұр екен?!
Арай Күн көктен мейірім нұрын шашқанда,
шалқымай тұрар жас бар ма!
Көк айдын мұзда зуылдап келем мен бүгін
қарамай құзға, көлденең жатқан тастарға.
Көңілім менің шалқиды сонда
көтеріп келе жатқандай
мені ол емес,
Алатауымды мен аспанға!

Дүние сұлық.

Тыныштық құшқан шартарап,
бір сілкіністі күткендей ғалам
ішіне демін тарта қап.

Ойларға жүкті жұмыр Жер жатыр
ай-күні толған күйінде
заманның барлық ауыртпалығын
жалғыздан-жалғыз арқалап.

Тыныштықта да болады екен-ау
үрейінді алар сұстылық:
соғардай қазір дүлей бір дауыл ышқынып.
Ақтарылардай қатал өмірдің
қатыгездігінен қалған ыза-кек
көкірегінді кернеп шыға алмай жатқан қыстыгып.
Шындықсыз жерде шыдай алмайтын
біздің ұрпақтар секілді
тұл бойларында жататын тылсым күш бұғып.

О, қайран ана — қара Жер!
Жатасың неге түндерде тынып
қайғырған жандай күрсініп.
Егіліп іштен жылайтындайсың
жадырағанша Күн шығып.
Балғын жесірдей тәтті күндері
өзегін өртеп,
өксіктен
жастығын құшып зар илеп жатқан
көздің жасына тұншығып.
Әлде сен мынау перзенттеріңе өкпелісің бе
өзара
келіспей кейде таптағаны үшін,
төсіңді тұрған гүл шығып?

Ожар жандардың қанқұйлы қылықтарынан
жылай ма екенсің түндерде ғана,
Әлем алдында қымсынып?..
Амалың құрып,
өз қолыңды өзің кесе алмай,
сәріден сонсын жатасың ба екен
қайғысыз жандай тағы да
қайратыңды жиып, құлшынып?
Сеземін сенің нәзік жаныңды
қаншалық жаралайтынын
мезгілсіз сынған бір шыбық.
... Тегінде сені күрсінтіп қойған
ләззатты тымық түндерде
қуанышы мен қайғысы бірдей
мазасыз мынау тіршілік.

ЕСКЕРТКІШ

(Меңдекеш Сатыбалдиевке)

Сенің албырт ғұмырың өтті жанып,
зулап келе жатыр ең топты жарып.
Тіл қатпайсың, жарқылдап тұрмайсың сен
қаншама рет келсек те шоқ гүл алып.
Аға керек, біреуге әке керек,
жарың әлі қайғыға батады ерек.
Тым болмаса сол гүлге бір қарасаң,
машиналап күн сайын әкелер ек.
Өкіндірдің еліңді ерте кетіп.
Біз қамықсақ тірлікте келте-кетік —
«Біздің қарлығаштар!» — деп шашымыздан
сипайтұғын сен жоқсың еркелетіп.
Сен жүргенде сезбеуші ек
жанашырлық дегеннің құнын бұлай:
мына жұртқа бәрібір — жығыл, мұңай.
Асып-тасып, менмендеп бара жатсақ,
ұрсып алар сен жоқсың бұрынғыдай.
Қайғы жұтып досың жүр
іштей жоқтап, жүректің жасын бөгеп,
жан ғой ол да өзіндей асыл, бөлек.
Ол көрінсе жалт қарап сені іздейміз
келе жатқан жоқ па екен қасында деп...
Кетті ме әлде бұл өмір қиындалып —
болмашының бәріне күйіп-жанып,
біз де жүрміз жабықсақ, не қуансақ,
нысанаға өзіңнің үйінді алып.
Бұны оқысаң егер сен
«Әкет, — дер ең, — зар жырды құрау-сұрау!»
Бірақ мүмкін емес қой бұған шыдау.
...Жүректерде жырың жүр, өзің жүрсің,
тегі осы сен өлмеген шығарсың-ау!

МЕЙІРІМ

Сенем саған өмірде.

Саған ғана.

Бастайтын жаңа арнаға,
ұмтылдырар алынбас қамалға да,
армандатып заңғар көк қияларын
үміт пенен сенім боп ұяладың
жанымда, санамда да.

Адам мықты
мызғымас сенімімен;
айнымас серігімен;
халқының бірлігімен,
мейіріммен теңдесер Күн нұрымен.

Сол сенімді
жаныма сіңірдің сен.
Шаттансам, күліп жүрсем,
зұлымдықты өмірден түңілдірсем;
бұл ғаламат ғасырдың адамзатқа
арқалатар жүгінің ауырлығын,
шырқалар дәуір жырын
сезінсем, ұқсам бәрін;
түсінсем мен
адалдықтың жанында дұшпан барын —
сенің арқаң
(сол сеніммен әлдилер мені де әр таң):
сенің арқаң
серпісем сағым мұңын,
мен өзіңмен күштімін,
жалындымын.
Мен білемін:
Әділет пен Адалдық — туың сенің,

сол туға жүгінсе кім —
айнымас досым менің,
оған айтар сырым мен жырым — сенім.
Жер үстінде көп әлі
адалдыққа оқ атқан жалашылдар,
олан өзге күші жоқ шарасыздар
(сол зымиян ұлы оққа құрбан болды
жазықсыз сан асылдар).
Жұмақ емес бұл өмір.

Адамзатты
күтеді әлі көрмеген жаңа сындар.

Ол сындардың отынан
жүресің сен талайды аршып алып
(талай жалын мені де шарпуы оның),
әлі талай тігесің өр басыңды
оқтарға қарсы барып.

Сен шыңдалғансың
күрестерде, қиындау сынақтарда
жалын кештің, ұмтылдың бірақ та алға
сенім сонда сені де ұмтылдырған
алдағы жұмақ таңға.

Партия!

Айбынды тұлғаң бүгін,
қарайтындай сескене шыңдар бұғып,
шақырады алдағы жылдар күліп.
Сенің сәулең жып-жылы мейіріммен
бара жатыр Жер бетін
нұрландырып.

Білмеймін:

жанарыңнан сыр ұқтым ба,
әлде өзімді сол сәтте ұмыттым ба —
өзің болдың әйтеуір бұл күнгі әнім,
көтеріп ап кетіп ең — бұлқынбадым —
әлде аймалауыңа құнықтым ба.

Білмеймін:

құшағыңда дір еттім бе,
алып ұшып бара ма-ау жүрек мүлде...
Ойлағым да келмеді ештеңені,
күндіз бе әлде, білмеймін, кеште ме еді —
тек ұққаным — жан бірге, тілек бірге.

Білмеймін:

пәк сезімге мұқтаждау кезім бе еді,
сеніміңді көп болған сезінгелі,
сезінгелі, сені ойлап көз ілгелі...
Іңкәрлықтан, аяулым, тына көрме,
бақыт деген сәттерден тұра ма әлде,
онда өтіп кетпегей тез ілгері.

Сол сәтте

бұлтты аспаннан жарқ етіп қарады ақ Күн,
шуағына бойымды аралаттым.
Сезімімнің қақпасын дара қақтың.
Елжіресіп, ұғысып, сеніп бірге
ағыл-тегіл сезіммен еріттің де,
өзің маған өзім боп бара жаттың...

Әкел сен құздың сирек гүлін мейлің,
мен саған табынған боп жүгінбеймін.
Тіпті де қысылмаймын, ешбір жанды
менсінбес қылығымнан түңіл мейлің.
Телефон шырылдаса сен екен деп,
жеткенше жаным шығып жүгірмеймін.

Тұрса да іңкәрлықтан тасып қайғың,
(мені де жүргендей-ақ жасытпай мұң)
күлемін, қалжыңдаймын сеніменен,
жасқаншақ қылығыңды машықтаймын.
Сезсем де тұрғаныңды құшқың келіп,
оңаша қалуға ешбір асықпаймын.

Сен жүрсің сан ойлардан шаршап тегі,
білмейсің жүргеніңді аңсап нені.
Сенбейсің менің ессіз сүйеріме,
сүйгізе аларыңа әр сәт мені.
(Жігітте табындырар күш болмай ма,
ол жігер әлде сенен алшақ па еді?!)

Сен мені аялайсың. Білем, құрбым.
Туады қол ұстасып жүрер бір күн.
Қиналсам, тек өзіңді еске аламын
(ал менің тірлігім де — кілең-кірбің),
сен тездеп келу үшін құтқаруға
туса деп қиын сәттер тілеп жүрмін.

Жанымдасың.

Рахатқа батасың жана балқып,
жанарыңда бақыт тұр дара қалқып.
Қалмағандай басыңда мысқал мұңың,
шыға алмаған талайғы құштарлығың
күн сайын барады артып.

Жалындасын

алау сезім сендегі тұрсын жанып,
шын сезімнен қашпалық, қымсынбалық.
(Әйел соны қалайды —ойлағын сен):
алып ұшсын жүрегің, қайда жүрсең
қашан маған жеткенше дүрсіл қағып.

Жанымдасың.

Көңілің өр, жүзіңе нұр жалатып,
арман болған адамды шын қаратып
алғаныңа масаңсың. Қалай демен.
Бақыт та ортақ біздерде. Алайда мен
кейде неге қаламын мұңға батып?..

Менің нәзік жаныма күнде үңілген
болсаң, сезсең күйімді — кірбіңім кем.
Бақытты ете алмайсың дер ем ашық:
егер асқақ тұрмасаң менен асып
болмысыңмен, ойыңмен, тірлігіңмен.
Жаныма ерер бір адам керек қой деп,
ондайға түк жүгінбен.

Өз-өзімнен өртеніп барам жанып,
 жүректен жас ағады тарамданып.
 Менде жай жоқ бұл күнде тым болмаса,
 ақтарылар алдыңда саған барып.
 Жасқа ғана толады жанар налып,
 мен үшін тұр дүние қараң қалып.
 Қақ төбемде жалт ойнап жатыр бүгін
 қалай тұрмын апыр-ау аман қалып.
 Шырқап шалқып жүрген бұл кезім менің,
 қалай сонша күйгенім, езілгенім?
 Бұл өмірдің азабы — ар алдында
 күнаң болмай кінәлі сезінгенің.
 Дөңбекшідім түндерде көз ілмедім,
 көз ілмедім, таусылды төзімдерім.
 Алдамшы боп бара ма мынау жалған,
 түсінбесең жанымды өзің менің.
 Эттең оттай сезімім шыдатпады,
 суалғандай таудың да бұлақтары.
 Арман алға сағым боп шақырғанмен,
 көп екен ғой тірліктің сынақтары.
 Сенуші едің сәбидей маған, көкем,
 (сенім артар бұл күнде адам да көм)
 біздегі үміт, сенімді өшіргендер
 өкінбей-ақ рахат табар ма екен...
 ...Сүйген жүрек кешеді дейтін еді,
 бұдан соң да кешіре алар ма екен...

Білемін:

сүйем сүйсем әйтеуір құлап-талып,
дүниенің барлығы жырақ қалып.
Сенімен мен түсінер жай туралы
көргенім жоқ ешкімге сыр ақтарып.

Сені аңсаймын көзімнен жас ағыла,
көбейді ғой бұл күнде шаш ағы да.
Сыр ашпаймын еш жанға. Шағынғанда
біреу сенің орныңды басады ма...

Сезім қолдан ешқашан жасалмайды,
жасағандар ұзаққа аса алмайды,
не алдасып бір-бірін күн кешеді,
мен ондайға көнбесім қашан да әйгі.

Мен сондаймын.

Сүйсем егер ғұмырлық сүйіп кетем.
Басқаларға жүрегім — тұйық мекен.
Аласарсам, ешкімге ұқсамайтын
сезіміммен көңілді биіктетем.

Сенің жүзің мен үшін ай нұрындай болмаса,
өзің барда жаныма жайлы мұндай болмаса,
тыныс берер кеудеме сенің демің болмаса,
аймалаудан танбайтын еріндерің болмаса,
үмітімді жалғайтын шын сенімің болмаса,
саған дейін қиял мен мұң — серігім болмаса,
сен жүргенде ақ жаңбыр жайлы күндей болмаса,
күздің тұман кештері айлы түндей болмаса,
сенсіз мынау әлемді кезбейтінім болмаса,
азаптарды сен барда сезбейтінім болмаса,
өзің барда жер-көкті ұмытқаным болмаса,
есімді алған еркелеу қылықтарың болмаса,
рахаттан сен барда тұншығарым болмаса,
тек өзіңнің алдында қымсынарым болмаса,
сен барыңда қайғыдан арыларым болмаса,
шыдам таппай өзіңді сағынарым болмаса,
мұңайғанда, тек өзің жұбатырың болмаса,
сенің махаббатыңмен гүл атарым болмаса,
маған ғана сыр ашып шешілерің болмаса,
қате басқан сәтімді кешіретің болмаса,
от-сезімің жүректі табындырған болмаса,
бейжай жүрген жанымды жалын қылған
болмаса,
бұла шақтың арманын сенен ғана көрмесем,
қиналғанда күш беріп бастамасаң өрге сен,
сүю түгіл жаныма жолатпас ем, көнбес ем.

Мен жүрмін аласұрып,
 секілдімін шөлдегі дара шыбық.
 Тілеулес жан, жазғырма, жазалама —
 наласын ұқ жүректің, жарасын ұқ.
 Көңілі жүдеу адамдар кекшілдеу ғой —
 ақыл айта көрмеші данасынып.

Кейбіреу күндеседі,
 біреулері балайды гүлге сені.
 Бар бақытты бір өзі жиып алып
 басы айналмай қалай бұл жүр деседі.
 Түсініксіз оларға (айыптаман)
 жүректің де сендегі мұң кешері.

Білмейді құлап талай
 жүргенімді өмірде сынаққа бай.
 Білмейді олар жылаған сәттерімді
 келсе еді деп арманым жырақтамай.
 ...Мен тілеймін, аяулым, қатал тағдыр
 сені менше ешқашан жылатпағай.

Қаласам,

жасаймын да жайдан құрық,
дүниені тас-талқан майдан қылып,
өршеленіп бұрқанған өзендердей
ағынымен жататын сайларға ұрып
(білмейсің ғой — жанымның түкпірінде
атылғалы жатқанын қайнар бұғып),
құлай сүйіп көрмеген жүрегінді
алқындырып, көңіліңе қайғы алдырып,
келтірместен мұршанды ойлантуға,
отыруға пайымдап, жайларды ұғып,
құздан құлап көрмеген өр басыңды
көкке сүйреп, сонан соң Айдан жығып,
шеңберлермен шектеліп жалтандаған
жасқаншақтық барлығын қайран қылып —
алам сенің басыңды айналдырып!

Керек емес мекерлік, айла маған:
Сүйем сені, сескенбей айналадан.
Менсіз сезбей, ұға алмай қаласың сен —
қайда жүрсің, тұрғаның қандай алаң.
Біреулер бар сескеніп аяқ басса,
біреу көріп тұр ма деп тайғанаған.
Біреу үшін рахат, жұмақ өмір —
біреу үшін қантөгіс майдан алаң:
мазаланып көрмеген жандар ғана
жасқаншақтап жүреді айдаладан.
Жалтақтамай солардың барлығына,
тірлігіңді бір өзім жайлап алам.
Ақ сезімді алдыңа селдетемін —
тек сен шылар ма екенсің... қайдам... оған.

Өзіңді ойлап қайғыдан езіліп ем.
Аласұрған күйімді сез үнімнен.
Аң-таң болып әлі күн шошимын мен
сенің көктем күніндей сезіміңнен.

Есім кеткен, өртенгем сағыныштан...
Бірақ ешкім озған ба жазымыштан.
Иә... мен де бұл күнде түңілгенмін
көңіліңнен әркімге алып-ұшқан.

Мен өзімдей көргенмін. Бекер мұным.
Саған менен бұрындау жетер жырым.
Мен білмеймін сүйгенің, сағынғаның
мүләйімсу, көлгірсу екендігін.

Қайтем. Қатал тағдырға жүгіндім мен,
аңғалдарды жылатқан, түңілдірген.
Әлі сені қимаймын кіналауға,
өмір шығар сені де сүріндірген...

ҚАСІРЕТ ПЕН ЕРЛІК ЖЫРЫ

Соғыс өртін бастан кешпегендер мен
соғыс қасіретін тартпағандарға арнаймын

I

* * *

Аспан мен Жер арасын
өрт қаптады жалыны жалаңдаған,
көңірсіді құйқадай адал далам.
Бір-бірінің қанынан ұрттамаса,
тыншымастай сұстанды Адамға Адам.
Түндер келді жарыңның құшағында
рахаттың орнына алаңдаған.
Жас орнына мөлдіреп жанарда қан
тамайын деп тамбаған, тама алмаған.
Алмасты ілез күрсіну, күңіренумен
жүректерден шарықтап таралған ән.
Түнде соғар дүлейін жасырғандай,
күліп-атып қылымсып таң алдаған.
Бейнетімен бақ құшқан кең далаға
қанды өзендер құйғандай сан арнадан.
Мазасыз әм қысқа бұл тіршілікте
болар кейде мейірімді адамнан аң.
Сәби көңіл жандардың жанын улап
бітіспес кек, ызамен арамдаған.
Дөңбекшіді сонда Жер қанға бөгіп:
«Не кінаң бар, Адамдар, тағар маған?!»

* * *

Күндер туды өртенген
тұрғанда нұр-бақытқа аймақ тұнып:
жігітінде өр мінез, қайраттылық,

сұлу мықын, тұнжыр көз келіншектер,
құмар қылған құлынды байлап тұрып.
Құштар сезім бұрқ етіп, жас жігіттің
көкірегінде тербелген айлап тынып;
бұрын естіп білмеген сырлы әуенді
жүрегімен, жанымен сайраттырып;
өр көңілі арман мен мұң оранып,
тұл болғандай кешегі айбаттылық;
көз алдынан кетпейді жалт қарас пен
есін алған үркектеу сайғақ қылық;
дүниенің бәр-бәрі ұмыт болған
шықса алдынан сол ару жайнап күліп.
...Төріне әкеп өлім мен қайғы лақтырып,
уланбаған аймақты жайратты жұт:
жауыздығын себелеп айбат қылып.
Сүйіктісін бір сүйіп үлгерместен
ер кектенді зығыры қайнап тұрып.

* * *

Отырды әйел
еміреніп, емізіп тұңғыш ұлын,
естігендей жалқы үнін жыл құсының,
аймалайды елжіреп балапанын
ұмыттырған талайғы мұңды сырын;
сезіндірген аналық бақытты алғаш
гүл ерінін қызықтап тұңғышының.
Бұл бақытты қашан ол аңсағалы...
Аңсағалы, көз жасын тамсағалы.
Кімге барып не дейді, құдайым-ау,
«Балам жоқ!» деп қай жұртқа жар салады.

Жан болғанмен байсалды, шыдамға бай,
көңіл көгін шалмасын мұнар қалай:
артықтықтан туғандай кейбір әйел

жат қайғысын жүрмейді ұрандамай;
тырнағына тұрмайтын біреулері
кісімсініп қарайды бұған қарай.

«Байғұс» дейді мүсіркеп біреулері...
онсыз да оның көңілі жүдеулі еді.
Соның бәрі сылып ап тастайтындай
алаулаған шырайды гүл өңдегі.

Сонда ызадан булығып тұншығатын,
тұншығатын, жарынан қымсынатын.
«Соқыр болсын бір перзент таппадым... — деп
күйінетін, — бүйткенше құрысын атым»...

Болмаса да сырт көзге қорынар түк,
ана сәби аңсайды өңі балқып.
Бала көрмей өтудің күйігінен
әйел үшін қайғылы өлім артық.
Сәби келді талайғы армандаған:
ұмыт болып қайғылы таңдар қараң.
Шаттығы да келеді мұң-қайғының
қанша нәлет айтса да жалғанға Адам.

Бақыттылық!
Отыр еді көзінде жақұт тұнып —
«Соғыс!» деген бір сөзден есеңгіреп
зәресі ұшты орнынан атып тұрып.

* * *

Қосылған сағынысып
жүректерде тыншу жоқ алып-ұшып.
Дүниенің бәрі ұмыт. Елжіреуден
денелер жанып, ысып.

Көңілдер алабұртып,
рахаттың жаңбырын жанар іркіп...
Тек осылай сүйе алады бұл өмірде
қос жүрек адал, ынтық.

Түндерде көз ілеспей,
ынтық болып құмарлық сөзіне іштей.
Бұл сәттерді ешкім де ұға алмайды
басынан өзі кешпей.

Жердегі пасық біткен
ақ сезімге жанарын жасып тіккен.
Жұмақ болып кеткен бұл өмірге олар
қарайды ғашықтықпен.

Түндерде қысқа мына
ыза, мұңның жүректен ұшқанына
таңданады екеуі, кеткендей ме
дос болып дұшпаны да.

Айналып бар алапты
бақыт мынау қақпаны жаңа қақты.
«Соғыс» деген бір сөзден жылы төсек
мұз болып бара жатты.

* * *

Көк мөлдір көркем аспанға
моншақтан шашу шашқанда,
ақ ұлпа бұлттар қымсынып
көкжиектерден қашқанда,
сүйеніп балғын жас талға
өрім қыз сырын ашқанда,
адамдар аппақ көңілмен
бақытын аңсап өмірден

бар әлем титтей кірбіңсіз
армандай мөлдір көрінген,
самала саумал шақтарда
жүректерден жыр төгілген
ілезде сөніп бар үміт,
тұманнан тыныс тарылып,
басталды соғыс дегенде
адамдар қалды аңырып.
Дөңбекшіп жатты дүние
қасірет бұлтын жамылып.

* * *

Соғыс.
Тартыс
ешқашан басылмаған,
қантөгістен қаншама ашынды Адам.
Жазықсыз Жер қаншама жараланып,
жетімдіктен қаншама бала налып,
қара тұман жамылды жасыл ғалам.
Әлсіздерді әлділер басып-жаншып,
шындығы жоқ өмірден ашынғансып,
дейтіндер бар: «Бұзылған ғасыр жаман».
Соғыс — майдан ғана ма оқ бораған?
Жоқ! Оқсыз-ақ атыстар тоқтамаған.
Аймалаған болып кеп жаққа ұратын,
құшқан болып құздардан лақтыратын
қатерлісі — соғыстар оттан аман.
Болдырмаудың қажетін біліп тұрып,
шектелуден шыға алмай бұғып, тынып,
Адам — кейде бұзаудай ноқталаған.

Ғасырларға үңілші, замандасым,
тыйған күн жоқ жазықсыз жанар жасын,
біреулердің қанқұйлы арманы үшін,

біреулердің үмітін жалғау үшін,
домалатты доп құрлы Адам басын.
Біреу адалдығынан жазаланып,
пайда көрген бір сұмдар мәз-ау анық...
Арамға емес, бұл өмір — адалға сын.

Адамдарға осы мен таң қаламын:
бір-бірінің аңдумен әр қадамын,
бірін-бірі атқылап зұлымдықпен,
көкірегіне арам ой, сырын бүккен
біле тұра жат көзден қан тамарын,
біле тұра ғұмырдың қысқалығын,
Жұмсап құртып жоюға күш-жалынын,
осы еншіні неге, Адам, арқаладың?!

Ой-қиялды жұмсамай ақ арманға,
біреу тойып, біреулер таланғанда,
сыйыса алмай кең Жерге қақтығысып,
сүйгенді емес, сезімсіз жатты құшып,
оқтан қалған жазылмас жараң бар ма? —
ем табылмай сыздайды, қамығасың...
Өмір солай — ауадан шаңы басым,
қара ниет, қанқұйлы біреулер жүр,
Солардан, Жер, қашан сен арыласың?

Жатырсың сен
ғұмыр бойы оқтардан жараланып,
сені сұмдар былғады, талады анық.
Болмаса да бір сәтің күрсінбеген,
қажысаң да тартысып күншілменен,
мықтылықты сенімен бағаладық.
Қай заманның болмасын бір кеселі —
ойлы ұлдарың азаппен күн кешеді,
өсекпенен, жаламен қараланып.

Бүгін ғана бұл сұмдық басталды ма,
зұлым біткен заманнан жасқанды ма —
жасқанбады, жалғады қырғын ісін,
тоқтамады күрес те шындық үшін,
оған куә мүжілген тастар мына.
Галилейлер тірілей отқа жанып,
Спартактар төсіне оқ қадалып...
Ал осыдан замана жақсарды ма?!

Зұлымдықтар...
бүкіл елдің жүрегін орап қанға —
жазықсызға тасадан оқ атқанда,
қалай ғана қолдары дір етпеді?
Қалай ары азаптап, жүдетпеді
(арды бірақ жауыздық жолатқан ба?!)
Ал осыған, адамзат, не дер едің,
жақынсың сен әлі де неге сонша,
қиянатқа, өзгеге оқ боратқанға?

II

* * *

Майдан. Алаң.
Үскірік ұйтқып соғып айналадан
барады дірдектетіп от денені,
бірақ одан бір жалын өктем еді
(мен де онымен өзімді қайрап алам)—
елге деген махаббат жүректерде
айбынды еді оқтан да, тілектен де.
Мұндайда ер ме кек жүзін қайрамаған!

Арулар сүйілмеген
сыланып та үлгермей үйінде кең,
жары аймалар ақ төсін жер тілгілеп,

еңбектейді ызадан елітіп жүрек,
жаудың огын нәзіктеу иінменен
тоқтатты да құлады, дым көрместен,
дүниеге қош деп те үлгерместен...
Бос сөз екен өлуді қиын деген.

Гүрсілден құлақ тұнып,
бір-біріне ажалды лақтырып
жүрді адамдар ойланбай қанға батып,
жауап берер бір кезде таңдар атып,
білмей өкінетінін жылап тұрып,
ар алдында әр ісін сұрақ қылып.
Бүгін соғыс. Айнала азап толған.
Төбешікке қырғынмен азат болған
ту қадады қарт солдат жылап тұрып.

Қанша қырғын.
Жер қақалды жас қанын тамсап ұлдың...
Әрбір үйдің ардағы, шаттығы алда
шала жансар көміліп жатты қарда,
үзілді албырт арманы бал шағыңның,
от жылдардың ұл-қызы, қыршын кілең,
кешкенім жоқ сен көрген бұл сынды мен.
Сенің қайғың — жанымда қалса бір мұң.

Болса егер мақтанышым —
ол өзіңнің ерлігің, тап намысын
қорғау үшін қиратып дұшпандарын,
жас арманды құрбан ғып құшқан жалын.
Ел сенімін ер солай ақтады шын.
Қай далада сүйегі қалды екен деп,
сүйгенінің жүрегін зар мекендеп
«Келер ме, — деп күтеді-ау, — баққа құсым».
Күту деген...
ол қайғы емес, үміт қой шүкір дер ем:

бірақ мен де азабын тартқам талай,
мынау аппақ селеулер жапқан самай —
күткеніме қойылған үкім дер ем.
Сықыр шықса келді-ау деп тосып күнде,
елеңдеумен көз ілмей шошып түнде
талықсыған жүрегім,
бүкіл денем...

Қарт солдат барады алға,
көміліп жатыр, міне, дала қарға.
Басталған таң алдында жорық демде,
сүрініп жүре алмайсың өліктерге...
Соғыс түнге, күндізге қараған ба.
Жатты солдат алдында ыңыранған,
жұтып жатыр аппақ қар жылы қаннан,
адам бейне оққа ұшқан қара қарға.
Жүрегі сыздады ма
қалтырап кетті таңның ызғарына,
шала жансар жігітке үңілді де,
шырамытқан секілді түрін, міне...
Тани кетті! Денесі мұздады да
жалғыз ұлдың өлігін тасалауға
еңбектеді күш жоқтай басар алға.
Қалай тастар өренін сызға мына...

Қан толып жанарына
кек қайнаса көзден жас тамады ма!
Ұмтылды алға кегі үшін жалғызының,
енді қара жер көрген бар қызығын.
Жүрек ұйтқып тығылды тамағына.
Тістенді де жау жаққа боратты оғын,
шешіп тастап ызадан шолақ тонын,
елемеді тәндегі жараны да.
Ұрыс сәл басылғанда,
достарды ойлап жолдастар ашынғанда,

ол отырды, жалғзын көме алмады,
жүрек жылап, өксиді соған жаны,
көрсетпеді бірақ та жасын жанға.
Адамдардың қинады-ау бұл сын бәрін,
еске алады оқ құшқан қыршындарын.
Бұл қырғынды ұмытпас ғасырлар да.

* * *

Камералар.
Темір тор.
Қақпа жабық.
Тірі өліктер әр жерде жатты ғаріп
тірі деуге — тарамыс қу денелер,
өлі деуге — қимылдап жатқаны анық.

Жас сәби
жатыр әне көгеріп талмаусырап,
енді сөніп кетердей арман-шырақ.
Айтатұғын дәрмен жоқ, жалынышты
жанарымен бір жұтар талғам сұрап.

Өрімдей қыз
махаббатқа, арманға, сенімге асық,
тілін кескен, «сөйлейді» тек ымдасып.
Ақша бетте ырсиған «жұлдыз» — таңба —
жауыздардың салғаны темір басып.

Жап-жас ана
от жанары ызасын шашады анық,
сосын үнсіз жылайды тасаланып.
Қос анарын темірмен күйдіргенде,
кетті лезде құдай боп шашы ағарып.

Селк етеді...

Сәбиі кеп сорғандай көкірегін.

Қай жақта жүр, құлыным, жетімегім...

Құлағында ұлының шыңғырғаны,
сосын: «Тоқтат, күшік!» — деп зекіген үн.

Концлагерь.

Қан рең — күрең есік.

Жақындасаң ажалдың лебі есіп...

Әлі сөніп бітпеген үміт мұнда
қасіретпен, азаппен жүр егесіп.

Крематорий.

Отын да құтаймады,

қара жерге келген бұл жұт айғағы.

Адамдарды тірілей отқа жағу. —

зұлымдардың ойыны, ұпайлары.

Темір пештер тізілген.

Сұсты бәрі.

Ұшқын шашып өртенген ыстық әрі.

Тұтқындарды бір-бірлеп өртеп жатыр,

жанталасып біреулер күш қылады.

Дыбыстауға көбінің келмейді әлі.

Ал біреулер шыңғырып ышқынады.

Беттескенде ажалмен

кетеді екен жанардан жалын қашып —

үрей, қорқу, не мұнар сағым басып.

Жанталасын көргенде адамдардың

мәз болады фашистер дабырласып.

Майданда, ұрыстарда

оққа ұшкандар не деген бақытты еді!

Тұншықтырды қан сасып уақыт демі.

Адам адам болғалы жер үстінде
дәл осындай қайғы уын татып па еді?

Зұлымдықтың —
қан сормаса көңілі жайланбаған —
жанды қуыршағына айналды Адам.
О, адамзат! Осыны ұмыттың ба?
Ұмыттың ба? Қалайша? — Қайран қалам.
Кешірімсіз:
адал жанның өшірген үміт таңын,
еске алмасаң жауыздың қылықтарын;
бастан кешкен қайғы, ыза, қасіретті
түк те болмағандай-ақ ұмытқаның.

Бұл әлемде қасірет
жүргізіп тұр қаралы үстемдігін,
басымырақ қанқұйлы күштер бүгін.
Адалдарды жазықсыз жылатады,
зұлым жандар айлакер, іскер мығым.

Мейірімге жер үсті тапшы бүгін.
Кімге айтасың шындықтың ащы жырын...
Теңіздегі тамшыдай еленбейді
сенің адалдығың мен жақсылығың.

Өртенуден дүние тыншымаған,
бейне құрап қойғандай мың сынадан:
быт-шыт болып кетердей тұр бүгін де,
қағыстырып, лақтырып бірді-бірге
жауыздар жүр. Қор болды-ау қыршын адам.

Жер де бүгін жамылды қаралы ірең,
қарашы сен жүректің жанарымен —
жұрттың бәрі жүрген жоқ мұңсыз аман.

Үңілмесең сен көрмейсің
ештеңе қас қағымда —
тұр оранып дүние ақ сағымға:
секілді еді дәл кеше адал бөрі,
батпағандай күнаға жаралғалы,
түк те жоқтай жұмақтан басқа мұнда.
Ақ сағымды серпі сен, қорғалама,
шын өмірді көресің сонда ғана,
бұлтсыз емес көк деген аспаның да.

Мынау пештер...
ажал ғой тұнған бөрі.
Қашан мынау өмірден жыр қалғалы
әділеттік, адамдық, бақыт жайлы;
ондай тура жолдардан уақыт тайды
Жер бетінен әділет ұрланғалы.
Солай.
Өмір дегенің — айқас әлі.
Жақсылыққа жамандық жай шашады.
Біреу аңғалдығынан жала тартып,
біреу өліп, кейбіреу дара шалқып,
біреулердің жанады қайта шамы.
Бұл неліктен? Адамда сана кем бе?
Жоқ! Опасыз барында қара Жерде
әлі талай адамдар шайқасады.

Оған куә —
нұр өмірдің әуенді жыры қалып,
пеште мынау өртенген тірі халық.
«Биялайға жақсы» деп кейбіреудің
жүр тірілей терісін сылып алып.

Адам, мынау шындықтан
жүрек шошып, дір етіп кетсе денең,
бұл азапты кек алмай кешпе дер ем,

қасіреттер болады емделмейтін
уақытпенен, бақытпен —
ештеңемен.

* * *

Он сегіз жас!
Алабұртқан көңілдің бұлаң шағы
тәтті үмітпен өмірден жыр аңсады,
сұлулыққа, биікке аңсары ауып,
бас ұратын, төнсе де қанша хауіп,
тосқауылдар жоқтай-ақ сынар сағы.
Мөлдірліктің бәріне ғашық болып,
қиындықтан көрмеген жасып, тоңып
жан-тәнімен өмірге құмар шағы...

Майдан көгі.
Жас жігіт,
ыза кернеп кеудесін, тістенеді,
жүйткітеді «сұңқарын» құс денелі.
Неткен бақыт айқасқан көк аспанда!
Жер құштырып жауларын, өзі асты алға.
Билеп алды қаһарлы күш денені.
Мөлдір емес аспан да күлгін еді,
«шмидтерді» ол найза боп тілгіледі.
Опасыздар! Бұлар не істемеді?!
«Шмидтердің» нешеуін
жер қаптырды. Бірақ ол санаспады.
Біреу тағы келеді жанасқалы.
Қанша достың қаны бар бұл сұмдарда
өмірімен борышты ол қыршындарға!
Қап, оқ тиді. Қырсығын қарашы, тағы!
Самолетін жаралы бұрып келіп
(енді басқа қалмады жігітте ерік)
жаудың ауыр составын аластады.

Ауа іздеді орнынан сәл бұрылып,
тек шлемін басынан алды жұлып,
күлімдеді соңғы рет... жақ ашпады...

Он сегіз жас!
Қыз жасы бұлаңдаған,
құрбысының көзінен сыр аңдаған.
Сыр орнына кек ойнап жанарында
ыза жасы жұтылмай тамағында,
тұншықтырып оқ құшқан мұнарлы алаң.
Оғы бітті. Қиналды-ау мұнша жаны,
үміт, арман жанарда тұнса-дағы
жау дзотын денемен тұмшалады.
Таңданды жау: «Ессіздік! Бұлар надан!»

Ессіздік пе!
Мұндай ессіздіктерге жүгінер ем,
өмір ғой бұл үзілген. Күңіренем.
Байланысшы еңбектеп, жанұшырып,
оқ өтінде аунады қары сынып,
қол дәрменсіз, тұрса да жаны шығып
үзік сымды жалғады тісіменен.
Жатты солай үзілген сымды тістеп...
Айтамыз ба мұны да сұмдық іс деп?
Жоқ, бұл — ерлік. Өтейміз мұны немен?

Бара жатты ол орманда
бейқам жан боп, айнала құлақ түріп,
орманшыдан алған-ды сұрап біліп
партизандар бағыты қайда екенін.
— Қолға түссең?
— Саспаңыз. Айла етемін!
Орманшыда сонда да бір-ақ күдік —

қолға түссе шыдар ма? Жастау әлі.
«Көрсетермін,— дейді өзі,— масқараны!»
Сосын еске алады жылап тұрып
дарға асылған анасын жас балалы...
Село жауда.

Жауыздар қан тілеген
атып, асып өзіндік салтыменен
жүр бейкүна жандардың қырып бәрін,
мазақ етіп дарға асқан тұлыптарын.
Бір кемпірде жалғыз қыз бар-тын өрен
алып келді. Офицер зілденеді:
— Коммунистер сслода кімдер еді —
Ата, түгел!

Қайсар қыз үндемеді.
Бас ием сол өр қыздың даңқына мен.
Ол бір өлмес ерліктер жасады ма?
Жоқ! Бірақ дақ салмады жас арына.
Адалдық пен кек тұнған бұл жас ірең
сатылмайтын, сатпайтын тұлғасымен
елестетті ерлікті. Шашы ағы да,
жасаңы да қайран қап бар сындары
елең болмай, ызадан қалшылдады,
тұр булығып сары пақыр маса мына.

Құтырынды:

— Бұл не деген өжеттік, қайсар қылық?
Талай ерді жүргенде тайсалдырып!
Қыз жиіркеніп, әдейі күлімдеді,
әлі де ұстаңқырасын жының деді.
Ыза толған демінен май шам бұғып
офицер тұр.

Торларын тыңнан құрып
сонда да есін шығарды жындандырып
мынау жап-жас қыздағы байсалдылық.

— Бұлар — ауру!
Коммунистер бастарын айналдырған!
Күтеді енді ажал мен қайғы алдыңнан!
Есуастар махаббаттың ұққан ба құдіретін!
Сүймес, сөнбес адамдар — тірі жетім.
Сүйе білмес сорлыны қайран қылған
мынау жандар, өлсе де сатпай елін.
Жау-пақырлар дал болды таппай ебін,
«ендігі амал — көздерін жойған жылдам!»

Миллиондар!

Сонау жендет-соғыстың құрбандары,
қара Жерге қақ болып тұнған қаны.
Сезсеңдер-ау сендерді ел күткенін...
Ұрпақ үшін жасаған ерліктерің
мүмкін емес сол күйі жырланбағы.
Ұрпақ мәңгі бас исін тұрып мейлі —
сендерді олар бөрібір тірілтпейді —
содан бізде жазылмас мұң қалғаны.

Біз білмейміз әлі күн есіміңді.
Қай сайда қалды денең...
Күтуменен көп жүрек зарлы дер ем.
Мәңгілік от жағамыз белеске тік,
сенің мәңгілігіңді елестетіп,
содан өлмес ерлікті, таңды көрем.
Сенен мирас ұрпаққа — тарлан жігер,
хатыңды да қастерлеп қалған бірер,
іздейді әлі өзінді балғын өрен.
Белгісіз солдат дейміз.
Ұлы едің-ау біреудің тілеп алған,
Белгісіз боп қалдың сен. Міне, жалған...
Бозбаланы қиялмен күрсіндірген
әлде аяулы ару ма ең? Кімсің! Білмен.

Білерім тек — бойында жігер арман,
елге келген ауыр күн, сындарды ұғып
ұрпақ үшін жаныңды құрбан қылып,
жаумен шайқасқаныңды біледі әр жан.

Белгісіздік... — жұмбақтық
қашан сырын білгенше асықтырған,
тыншымайсың, іздейсің асып қырдан...
Кейде еркелеу, кейде асқақ арулар да
(есіңді алған сезімге дару бар ма!)
жұмбақ қылығымен-ақ ғашық қылған...
Жалғасады жұмбақтық мәңгілікпен,
отырасың қиялда таңды үмітпен,
армандарға талпынбай, жасып тұрман!

Миллиондар. Мәңгілік жұмбақ жандар,
батырсыңдар халық пен ар алдында,
сендерді іздеп талай тер тамар құмға...
Білем, Батыр атағын ала алмадың,
мүмкін жалғыз медаль да таға алмадың
(даңқ аңсаған жоқ еді бал арманың).
Бірақ тұлғаң Ерлік боп қалар жырда.

Мен айта алам бұл күнде батыл тұрып:
кеудесінде ерліктер жатыр тұнып
менің мынау жұмбақтау даламның да.

Дала ұлдары
елі менен жері үшін түн қатқанда
ер атансам деген жоқ. Жүрді ақпанда
қорғау үшін Отанын. Ұрпақ үшін.
Көмген талай төбеге жұрт арысын...
Алтын мүсін қойса сол қымбаттарға
ескерткіштен көрінбей қалар еді
біздің шалқар Отанның дала, белі!
Әр төбеде ерлік пен сыр жатқанда

басыңды иіп сол ұлы мәртебеге
мәңгі алауды жақсаң да әр төбеге
көп болмайды. Жас ұрпақ, шындап барла.

Белгісіздер...

Мәңгі өшпейтін от болып тұр елімде:
әлде ол сенің лаулаған жігерің бе?
Әлде өмірге деген жан құштарлығың —
әйтеуір сол мәңгі отта күш бар бүгін
серпілтетін түндердің түнегін де!
Өшпес махаббатым да сендік менің.
Мәңгі алау боп сендердің ерліктерің
мәңгі қалар ұрпақтың жүрегінде.

III

* * *

Жас келіншек
жас тұнып жанарында,
қара түнде көміліп нала-мұңға,
(сонау сәттер елестеп көзді арбайды)
күбірлейді, ең ыстық сөзді арнайды:
қалмай бірі: «Жарығым!», «Қарағым!» да...
Тарылтады тынысын түндер керең,
күндіз көппен жер басып жүргенменен.
Құс жастықты құшады күйеуінің
таныс исі сіңіп те үлгермеген.

Балғын дене балқымай, мұң қамаған,
бұл сезім ғой көңілді қылған алаң.
Төсегінде дөңбекшіп аңсап-талып,
сонсын таңда көз іліп шаршап барып...
Білем, білем. Таныс жай бұл да маған.

(Сәттер болған менде де
құлазыған, жүрегім дірілдеген,
дірілдеген, көздерім ілінбеген:
мен біреуді сүйгенмін өліп-өшіп.
Соны ойлаймын, аңсаймын бүгінде мен.
Ол-дағы ессіз сүйетін шатастырып
атқан таңды кешегі іңірменен...)

Түн еді бір.

Есігі тасырлады.

Сасып қалды келіншек. Басындағы
орамалы сусыды, түсе берді.

Әлде келіп қалды ма асыл жары?

Оңбаған ба әлде бір келіп тұрған
жалғыз басты әйел деп басынғалы...

Неге, неге осынша қалтырады,

мынау есік неге тез ашылмады,

Таныс жандар көзіне елестеді,

жеті түнде жай жүріс емес тегі...

Бір нәрсені көтеріп тонға ораған

жоқ! Нәрсе емес! Бас, көзі...

болжады — адам.

Осы, осы таныс жүз емес пе еді?

Не болды әрі. Білмейді. Есінде тек

айқара ашқан есіктен жел ескені.

Шыныменен...

Жоқ! Мынау қайдағы адам?

Адам? Қап қой аузын байламаған.

Арман сонда шынымен тапталды ма?

Қол-аяқсыз домалап жатқан мына

сол жігіт пе? Жоқ, мұны кешіре алман.

Анық сол бір жігіт пе есін алған,

құшағына ап алқынған, аймалаған?

Сол!

Кезде анау от қалған, ыза қалған.
Шаш ағарған жиырмада ұзап арман.
Мұның балғын денесін қаусыратып
тастар сонау күш қайда бұза жарған?
Қалай енді жанына жақындайды.
Талықсытты әйелді ақыл, қайғы.
Жұрт тым-тырыс. Айнала тына қалған.
«Есің жигын, — деседі қоршағандар, —
өзгермейді болған іс жылағаннан.
— Құдайым-ау, шүкір ет. Бар ма арманың?
Маған қара, — жалғyzым, алданғаным
келсе еді ғой осылай домаланып,
алданыш боп қалмас па еді о-дағы анық...
Солай келсе жоқ еді арланбағым.
Қол-аяқсыз домалап оралса да,
шүкірлік ет, шырағым, таңданбағын!

Керекпейді

ақыл айтып жұбату, үгіт деген.
Қалай өмір сүреді тұлыппенен.
Тәтті екен ғой күтудің қасіреті,
өр тұлғасын еске алып үмітпенен.

Кім кінәлі?

Кегімді кімнен алам?
Енді маған шуақты күн де қараң.
Арысымды бұл күйде көргенімше,
соқыр болып қалсамшы өлгенімше,
неге керек жер басып жүрген аман?
Бұдан артық қасірет әкелмейді
өлім, қайғы, азапты түн де маған.

ЖАСТЫҚ ШАҚ ТУРАЛЫ ЭЛЕГИЯ

(қарт солдаттың ойы)

Жарау күндер зулайды, оралмайды,
дамыл көрмей самғау да оған жайлы.
Жастық шақты от жылдар алып қашты,
жете алмадық, ұрттадық содан қайғы.

Жеткізбейді мезгіл-жел дара шалқып
(қол жетпеген нәрсенің бағасы артық).
Төбешіктен жасайды қия шыңды,
құз, тауларды мүжиді аласартып.

Өктемдікке құштар бұл дарқан уақыт,
тарихқа да қояр жүк арқалатып.
Балапанды самғатар қияларға,
қарт қыранның жанарын қанталатып.

Заңы да бар мезгілдің сынар тағы,
жылатып ап, сәбише қуантары.
Бір кез айдын шалқыған ну даланы
көрмегендей тамшы су қуартады.

Өмірде ылғи жүрмейсің бақта күліп,
не сайрандап алаңсыз атқа мініп.
Тасып кетсең, менменшіл уақыт деген
ес жиғызып алады жақтан ұрып.

Екпініне сені де орап алып,
уақыт өзі шыңдауы, соғары анық.
Сонда уақыттың тезіне төзе алмасаң,
мұрттай ұшып қаласың домаланып.

Жүгіресің тағы алға ұшып тұрып,
жұлқығандай бір дүлей күш ықтырып

Сен қарайсың ызамен, таңданумен
сүрінбейтін жандарға мысық қылық.
Тірлік-мұхит жатады шалқып ағып,
сүйрелейді — мейлің сен қалтыра, бұқ.
Шапқылайсың сонан соң бұл өмірдің
қызығын да, қайғысын қарпып алып.

Жығыласың, жылайсың, ысыласың,
қуанасың, күлесің, тұшынасың.
Қайта оралмас жастықтың бұла құсын
қимастықпен қиналып ұшырасың.
Солай өктем уақыттың пысы басым.
Минуттардың қадірін сонда ұғынып,
тез-ақ өткізгеніңе қысыласың
тағы аңсайсың көктемді, бұла шақты
(жастық кетсе — көңілдің қысы басым).

Айлы кеште албырап ән-сағымға
сүйе алмадық қыздарды бал шағында.
Жүрек шіркін, сыздайсың, тұншығасың
қасіретте қан кешіп шаршадың ба.

Уақыт жүйрік. Ол рас. Заңды бұ да,
бірақ, жүрек, таста сен зарды мына:
біз жастықты Ұлы іске арнағанбыз —
ұрпақтардың, халықтың тағдырына.

* * *

Күтеді ана,
күтеді жалғыз ұлын,
қайғы өрнегі торлаған әрлі жүзін.
Жаңа өмірдің жолында құрбан болған
көре алмады арманда жар қызығын.

Өсiрдi ана

жалғыз ұлын — тiрегiн, жұбанышын,
соған арнап жастық шақ — жыл ағысын
Жалғызымның қызығын көрсем-ау деп
соны ғана тағдырдан сұрады шын.

Жарсыз жалғыз...

мөлдiр арман жырақтап, былғанды үмiт.
Жас кеудеде жатса да мұндар бұғып,
бәрiн-бәрiн тұл еттi сәбиi үшiн
албырт шақтың құмарын құрбан қылып.

Жас кезi едi.

Өтiп жатты бейжай боп түндер тымық.
Күндер ұмыт шалықтап жүрген күлiп.
Бұл көрiнсе көз қыры түсе ме деп
жiгiт бiткен қалатын бiр желпiнiп.

Нұр жанарға

ерте кешкен қайғыдан мұз жабысқан,
кейде күлкi орнына ызғар ұшқан.

Жиын-тойға барса егер,

жас әйелдер

қызарақтап қалатын қызғаныштан.

Бiр еркекпен сөйлесе,

өсектейдi әйелдер таң атырмай
(кейде адамға жабысар жала тынбай):
қызғанады бейшара күйеулерiн
қапелiмде бұл тартып алатындай.

Өттi солай жастық шақ.

Байсалдырақ болды ерте, кемелдедi.

Жалғыз ұлдың қамы едi тек ермегi.

Ана жүрек сақтады мейiрiмiн,

өйтпесе ерте алау жан семер ме едi.

Келін келді
шағын үйді шаттыққа қарық қылып.
Қуанды ана көз жасы тамып тұрып.
Немере де сүйіп ол үлгермеді:
ел басына күн туды. Қамықты жұрт.

Ұл аттанды
қанды майдан батысқа, жырақтарға
(ол кез ерлер көрмеген сынақ бар ма!)
Өткерді ана түндерді кірпік ілмей
өмір тілеп жалғызға жылап таңға.

Жылдар өтті зуылдап қыранша ағып,
сан жанарға қайғылы тұман салып.
Сонау күнгі алау жүз келінінің
кетті түгел самайын қырау шалып.

Жылдар өтті. Ол бірақ оралмады.
Қыран қайтып ұяға қона алмады.
Шашы ағарған қос әйел күтеді оны,
үміт оты сөнбеген оларда өлі...



Сарбаздар,
сан ғасырлардан
аңғалдықтан қайғы жеп, ашынғаннан,
зұлымдық пен жауыздық барын сезіп,
Адам алғаш қаруды асынғаннан
бері сендер көз ілмей, жер үстінде
келесіңдер қызықпай жеміс-түнге
тыныштыққа тұнсын деп жасыл жалған.

Жасыл жалған
бірақ та қаншама рет
азап шекті қансырап, қанша жүдеп.

Тартса-дағы соғыстың тауқыметін,
талай адам қалса да жалқы, жетім.
Бірақ жорық тынбады. Таңсәрілеп...
алзу қанды қылыштар аңсады кеп...

Қылышта не жазық бар?
Адам оны қайраған, қанға малған,
атпасын деп біреудің таңдары алдан,
құм қаптырып кетсін деп алдағы арман,
Адам біткен сыйыспай қырқысқандай,
соншалық тар ма жалған!

Дала талай
көмілген шаңға бөгіп,
жас жігіттің албырттау арманы өліп,
адамдардың бақастық ойларынан
қансыратқан Жер бетін ойран, лаң,
арыстарды тасалап қарға көміп,
аңырады арулар ардағы өліп.

Сарбаздар
тілгілеп дұшпандарын,
ел кегі үшін кеудемен құшқан жалын.
Кескілеген, қан тамған қылыштардың,
алапат ұрыстардың
жазықсыздар арқалап күш-салмағын
(өке күткен менің де ұшты арманым...).

Иә, иә,
өкемді күткен мен де
(жетім жайлы ой жоқ-ты тіптен менде)
оралар деп майданнан жеңіспенен.
Бірақ у да көп екен мен ішпеген.
Жетімдіктің тағдыры жүктелген бе,
сонау жылдар әкесін күткендерге,

Көре қалсам көшеден шинельді адам,
солдат болса өкем деп түйген маған
елестейтін сол болып. Үміттенем.
Ол болмайды. Мұңаям. Күдікке енем.
Көп қайғырды. Өлмеді. Үйренді анам.
Бірақ, бірақ...
Ұмыта алмайды екен ғой сүйгенді адам...

Солай біздер
қоштастық балалықпен.
Біз күткенбіз өкені, ана күткен.
Күту қиын. Адам ба мұны ұқпаған.
Солдат көрсем өлі күн тұрып қалам
өкем емес пе екен деп қадалып мен.

Айбындылар
қыран көз, маңғаз жаны,
Жер бетінде соғыстың барда ызғары
сақтау үшін Отанның бұлақ-бағын,
өділет мұраттарын
өткізіп сан көктем мен сан жазды өлі
тұрсыңдар сақ,
халықтың сарбаздары.

Сарбаздар —
өр үйдегі ананың жанған бағы,
сүйілмеген өр қыздың армандары,
мұнарланып тумасын Күн алдағы,
сақ болыңдар, халықтың қырандары,
қанқұйлылар барында жалғанда өлі.

* * *

Замандасым,
жұмыр жерге қарашы:
қасіреттен адамдар бас алды ма?

Қан жұтса да зұлымдар шашалды ма?
Біреулер мәз (ондайлар ашынған ба!)
Арам ойын өзгеден асырғанға.
Тынады осы тартыстар қашан мына?
Өзгелердің бақытын тартып алып,
залымдар жүр масайрап шалқып анық —
ар дегенің оларда жасанды ма?

Мен таңданам:
неге біреу біреуді сорлатады,
Жазықсызды жығады орға тағы.
Ал сондайлар неге көп өрмекшідей?
Қалай олар ұйықтайды дөңбекшімей,
қалай тыныш атады сонда таңы?
Әлде ондайлар жұрдай ма адамдықтан,
сырты сұлу жауыз ба қамал жұтқан?
Неге сондай жандардың мол қатары?
Осы ойлардың бәріне бас қатырып,
ойлы жанар бейуақта жасқа тұнып
бейбіт күнге жүкті Жер толғатады.

Толғатады.

Қашан да ол тыншымайды:
жауыздықтар денесін шымшылайды,
бір соғыстың қаны өлі кеппей жатып,
бөбек ойнап отырған беткейді атып
қанға жерік қорқаулар қыңсылайды.
Қайтсін олар өзгенің қайғы-мұңын,
қайта содан табады жайлы күнін,
ары алдында қынжылып ыршымайды.
Таңданамын міз бақпас арсыздарға:
талайларды жазықсыз малсын қанға,
Бірақ, бірақ сенем мен:
түбі шындық қалмайды тасаланып,
әділ күннің сәулесін шашары анық.

Қан жұтқандар жүрмейді басып өктем!
Келеді, рас, Жеңістер қасіретпен,
құрбандықпен... талайдың шашы ағарып.
Жауап береді ол сұмдар ар алдында,
жанталасын өлерде қалар мұңға,
зұлымдықтың барлығын жасап алып.
Ұрпақтар! Есте сақта:
талайға әлі жауыздық дақ салады,
дақ салады гүлдерге бақшадағы.
Әлі талай адалдар сүрінеді,
бірақ түбі шындыққа жүгінеді,
көп болғанмен өмірдің жақшалары.
Ақиқаттан бәрі де бұлтармайды,
әділетті ешқашан құрта алмайды.
Зұлымдықтың көздеген жақ-садағы
ұлы ерліктер уақыттан мұқалмайтын
қасіреттің өзінен басталады!

ТАҢ

Көктемім келді
салтанат шамын жақты арман,
шашылды шапақ ақ таңнан,
өн шалқып, абат бақтардан,
көңілдер бүгін қуаныштарын көл-көсір
жыр тасқынындай ақтарған.

Қытықтап жанды
самалы — саумал даламнан
сәуле-нұрлармен жаңарған,
таулардан аппақ қары ардан
шадыман шалқар шаттықтың исі аңқиды,
Гимн ойнайды қара орман.

Күлімдеп Күн де
жанары тұнған жас үміт
алтын нұр болып шашылып
самғайды бүгін аспан төріне асығып;
көк, қызыл шарлар еркелеп ойнақ салады
балапан бауыр ақша бұлттарға асылып.

Мереке келді еліме менің сағынып,
ару жер шықты бәйшешек гүлін тағынып,
еңбектің өні бұлақтай еркін ағылып,
салтанат сәтте құлпырып тұрды алаңдар
алқызыл тулар жамылып.

Ильич елі салтанат шеру бастады,
шаттыққа тынып орманы, белі, асқары;
революция ардагерлері, жастары
нық басып, өне, барады болашақтарға!
Бейбіт күн құшқан самала дидаар ақ таңда
думанға толды Советтік Отан аспаны!

БОЙЖЕТКЕННІҢ СӨЗІ

Сен маған көктем боп кел
нәзіктеу жанымды ұғатын,
Отты махаббатыңмен өктем боп кел,
Асқақтығымды табындыратын.

Қазақтың шалықтаған әні боп кел
жүрегімді дірілдететін.
Сол әндердің сырлы әуен — нәрі боп кел,
Жанымнан мұңым кететін.

Сен айтпай-ақ ұғардай түсінікпен кел
осы бар қалпыммен мені.
Тек анамның алдына кішілікпен кел —
Қайғы шалмасын аяулы алтын реңді.

Табындыр тауып тізгінін бұла көңілдің.
Сол шақта мүмкін өзіңе ғашық етпегің.
Сен өйтеуір ұмыттыр мынау өмірдің
мені толғандыратын қасіреттерін.



Қуанышты мендегі
сенің қайғың улайды
Ешбір адам жердегі
білмейді бұл мұң жайлы.

Сүйсе, бақыт емес пе —
мен біреуге тәттімін.
Түсесің де сен еске
сап болады шаттығым.

Аяз шарпып денені
сүйген болам бекер кеп.
Сені іздегім келеді
қай жерде отыр екен деп.

Сен жайлы ойды жасқадым
қалмасын деп ол біліп.
Құшағында басқаның
сені ойлаймын. Сорлылық.

Буынымды босатып
 сыбырлаған үздігіп сенің үнің,
 сосын менің тек саған жерік үнім...
 жанарымыз түк үнсіз ақтарған ой
 тек екеуміз білетін сәттер бар ғой? —
 алақандар тигенде, бұлақ-құмар
 дір еткізіп жүректен бір-ақ шығар —
 барлық елес таптады мені бүгін.

Жерлеп келіп...
 Жоқ, жоқ! Иә, өзіңді жерлеп келіп,
 отырдым сен деп семіп,
 өмір деген өзіңсіз қараң қалып,
 керең болып кеткендей тамам халық...
 Осы менің бүгінгі есімдегі.
 Сені осылай жерлегем.
 Кешір мені.

Сен мені күтпе ешқашан. Алаңдама.
Өзіңді айыптама, жамандама.
Жүрегің мен деп соқса,
басу үшін
бәрін де маған жама.

Мен соның барлығын да көтеремін.
Сені әзір аймаласын бөтен ерін,
бәрі бір саған титтей тыным бермей
ішінді күйдіреді от өлеңім.

Сен мені басқаларға қорлап ем де,
тыншырмын көңіл қалып сонда мен де.
Мені ойлап жараланған жүрегіңді
білсең де жазылмасын зорлап емде!

Өзіңді, өзгені де алда солай
(көмілсін менде ертерек шаңға самай),
Қаншама жанталасып тырысқанмен
Жүрегің мені аңсаудан қан-жосадай.

Мен жайлы мұңайма сен дара қалып
(өлі ұзақ қайғы болам саған анық!).
Ұқ бірақ бірімізге атқан оқтан
қаламыз екеуміз де жараланып.



Іш тартпай
кейде салқын қарап қалам,
адамдай жаратпаған —
таңданба, қалқам, бұған
сезіп, ұғып қарарсың әлі-ақ маған.

Мен де бір кез
күлгенмін, жарқылдағам,
қуаныш боп келетін әр күн маған —
екеу едік. Жоқтай-тын басқа бақыт,
айнала алтын ғалам.

Махаббаттың толқыны тұншықтырса,
ұмытады атағын, даңқын да адам)
Сосын... бір кеш... көз салып реңіне
қорғасын боп балқыған жүрегіме

мұзды суды құйғандай салқындағам
Солай, айнам.
Мүмкін жұмбақ жандаймын саған анық.
Суық, сұрғылт күндер де барады ағып.
Өзгереді адамдар қалған кезде
сенімі жараланып.



Кетсе де алдап сағымдай үміт, арман,
мен сені ұмыта алман:

төгілген көз жасым үшін,
жүрегімдегі сен атқан қорғасын үшін;
саған ессіз сенгенім, сезгенім үшін;
сен үшін достардан безгенім үшін;

сені құшып тұрып пәктікті армандағаным
үшін...

арланбағаным үшін;
сен бардағы мұңсыз күндерім үшін,
тілеулестерді күрсіндіргенім үшін;

аймалап-құшқан қылықтарың үшін
дүниені ұмытқаным үшін;
өкініш қарыған жалын-мұңым үшін
жалт етіп өткен сағым күнім үшін
Мен сені ұмыта алман.



Жанымды шырмап менің бұлыңғыр мұң
қайғыдан аласұрдым, сүріндім мың.
Еш пенде шыдамастай қылығыммен
сендерді қаншама рет түңілдірдім.

Азабын тартуменен күншіл күннің
шаттанар сәттерде де үнсіз күлдім.
Опасыздарға деген кек-ызамды
сендерге төгіп қанша күрсіндірдім...

Кейде, рас, қыңыр мінез, сыңаржақпын
(сонда да еркелеттің, бұлаңдаттың).
Сендерді ренжіттім біле тұра,
соныма қаншама рет жылап жаттым...

Мен жұртқа ұнасам деп тырыспадым
(ойсызбен мүмкін емес ұғыспағым).
Шындықты көлгірсімей көзіне айттым,
сол үшін кезеді әркім қылыштарын.

Мен болсам, ызаландым барлығына,
жұрт маған қимай ма деп таңды мына.
Күрсінсем күлімдеді кейбіреулер,
тек сендер ортақ болдың зар-мұңыма.

Әйтеуір сендер мені тастамадың
(шынында арналса да басқаға әнім!).
Ешкімнен сескенбеймін.

Тек сендердің
осы бір ниеттеріңнен жасқанамын.

Қоңырқай бұлт тас түйіп қас-қабағын
тұмшалады аспанның жақсы ажарын.
Көп жыламас адамның көз жасындай,
төгіп жатыр шелектеп тасқа зарын.

Бұл қалпында түрі жоқ күш сынатар:
найзағайы шындықтай сұсты, қатал;
қараланған жаламен адал жандай,
жанарынан ызаның ұшқыны атар.

Сорғалатып жүректің жасын-жақұт
өйнекті ұрып барады тасырлатып.
Мен отырмын бөлмеде тұншыққандай
таза ауаға шыға алмай басым қатып.

Жүгіруге еркіндеп жасыл жайға
жер лайсаң. Көңілсіз осындайда.
Қол шатырға бүрсеңдеп тығыласың,
бұлты тарап мына күн ашылмай ма...

Қара жаңбыр өлі де құйып тұр-ау,
аттай алмай отырған сиық мынау.
«Әрі төтті, өрі ащы жыр жаз», — дейсің,
не жазылар мұндайда, сүйіктім-ау...

Төсекте тынши алмай
жатсаң түнде,

байырғы тыңшылардай
Құлақ салып күздегі қайтқан қаздың
мұңды әніне қосылып сыңсыған жай
тыңдашы үн шығармай:

қаз қайтады
(арманы мол жүректің аз ба айтары...)
ол әлі күн өзіңе сездірмеген
мендегі назды айтады
Қоштасудың мұңдысы-ай, кездесуді
Табиғат жазғай тағы.

Қаз қайтады
өуенімен елтітіп таңғы үмітке,
үміт-нәрсіз көңілге сән кіріп пе?
Қош айтыссын, қиылып қоштасусыз
сағыну жоқ, жоқ тіпті бал күдік те.
Ауруынан тұрмасын сезген жандай
қоштаспағай тек қана мәңгілікке...

ТУҒАН ЕЛ

Сағынып оралар ма ем
алыс жолдан жеткенше асық болып,
сен бар-ау деп шаттықтан тасып-толып,
дүниеде көзіне басқаны ілмей,
тек анасын ойлайтын жас сәбидей
мен де сенің кеуденді аңсамасам,
сен де мені күтуден шаршамасаң,
құшағыңа алғанша тынышталмай,
кездескенде жанардан мұң ұшқандай
ес шығып кетер бізде,
қуаныштан мәз болып екеуміз де,
бар сезімді көздерден байқағандай
отырмасақ,

айтарға сөз таба алмай
сағынып оралар ма ем,
жиһан кезе бермес пе ем онан әрмен.

Жарқылдап жүрер ме едім
арман-нұрға тоғытып жылдарымды,
болмаса егер көк жарған шыңдар үлгі;
мөлдірлікті алмасам бұлақтардан,
аярланбай,

аңқылдап сыр ақтарған,
теңіздердің тұңғыық тереңдігін,
тереңдіктің арқалар кемел жүгін,
жазықтықтың көз жетпес шалқарлығын
(шалқар жерде болады дархан бір үн)—
сен құймасаң қаныма мұның бәрін,
сіңірмесең халқымның жырын, нәрін,
жарқылдап жүрер ме едім,
сезінбес ем ешқашан жігер желін.
О тугал ел,
мен өзіңсіз қанатсыз, тұғырсызбын,

сен болмасаң сөнемін — ғұмырсызбын;
маған — сенің сезімің қуат, серік,
саған — менің сезімім шуақ беріп —
демімізден мөп-мөлдір нұрды жұтып,
тірліктегі азап пен мұңды ұмытып.
Қос махаббат алауы жер үстінде
бұрқасынды өмірді тұр жылытып.

Толқындар бұрқанады
бірін-бірі тепкілеп шалып жығып,
буралардай тістескен санын жұлып,
бейкүнәсіп қараған дүниенің
алдамшы, жат қылығын — бәрін де ұғып,
жібергісі келгендей қағындырып.

Сумаң жел де жылмаңдап — таныс қылық — баяуласа толқындар — тағы ысқырып, қойға қасқыр тигендей айтақтайды бір-біріне соқтырып, алыстырып, ақкөз толқын өршиді онан сайын қанталаған жанарда намыс бұғып.

Жүйріктердей жаратып таң асырған,
тепкісінен толқынның жаға сырдаң.
Теңіз — жыңды
сағынып сені күткен
кездердегі мен сын-ды аласұрған.
Арнасынан шығам деп арпалысып,
сосын сұлық жатады шарасыздан...



Тыңдашы, жан досым-ай,
біз енді жүреміз бе мәңгі осылай:
екі жақта жалғыздан жылап, күліп,
бірімізге-біріміз құлақ түріп;
сырттай мәз боп көрініп, іштен жылап,
жоламауға тырысып күшпен бірақ;
мен сені ойлап елжіреп, сен де мені,
екі жүрек қашанғы сенделеді;
ұмыта алмай, аһ ұрып дара жүріп,
жат құшаққа тығылып пана ғылып —
сен сияқты жарқылдап жүрем мен де
ағайынсып, доссынып біреулерге,
жанымызға солардай ең керегі,
толатындай көңілдің келте жері...

Еске салып сол кезді есер жүрек,
жын соққандай қаламыз есеңгіреп.
Бұл жақындық тағдырмен келген еді,
мүмкін емес оны ешкім емдемегі.

Бөлектейтін арман жоқ жеке бізде,
түскенменен басқа жол, бөтен ізге...
Жүрек жасты жетімдей. Шынымен біз
осылай кетеміз бе?..



Бәрі менің есімде:
сені күтіп терезеден қараумен
минут санап тұрғаным,
жанымды өртеп бір жалын
серпи алмай сағыныштың мұңдарын;
сосын сенің кіріп келер сәттерің,
тілсіз, үнсіз аймаласқан тәтті ерін...
қос жүректе — ақ сезім мен пәк сенім;
көп ішінде

сыр ақтарып көзбенен
жырақ шығып өзгеден
оңашарақ қалуды ылғи көздеген
сәтке ынтығып шырын-бал,
қол ұшынан бойға тарар жылулар,
тек екеуміз түсінетін сыбырлар;
құлақ қоймай еш үнге,
сезім селін ынтығып бір кешуге
аласұрдық. Бақыт па бұл, кесір ме?
Бірақ бәрі есімде.



Далада гүл жүдейді.
Есірік жел. Қараңғы түн де үрейлі.
Тентек бұлттар ойнақтап
аспан төсін
семсермен тілгілейді.

Көк дүсірлеп, бұлқынған жаралы аңдай,
жаңбыр-жасы ызадан тама да алмай.
Құрақ өлсіз сыңсиды, ардағынан
айырылған аналардай.

Жанарын жанға бұрмай
түнерді аспан, кірпігін таңға жұмбай.
Ашуланса, өш алар кемпірінен
қазақтың шалдарындай.

Таусылып түн шыдамы
жанарында жасы тұр ыршығалы.
Жер,
шыңғырған жүректей жаңғырықсыз,
ызадан тұншығады.

Күн шықты жалқын қырдан
(Жер жайнады арылып салқын мұңнан!)
сенің махаббатыңдай
өлсіз мені
тірлікке талпындырған.



Өтіп жатыр күндерім
қуанышсыз, қайғысыз, жырсыз менің:
сезім өлген. Жүрем тек құр сүлдерім.
Күзгі жауын секілді сүйекке өтер
білер ме ешкім жаныма мұң сіңгенін,
естілер ме біреуге күрсінгенім?!

Алау сезім мендегі
Толқын жеген желкендей ескіргелі,
таң атпайды, күнім де кешкірмеді.
Сұрғылт тартқан мынау кең дүниеде
түсінбейтін секілді ешкім мені,
елестейді мүсіндей кескіндері.

О мен қанша сенделіп сенді кештім,
сонда менің жаныма келді ме ешкім?!
Мен досыңмын дейтіндер тамашалап
қарап тұрды,
дүлеймен мен күрестім.
Есеңгіреп қалыпшын сол жылдардан —
сен келсең де, сірә, енді сергімеспін.

Келеді еріншек түн.
 Жасыл құрақ. Үн де жоқ жағада түк.
 Көл мөлдіреп көзіндей келіншектің,
 жанарына аспанды паналатып,

керілді айлы нұрда
 сүт сәулеге кеудесін жалаңаштап.
 Жалтылдаған тайғанақ айдынында
 егіз аққу сырғанап барады асқақ.

Аспанды өртеді үміт
 Жер-сұлуға сұқтанып сол шақтағы.
 Айнакөлдің жанары төңкеріліп,
 жарқылдайды төсінде моншақтары.

Тына қап жел де жансыз,
 сұлулыққа қарайды Ай да жасып.
 Біз секілді, Аспан мен жер де амалсыз
 көздерімен тұрды тек аймаласып.

Бірімізден біріміз
құтылмаймыз қашсақ та қай далаға:
бізден басқа тірлік жоқ айналада!
Маған айтқан сөзіңді басқаға айтып
өтірік аймалама!

Біз бәрібір о бастан
матаулымыз тағдырдың арқанымен,
бір-ақ сермеп қырқуға балта алып ем:
қансыратты, не пайда, үзілмеді —
сен менің жалқы әнім ең.

Мейлі біздер жүрейік
сыр ашқансып жаны жат басқаларға
(байқа, көзді оңаша жасқа малма!),
түк түсінбес біреулер өр кеуденді
әзірге жастанар да.

Білем, білем әзірше
бұрқан-талқан болғандай желде теңіз,
біз осылай сенделіп сең кешеміз.
Шығынғамен өртенген адамға ұсап —
бәрібір кездесеміз.

Мен онымен қай кезде көрісемін?
Қашан?

Қашан?

Айтшы сен соны, сенім?

Мен қашанғы аңсаумен аласұрып,
жүрегімді, миымды таң асырып,
тарта берем күтудің мұнды азабын,
тағдыр қашан қояды бұл мазағын?

Көрмей, құшпай, қашанғы сенделемін,
естілсеші сен жақтан бір ғажап үн.

Қашанғы енді мен сені ұмытпаймын,
Қашанғы іште жатады ұлып қайғым?

Қашан, қашан ұшады сағым болып
жүрегіме ілінген құлыптай мұң?

Мен қашанғы ішімнен шыңғырамын,
қашан, қашан басылар бұл құмарым,
ей, Адамдар, айтсаңшы біреуің кеп
қандай емнен жазылар жынды жаным?
Неге осы мен өзгеден басқарақпын,
неге жұртқа шат жерде — жасқа баттым?

Басқалардай неге мен елтімеймін
самалына, көркіне бақша-бақтың?

жерік әйел секілді есім ауып,
неге саған осы мен ашқарақпын?

Басым дал-дал. Білмеймін

Немен, қалай тынарын бұл күндерім,
қалай қуам көңілдің бұлтын, желін;
немен басам, білмеймін, жанымдағы
мизам күнгі найзағай күркілдерін...

Жанар — найза, ішім — от, қол дәрменсіз,
жауға алдырған батырдай жұртын, жерін.

Келем көзсіз дауылда арпалысып.

Саған жетіп құлауым мүмкін менің.

Менің тұнық сезімім
өзіңді сағынғанда,
соққандай ағын жарға
қара жердің бетінде сенделтеді,
сонда мені дару жоқ емдер тегі.

Желімделген жаным
құтылсам бұл аңсаудан
адамдай қыран сауған,
атан сойып бір тойды жасар едім!
Бірақ жүрек табады қашан емін?

Өзіңе ғашықтығым
ешкімге ұқсамайды.
Қариды мұз самайды.
О жасаған! Сүйе алар жүрек беріп,
неге маған сүюді мұң еткенің,
дәл осындай қасірет тілеп пе едім?

Жанарлармен тіл қатып,
жүректерді жырлатып,
сезім деген айдынға
мың бұлқынып, мың батып —
кездесу де бір бақыт!

Тамған жасты

нұр-жақұт
еріндермен құрғатып,
ләззатпен аңсауға
ой-санаңды ұрлатып,
қиыса алмай амалсыз,
Қоштасу да бір бақыт!

Елікпей еш жырға түк,
кірпік ілмей түн қатып,
жүрегіңнің дүрсілін
жалғыз жанға тыңдатып,
іңкәрлықтан үздігіп
аңсаған да бір бақыт...
Қонса еді тек бұл бақыт!

Сағыныштың, айтшы осы, төзім бе емі,
 ендеше анау қайғы не көзіңдегі?
 Саған бейжай тұрған боп қарай қалсам,
 жеп қоярдай тұрасың өзің мені?!

Одан әрі төзуге шамаң қалмай,
 өліп-өшіп құшасың, маған қанбай,
 ғасыр бойы шыдап кеп бір-ақ сәтте
 атылатын аспанға жанартаудай.

Менің салқын қабағым сені өртейді,
 мен осыған таңданып қағам таңдай.
 Таңдарымыз тамсантип атсын балдай,
 соқпақтарға толмасын ақшыл маңдай.

Қорқам сенің қадалған жанарыңнан,
 тіл қатсаңшы, қарысып жақсыз қалмай?!
 Қорқынышты осы бір қалпың сенің
 (маған сүйікті еткен сол — қас қылғандай!)
 Тосқауылы көп болса онан сайын
 өршелене түсетін тасқындардай...

Жұрт мені қатал дейді,
найзағайдай мінезі шатырлаған,
біреулері айтады ақыл маған:
өр көкірек, төкаппар, менменсіген...
ұнатпайды дәл мұндай ақынды адам.
(одан сайын мен шіркін қатуланам).

Біреулер қиялдайды:
мұндай адам ешкімді сүйе алмайды;
өтірік өлең жазады талықсыған,
қайдан ғана бал сезім таныс бұған?
(Түсініксіз қалпыммен байғұстарды
ойларымен өздерін алыстырам).

Біреудің жаны ашиды:
Ол ақын ғой өзгеше, дара сыйлы:
ал ақындар сезеді барлығын да,
ақылды да болады, данасиды.

Жастар

жара түспеген жанына өлі
түсінгендей жанымды табынады;
менің асқақ әм мұңды жырларымды
іздеуі хақ солардың, сағынары...
Мен кешпеген дүние жоқ екенін
сезеді олар. Сезеді бәрі-бәрі.

Мен солай көрінемін,
Жер секілді құбылтқан өмір өңін.
Міз бақпайтын адамдай жүре берем
күйіп-жанып жатса да төңірегім.
Білмейді жұрт (білмесін көңіл емін)
менің барлық бал қылық, нәзіктігім
сенің ғана алдыңда төгілерін!

Арылмай күйкі-кірбіңнен,
 мазасыз өтіп түн мүлдем,
 біресе жылап, бір күлгем.
 Содан ба — сені әлі күн
 еркелете алмай жүрмін мен.

Жетесің ұшып, қайдалап,
 сезімің шексіз, айдан ақ.
 Қайтемін сөзбен майдалап —
 сонда да тұрам жай қарап.
 Көрмедім сені жаныммен,
 жүрегімменен аймалап.

Ұғынып өзің, сез мені —
 өмірдің мынау тездері
 қатыгездеу қып кетті ме
 қатерлер көбін сезгелі.
 Білмеймін, әлде қымбатын
 қадірлей алмас кез бе еді...

Сен қайда жүрсің
 мені осынша сағындырып,
 жүрегімді лаулатып жалын қылып?
 Мен сені іздеп жүрмін
 шығар-ау деп жарқ етіп түзден бір күн
 мазасыздық жайлаған жанымды ұғып

Жинап жүрмін жүрекке
 ашу, ыза — кеудемде қамалған үн,
 шаттығым мен пәк күлкім, өн — арманым,
 басқаларға айта алмас сырымды мен
 ішімде бүгіп жүрем —
 ақтаруға тек қана саған бәрін.

Жанымды жайып салам,
 көмілмей жасқа, мұңға!
 Орап сені сағыныш — ақ сағымға,
 (қымсынбаймын бар өлем қарап қалса),
 сені ұйықтатып алдымда таң атқанша
 отырамын көз ілмей бас жағыңда.

Арпалысқан сәтте сол
 сағыныш, наз, қимастық, арман, үміт,
 өттең атып қалады-ау таң да күліп...
 Өлде өйнектен қызғанып Ай қарай ма,
 Ол да сені нұрымен аймалай ма?

* * *

Мен қорқамын:
екеумізге арманның да,
таңдардың да ортағын;
қуаныштың,
жұбаныштың ортағын;
жолдардың да,
ор-жардың да ортағын;
бізге атылған оқтардың да,
достардың да ортағын;
сағынудың,
сезінудің ортағын;
аңсап-талып кезігудің ортағын —
көнбей ешбір дәлелге
бәрін айтып қояды-ау деп әлемге
мен өзімнің көздерімнен қорқамын...

АНА МАХАББАТЫ

Малынып мұң-желімге
жырақта жүргенімде
тайғақ жолдар жанымды бек жүдетіп,
саған деген бал сезім елжіретіп
қатар басып менімен күн де бірге
себеді үміт нұрын
тоңыңқырап жүретін бұл көңілге.

Шың, құздар биіктегі
тұрғандай сүйіп мені
сен секілді үндемей біліп бәрін,
кей шақтағы еркелеу қылықтарым,
кейде жаным төзгісіз тұйық па еді,—
бәрібір саған ғана
осы қалпым, бар қалпым сүйікті еді.

Зымырап жылан — жалған,
құлардай қыран жардан —
кейде алдымнан тосады дүлейлерін,
кейде жайлар жанымды үрей менің,
айрылып қалғандай сыңар жаннан.
Сонда сенің нұр тұлғаң
Қыдыр ата секілді шығар-ды алдан.

Өмірдің бауын, бағын,
мұнарлы сағымдарын,
көз бермес дауылдарын
кешіп келем бәрін де, көріп келем,
кейде қиын жылдарға жорық деген,
кейде денем майысып ауырладым.
Енді біттім дегенде
есіме алам сен барын, ауыл барын.

Сенің гүл алақаның
аялап балапанын
қыран мекен — қияға талпындырған,
қанат байлап арманға жалқын нұрдан.
Ойлауменен есейген бала қамын
жазатын өзің ғана
жанымдағы жалаңаш жара табын.

Ешкімге жала жаппай,
ешкімді қаралатпай
адалдықтың емізіп сүтін маған.
өтірікке тұнса да бүкіл ғалам
шындықпен өт дегенің — үкім маған,
көңілімде жаттаулы дара хаттай.
Шындықтың құздарына
дауылдың ызғарына
кеуде тосып келемін өрмелеп мен,
талай-талай алқынып терге бөккем,
суық өтіп жүрегім сыздады ма —
сенің демің шілденің
күн шуағын құяды мұз жанымға!

Жылытып шуақ-шабыт
жанымнан сыр ақтарып,
нұрына жүрегіңнің ауық-ауық
салқындаған денемді малып алып,
сен сүйейсің жатсам мен құлап қалып,
армандарды бетке алып жүріп келем
сенің махаббатыңмен қуаттанып.

Мен кегімді аламын! Жүрек кегін.
 Дала солай өсірген түлектерін.
 Қайтарамын азап пен қасіретін
 кездерімнің зар шеккен жүдеп менің.

Онда ызадан өртенген тұңғыш денем
 (мұны ешкім де ұқпайды мұңды ішпеген).
 Ниетінді білмеген жауыздарға
 жақсылықты жасау да — қылмыс деген.

Қылмыс өшін алуға бекіндім, ұқ.
 Жалтақтарды жек көрем жетім қылық.
 Өмір бойы дөңбекшіп жүретін қып
 мен кетемін әйтеуір өкіндіріп.

Сонда осылай тістенгем налып жүдеп,
 кейбіреудің жаласы жанымды жеп.
 Сізге деген бір мөлдір сезім кернеп
 бар ызадан сап болды жалын жүрек.

Бар адамның жанында бақыт тұнып,
 жүрмейтіндей ешкім де сатып, бұғып.
 Не құдірет Сіздегі, құдайым-ау,
 мені осынша жіберген бақытты ғып!?

Сендер көп мақтайсыңдар,
мен бір жүрген жай емес, ұлы адамдай,
бақыт үшін біткендей мына маңдай.
Сендерше, мен шынармын — шыңда тұрған
жел құлатпай, жаңбыр мен тұман алмай.

Менің бар жеңістерім —
жұрт оқыса жырымды тегіс менің,
ойлайсыңдар заңды деп мұның бәрі,
мынау шалқар тірлікте құбылмалы
мен, сендерше, жүрген бір періштемін
(о періште көңілді тілеулестер,
бұл өмірде мен не жеп, нені ішпедім!).

Сендер кеп мақтайсыңдар
мен жүрсем де көзде — мұң, шаш ағарып,
төтті-ащының бәрін де асап алып;
ойлайсыңдар: «Қаласа жүреді, — деп, —
бақытты да қолынан жасап алып!»
(мен күрсінем жанартау жарылғандай
шындық кетсе өмірден тасаланып.
Ал шындықтың мәрмәрін қара жерде
өлі талай біреулер қашауы анық).

Жүресіңдер сыртымнан
шаң-тозаңның бәрінен сақтап тегі
(көп өмірдің құм дауыл, аптап демі),
қаласыңдар айтысып, қызарақтап,
біреу мені кездейсоқ даттап па еді;
«Ол да — адам!» — деп іс қылсам келіспеген
(кемшілігім жетерлік — періште емен!)
аласыңдар қалай да ақтап мені.

Мен білмеймін
сендер барда ауа саф, дала кең бе,
бардай ма әлде бала да, ана менде...
Әлде осынау сендердің көңілдерің
жазылмайды дейтұғын жараға ем бе.
Ұғатыным — сендерсіз бақытты боп
жүру мүмкін емес бұл қара жерде.

Мен саған сыр айтамын:
 біреулердің қайтеміз құр айтағын,
 сезе тұрып қайғысын соңындағы;
 білеміз ғой — қателік со жылдағы,
 өкпе, наз бен жел-өсек — соның бәрі
 сені менен мені тек мұңайтарын;
 жел ескендей желпісіп жұрт етегін
 біздерді күлкі етерін;
 сайқал мысқыл ойнақтап жүздерінде
 жанашырсып жат жандар бізге мүлде;
 көктемде аузы тигендей күзгі егінге.
 Мен ұққаным — осының бар «шатағы» —
 тек бізді шаршатады:
 екеуміз де соншалық тырыссақ та
 тіпті сәлемдеспеуге дұрыстап та,
 ұмтылсақ та өзгемен ұғыспаққа —
 содан біздің қайғымыз қанша тағы?
 Мұның бәрі — бізді бір-бірімізге
 одан сайын еріксіз аңсатады.

Жүрегім алқынады бұл күндері:
жуантып, есімді алып күлкің мені
өзіңе, өмірге де ғашық етіп,
шырқатып жібердің ғой күрт ілгері.
Бермейсің жүрегіме титтей тыным,
сен басқаша болуың мүмкін бе еді.

Кетеді сыздап шаншып бұл жүрегім:
кенеттен бұлт жамылса нұрлы реңің.
Сенің де, шаншылаған жүректің де
дел-сал болып таба алмай тұрдым емін.
Сен өйтпесең, тек маған қырсықпасаң,
ұғынбауым да мүмкін-ау мұңды менің.

Білмеймін белгісі ме анық көктің
(мен жалғыз сезім зарын жанып шектім)
жүрегім ауырмайды, өйткені өзің
кеудемнен суырдың да алып кеттің.
Құтқардың мені азаптан алаңдамай.
Ал бірақ...
салмағы қос жүректің саған қалай?

Менің көңілсіз кездерім —
 тасқын жырлардан қалған шақтарым тосылып,
 Ол сәтте менде арман деген де — бос үміт.
 Күңгірттеу менің келбетімді көріп, іштегі
 бұрқаныстарды ұға алмай жүр-ау осы жұрт.
 Азапты ойлардан діңкелеп бейуақ кетемін
 өзімнен-өзім шошынып.
 Мүсіркер еді-ау дұшпандарым да бас шайқап,
 Түндерде менің жасымды көрсе
 жастығымды жуған жосылып.

Менің көңілсіз кездерім —
 ақтарар бір жан таппаған кезім,
 кеудемде тұнып, сыр бұғып,
 Жалтаңдағаным,
 айта алмағаным көңілдегі назды құрбылық.
 Көзім шалғанда бір байғұстарды
 қара басының қамы үшін
 жүретін асқақ арман дегенді тұл қылып,
 Күнкөріс жайын мұң қылып.
 Күйбең тірлікпен күн кешкендердің
 мәз-мәйрамдығын қайтерсің
 дүниенің бәрін жүргендей тіпті тындырып.

Менің көңілсіз кездерім —
 қызғалдақ дәуренде ару дидарлы Күн күлген
 қабағы ашылмай күн кешетіндер кірбіңмен.
 Дүниеден орнын таба алмаған
 байғұстарды көріп жүрмін мен.

Тірліктің тартыс-арпалыстарына
төзе алмағандар тұнжырап
күн өткізеді екен түсініксіз,
мылқау бір мұңмен.

... Осы ғой менің көңілсіз сәттерім,
мұңды сәттерім, досым-ай!
Әлде бұл менің бақыттылығым ба екен?
Кім білген...

Кеттің. Енді жаныма жанашыр кім?
(Мен, қайтейін, өрліктен шарасызбын).
Содан бері жанарым мұңға толы,
Содан бері әйтеуір мазасызбын!

Сен кеткелі тау жақтан жел еспеді,
гүл де солып қалғандай белестегі.
Екеумізді бір арман матастырып,
Екеумізде мұң да бір емес пе еді!

Жасқанғандай өмірдің бақ-тағынан,
жанарымды сен келер жаққа бұрам.
Енді кіммен қосылып ән саламын,
Енді кімге сонда мен ақтарылам?

Қайтсем екен:
Қасіретіңді сенделіп шексем бе екен,
Әлде өзіңе тап қазір жетсем бе екен?
Тұрғызып ап төсектен жеті түнде
жаныма ертіп бір жаққа кетсем бе екен!

Менің жаным секілді аспан көшкен...
Біліп жүрсің —

жәйттер ғой бастан кешкен;
маған деген реніш ұйқы бермей
сенің көңіл-күйің де астан-кестен.

Мен де қалай жарқылдап жүре аламын,
жүрегімді жылатса кінәларым.
...Болғаны да жақсы екен дүниеде
өкпелеуге тұратын бір адамың.

Жанашырлар — жақсы аға, жайсаңдарым,
 Сендер барда асқақпын, қайсар жаным.
 Арқа таңып сендерге, алдарыңда
 ерке басып жүруге тайсалмадым.
 Сендер барда — үкілеп мінгендеймін
 жел ілеспес даланың ай саңлағын.

Сендер бар деп еркінсіп бұлаңдаймын,
 жұрт шалқалап қарайтын шынардаймын.
 Сендер бар деп жасқанбай Жер басамын,
 жанарымнан көшеді тұман-қайғым.
 Сендер теңіз шалқыған.

Шағаласын

шарықтатпай көгінде тұрар ма айдын!

Сендерсіз бұл жалғанда
 жоғалардай ізгілік, бүкіл мейірім,
 Онда мен де көз түспес үтірдеймін.
 Сендер айтқан жалғыз-ақ жақсы сөзден
 жамау-жасқау көңілді бүтіндеймін.
 Ал сендерден сәл салқын қабақ көрсем,
 Іштей налып, өзімді түтіп жеймін.
 Сендер барда
 тілемеймін тағдырдың сыйын бөтен,
 Көз тігемін сағымды қиырға кең.
 Күншуақтың қадірі көлеңкеде
 тоңбағанға әшейін бұйымға тең.
 Пенделер бар күні үшін көлгірсіген,
 ондайлардың достығы тиынға тең.
 ... Бұл өмірде жанашыр жақсыларсыз
 жақсы болу адамға қиын да екен.

Менің екі жауым бар:
 мәңгілік достаспайтын,
 қимастықпен жыласып қоштаспайтын,
 кіріп келсе, жанарым мұң оранған
 қуаныштан жарқ етіп от шашпайтын,
 ол — адамдар шындыққа жүгінбейтін,
 көлгірсіп күлімдейтін;
 өзі істеген жауыздық, зұлымдықтан
 қайғы шегіп ішінен түңілмейтін.

Екіншісі — досымды жамандаған,
 өсектерін өрбітіп сан арнадан
 жүретіндер — қас жауым. Соларға мен
 қаным талай қайнаған, алаңдағам.

Білем, ғұмыр мәңгі емес, қысқа мүлдем...
 кешірмеген, жауласқан тұстарым кем...
 Бірақ маған тіл табу мүмкін емес
 осы екі дұшпаныммен.



Білемін:

өзге жанның шашы, басын
сипайсың, мойнына асыласың.
Ал менің өрлеу бейнем көңілінде
тұрғанын (еркіңнен тыс!) жасырасың.

Сен мені еске алуды қаламайсың,
(жүрегің маған ұшып барады-ай шын)
өйтеуір жүрегіңнің түкпірінде
ешқашан мені ешкімге баламайсың.

Қайтесің, көнесің де тағдырыңа,
теңегің келеді оны таң нұрына.
Зорлайсың өзінді-өзің оған теліп...
жүрегің көнер ме екен ал мұныңа.



Қателескен екенмін. Бір-ақ рет.
Өкініштен өртен де жыла, жүрек.
Әр қадамды мысықша аңдамаппын,
айыптаңдар, қайтемін, кінәлі деп.

Өкпелендер бұлалау қылығыма,
қондырмаңдар талпынған тұғырыма.
Бұның бәрі түк те емес, ал өзімнің
өкінішім жетеді ғұмырыма.

Кінәм жоқ деп ақиқат қарғанбасым,
сыздатып тұр жүректі ар — қорғасын.
...Қателесу керек те шығар, мүмкін,
кешіре алар бір жандар бар болғасын.

Ойламадың сен мені, еске алмадың,
алар бір кез адамдар кешкен жалын
өмір деген кетеді өкіндіріп,
есіңе алма. Бірақ тек кеш қалмағын.

Аяғансып мұңайма: «Зарлы ғашық
ұзақ түні жүр-ау,— деп,— таңға ұласып»
Мен өтермін арыма дақ түсірмей,
бірге шығар белестен жалғыз асып.

«Қалай ғана жүр екен жанып, жылап,
бітті онда,— деп аяма,— дарын бұлақ».
Мейірімге тапшы-ау деп аялама.
Кейін өртеп жүрмесін арың бірақ.

Мені әлі де біреулер сынар, алдар
(сын тағуға шебер ғой бұл адамдар).
Аласармай кетуі мүмкін бірақ
менше күліп, дәл менше жылағандар.



Мен өзімнің жауларымды
ешқашан қарғамаймын,
не өксітіп кетсін деп арман-айдын.
Қайғы бассын деуден де аулақ жанмын,
ойшылдау боп кетесің барда қайғың.

Мен өзімнің жауларыма
тілемеймін елжіреп сүюді анық,
дүниені ұмытып, күйіп-жанып:
шың махаббат малтыққан сәттеріңде
шығарады сәулелі қиырға алып.

Сен қалай есіңе алмай жүрсің мені,
ойламай: «Жүр-ау,— деп,— тек құр сүлдері».
Жаныңды жүдетпей ме сүйіктіңнің
күндіз-түн сені ойлаумен күрсінгені.

Жоқ әлде уақыт таппай жүрсің бе оған,
болмаса жасырдың ба шын сырды одан?
Шындықтан сескенесің несіне сен:
адамдар білсін бәрін, білсін қоғам.

Білем: жүр өшкендей боп арай-нұрың,
жылатып жүрегінді қамайды мұң.
Қалыпқа жұрт сиятын сыймаушы ең ғой,
бұл күнде шыдап жүрсің қалай, күнім.

Мен сонда жылап қалғам.
Сен сезбедің. Кетті ұшып жыраққа арман.
Мұның бәрі неліктен? Білесің сен —
өзіңді ұнатқаннан;
сосын-сосын жүргеннен ұмыта алмай
алып-ұшып жеткенде жырақтардан
кездеріңді алдымда құлап талған;
өліп-өшіп өртенген кезеңдерің,
сосын... түк болмағандай безергенің —
осыларға түсінбей мұң ақтарғам,
басым қатып шешілмес сұрақтардан.
Сезіміңнің мұншалық жалғандығы,
сен үшін бір сәт екен арман құны.



Алыстарға кетейік.

Қаланың бізді көп жалықтырған

күйбеңдерінен жыраққа,

Ақ бас тауларға, аймалап жатқан

күміс шолпылы бұлақтар.

Сен ғажайып ертегілердің батыры

астындағы арғымақ атпен айшылық

жолды бір аттар,

Өзіңе ғана табынған ару болайын,

тозақ боп сенсіз көрінсін тіпті жұмақ та!

Өңгеріп мені әкетші

көк ормандарға тылсымын аяқ баспаған,

түнектерімен өр көңілдерді жасқаған.

Толтырсын меңіреу дүниені у-шу дүбірге

сенің екпініңнен қашқан аң!

От махаббатыңнан өртенген маған еркек еместей

көрінсін — жалғыз өзіңнен басқа адам.

дүниенің бәрі біз екеуміздің жанымыздай

мөлдір болсын деп,

арманның ақбоз арғымағын Айға байлалық.

Рахаттан сонда жылайын күліп жатып мен

өмірден мың-мың айналып!

Сен мені түсінсеңші.

Түсінер деп жыр-маржан төгіледі
(төгілсе жыр сол ғана көңіл емі).
Қошқар мүйіз әжемнің теруіндей
сөз тізбегі кеудемде өріледі.

Өзің жоқсың жанымда.

Теңіз-көңіл қалайша толқымасын
(есің шығып сүймесең, ол күнә, шын).

Мәңгі кетер өзіммен мұң-қайғымды
сен де түсінбеген боп, тор құрасың.

Елестетші: жалғыз жан... жым-жырт бөлме...

Шыдам таппай он кіріп, он шығасың.

Айыпты өзің. Осылай құлазытып,

сонсын қайта көңілді толтырасың.

Менің көңіл-көгімнің жайлауысың,
сұраса жұрт, тек саған жол сұрасын.

Жеткізсінші жырларым саған, жаным,
сен екенін тек жалғыз алаңдарым.

Мені еш нәрсе өмірде таң қылмайды:
даңқ, мансап, кей «мықты» адамдарың.

Білесің ғой, өзіңсіз мұңды жаным.

Үнім шықпай мен іштей шыңғырамын:

«Түсінсеңші сен мені бар қалпыммен,
сарқылмашы мәңгілік, мың бұлағым!»

Саған деген сезімім теңіз сынды:

еш адамға көрінбес төңірегі,
толқындарға батады, көміледі.

Сен осылай құртасың, қуантасың,
тек моншақтар жыр болып өріледі.

Отырдың алдыңа алып — қымсынбадым.
 Осы ма сүю деген тылсым, жалын?
 Ұмыттым өзімді өзім. Соңғы кезде
 сен менің есімді алып жүрсің, жаным.
 Сен барсың. Басқа ештеңе керек емес:
 тастадым жырды, мұнды — құрысын бөрің.

Апыр-ау, бұл не сезім ел кешпеген:
 қалмады титтей сабыр, менде ес деген.
 Жеттің-ау көп аңсатып... Келмес деп ем.
 Саған ессіз бас идім. Белді бұғам
 еш адамға ешқашан сенбеске мен.

Біреулердің өткінші сезімінен
 тұманданған көгілдір сағымды іргем,
 содан мөлдір жаныма жалын кірген.
 Сенде қандай күш барын біле алмадым.
 Әйтеуір табындым мен.



Жүрек құрғыр құрметті ескере ме,
не атақтан, даңқтан сескене ме:
қайтем, сенен жанымда түк қалмады —
қуаныш та, қайғы да — ештеңе де!

Табынған боп, сүйген боп көндігер ем —
көнер емес жүрегім, сорлы денем.
Сыйлағаннан махаббат тумайды екен,
сирек келер сезім ғой ол бір ерен.

Мүмкін бұдан жаныңда мұң қалары —
ер жігіттің намыс қой бір жарағы.
Құлай сүйгізе алмаудан, сүйе алмаудан
сезімдер былғанады.

Басқа түскен қайғыңды
 ешбір адам жан салып бөліспейді
 (дос боп жүрсін, сен күнде көріс мейлі)
 күйзелетін сен ғана, егілетін,
 тек сен тартар азап қой ол іштейгі.
 Мүсіркесіп кетеді, іші қайраң,
 қайғы уынан өртен сен, өл, іш, мейлі.
 ешкім сонда ол уға қолын созып
 мен ішем деп жартысын бөліспейді.

Жақын болсын, не қимас туысқаның
 қаумалайды болса егер тыныш халің.
 Әшейінде шай ішіп, сыр шерткеніңде
 ақтарылып; аңқылдап ұғыс бәрін —
 жазатайым қасірет шеккеніңде,
 бәрінің де байқайсың жылысқанын.
 Көрмейсің сен олардан басыңдағы
 азайтуға азапты тырысқанын.

Ақыл айтып кетеді — дана бәрі,
 данышпансып қарайды саған әрі:
 «Неғыласың осынша қайғы шегіп,
 ұмыт болып, — дейді, — ертең қалады әлі».

Жұбатуды мұндайда
 күйзелгеннен бір мезгіл күш көресің,
 о да алдамшы — бәрін сен істегесін.
 Қайдан сезсін, өксісін өзіңдей боп
 қайғы өзінің басына түспегесін.

Қараң боп онсыз Жер, ғалам
жанымды мәңгі мекендеп,
кеткен бір жанды сен маған,
ұмыттыра алар ма екен деп
толғанып талай күрсінгем.

Талықсып жүрек дүрсілден
дөңбекшіп жатқам түндерде.
Жылағам жалғыз, үнсіз мән
Мәз екен деме күлгенге —
қансырап қалған жүрегім.

Оралмайды енді білегім
ешкімге, — деп ем, түңілгем.
Жанымның серпіп түнегін
әлі естілмеген бір үнмен
сен келдің. Қалай? Білмедім.

жүрегімді қалай жаздың сен,
жүргенде таппай бір де емін?
Жаңбырдан соңғы күн бе едің?
жүректің жасын құрғатып,
жанымды тербеп жүр менің.

Сағынған, аласұрған шақтарыңда
ешқашан батпа мұңға:
менің саған құштарлығым
басылмас өрт еді ғой ұқсаң, күнім...
Өзіңмен мені әрқашан бір деп білгін,
ерме сен жалғызына жүрдек тілдің,
мұның жайлы ешкімге ақтарылма.
Мен сенің сеніміңді таптадым ба —
неліктен?
Ойландың ба, оңаша жатқаныңда?
Өзің сертті сақтадың да,
мен ғана жаламенен даттадым ба?
Күнәсіз періштесіп жүрсің жатқа,
ал маған дәрменсізсің ақталуға!



Жанарлардың жалтынан ұғысатын,
қол ұстасып өтуге тырысатын.
Ой-арманның барлығын бөлісетін,
күн өткенде сағынып көрісетін.
Тек екеуміз жүріп-ақ шаттанатын,
көңілдерді бүкпесіз ақтаратын.
Қол ұстасып тандарды қарсы алатын,
дүниені думан қып ән салатын.
Бір қайғыға өртеніп жыласатын,
ақтарылып оңаша сыр ашатын.
Күрсінуге бітер деп ойламаған
өтті күндер. Кейде мен ойға қалам.

Құлап сеніп алдансаң — азап тегі,
сосын кешіре алмасаң наз-өкпені...
Күрсіністік. Қимадық. Кешірмедік.
Мүмкін бұл да біз үшін қажет пе еді...

Дүние бос қалды ғой сен кеткелі,
күлегеш достарды қой жер-көктегі:
ешбірі өзіндей боп жүрегімді
шаттықтан не қайғыдан кернетпеді.

Ұйқыдан сен деп аштым жанарымды,
сенделдім, белден астым — дара, мұңды.
Көңілім құздан құлап жүрмін ессіз
жаутаңдап жетім қалған бала ғұрлы.

Жүремін асқақ басып — жанымда мұң,
сол мұңнан мүмкін емес арылмағым.
Сезсең де сезгің келмей жүрсің бәрін,
ал мен де біле көр деп жалынбадым.

Қақшиып жүрген болам, күлген болам.
Сенім жоқ. Төсек аяз. Түндер боран.
Оны тек сен білесің, мен білемін,
ұқшы деп кірістірем кімдерді оған.

Құбылмалы-ау өмір де...
 Көзді ашқанша бәрі де өзгереді:
 өзгергенін тірлікте көз көреді.
 Көк шалғын да кешегі сарғайыпты,
 көңілдің де солай-ау өзгерері.
 Кеше маған қадалған сұлу жігіт
 бүгін кешегісіндей көздемеді.

Кеше ғана ол келсе, көңіл өсіп,
 бір жұмаққа ашқандай өмір есік
 қалушы едің.

Ал бүгін ол келгенде
 кешегідей қалмайсың өліп-өшіп.

Кешегіден менің де басқа мұңым,
 жолдассыған жандар да басқа бүгін.
 Алшаң басқан кешегі арулар да
 сезетіндей күн сайын жас қадірін.
 Таудан құлап ағатын бұлақтар да
 кешегідей айтпайды тасқа жырын.

Заңы осылай тірліктің құбылмалы:
 кеше біреу сүйгені, ұғынғаны,
 бәрін сенің жолыңда құрбан етіп,
 күйіп-жанып кеудеңе жығылғаны —
 дәл сол күйде күн сайын тұра алмайды,
 тұра алмайды сол қалпы мұның бәрі.

Сонысымен тәтті де өмір деген,
 тұралаған өмірді өмір демен.
 Құлазисың, құлайсың, тағы тұрып,
 тағы ілгері желеді көңіл-дөнен.

Шаттығы мен азабын қатар көріп,
жүрсем де ылғи қызығам өмірге мен.

Майса дала арылады гүлді өңінен,
ақын да ылғи көрінбес жыр көгінен.
Адамдар да күн сайын құбылады,
көрсеткендей болғанмен күлген ірең.

ДҮЛЕЙ ЖЫРЛАР

(Шығыс мозикасынан)

АҢСАУ

НЕМЕСЕ ЖЕСІРДІҢ ЗАРЫ

Стамбул маңындағы зиратты аралай
жүріп, әлсіз жылаған әйел үнін естідім.
Жанымдағы Мырза Әли оның сөздерін
былайша түсіндірді

Шынымен жоқсың ба, енді, арайлым-ай,
жалғыз ой маза бермей қамайды ұдай:
өзіңсіз, сенің ыстық құшағыңсыз
мен енді жүре аламын қалай бұлай?

Айт-тағы, жүре аламын қалай, жаным,
өте ме сенсіз сонда сан айларым?
Дайындап дастарқанды, отыра алмай
сен келіп қала ма деп қарайладым.

Еңсемді бара жатыр басып қайғы,
мені енді жұбата алар жасытпай кім?
Сен келіп қалар-ау деп жанталасып
үйге де бұрынғыдай асықпаймын.

Сарқылып біткені ме арман-селім,
айырар күш барына нанбаушы едім.
Асылым, жанарыңмен аялаған
қылығың көз алдымда қалды-ау сенің...

Қуатым, бойға қайрат-күш алғаным,
мен енді кімді аймалап құшам, жаным?

Аққу ем, қос қанатым қырқылды да
қансырап талпындым да, ұша алмадым.

Аялап жүрсің бе екен мені ескеріп
жуымай, жүресің тек елес беріп.

Сен неге жалғыз кеттің,

бірімізсіз

біріміз жүре алмайтын емес пе едік?

Сен ең гой жақа туған тұңғыш айым,

мен сорлы сенсіз енді кімге ұсайын?

Аңсадым, аяулым-ау, тым болмаса

түсімде келші армансыз бір құшайын.

АШЫНУ

Софияда жастардың дүниежүзілік
IX фестивалі кезінде түрік жігіті маған
өз өлеңін оқып берген. Мен оны тілмаш-
сыз былай түсіндім:

Ойың — мені көндіру құл адамдай!
Күле қарап көлденең тұра қалмай —
қапқа салып қойсаң да, бағынуым
керек саған, мойнымда күна бардай!

Жақсы көрген адамға қол бере алмай,
басымды да сәл иіп бөгде жандай...
Өліп-өшіп тұрған боп елпілдеткің
келеді бір жандарға көлденең жай.

Шыншылдықтан біржола безіндіріп,
жылар жерде көлгірсіп езу күліп...
Тас мүсіндей қоймақсың бедірейтіп,
тұрсам да іштей елжіреп, сезім жібіп.

Отырсаң да ыза мен кектен жанып,
бар қалпыңмен көрінбеу — неткен ғаріп.
Жарқын күліп кіретін дос үйіне
өнгізбексің есігін еппен қағып.

Мені көздеп сыртымнан дұшпан атсын,
мейлі ерніме балқытып мыс жалатсын —
күлімдеуім керек қой? Қайткенде де
Қорғасындай қалыпта ұстамақсың.

Дос болмайтын жандармен достастырып,
қимасыммен мәңгіге қоштастырып,

сөйлер жерде үнімді шығартқызбай,
қойғың келеді,
ә, сенің шоқ бастырып?

Сайқал тағдыр, мазақта, мазақта сен!
Қорла мені — мазағың аз-ақ десең,
мұхиттағы жаңқадай шыр айналдыр,
Мен бәрібір көнбеймін — азап кешем!

МҰҚТАЖДЫҚ НЕМЕСЕ ЖЕТІМНІҢ МОНОЛОГЫ

Александрия базары дуылдап тұр.
І2—І3 жасар бала мес қарын саудагердің
алдындағы қуырған құс етіне тарамыс
қолдарын соза беріп еді, анау бірден бай-
қап, жиіркенішпен итеріп жіберді. Мен
құлап жатқан баланың көзінен мынаны
оқыдым:

Адамдар, қаталсыңдар,
(қаталдықтан әлі-ақ зар татарсыңдар!)
Жалғыздықтан зарығып ашынғанда мен
сендерді асылдар деп ем,
сипайды-ау шашымнан дегем.
Жоқ! Тас екен жүректерің де,
шыншылдық деген жоқ екен тілектеріңде,
өздерің оны көлгірсіп жасырғанменен!

Мейірімге сараңсыңдар
(түбі содан жазым да табарсыңдар!)
Бір жылы көзқарастарыңа зарыққанымда —
соның өзі-ақ бақыт қой қамыққан ұлға —
найзағайдай атқылап жанарларың да
біржола сөніп үмітім балаң жанымда,
жыртқыштар қамап алғандай тарықпадым ба.

Әділеттен жүрдайсыңдар
(тақсіретін тартпай бір тынбайсыңдар!)
Жала тартып сендерге жүгіндім барып,
тас мүсіндеріңнен түңілдім налып,
тағдырым менің титтей де елеңдетпеді,
бейжайлықтарың қорқытты керең беттегі.

Мен емес, сендер екенсің бүгінгі ғаріп!
Адалдыққа тапшысыңдар
(әрине, данышпансығанда жақсысыңдар!)
өзгенің қасіреттеріне
қарайсыңдар қалайша есінеп мүлде?
Біреулердің көзінен жасы кеппеді ме —
бәрі бір екен сендердің көн-терілеріңе.
Бұл күнде ұғындық бәрін.
О, адамдар, сендердің зұлымдықтарың
шыдатпай өртеді мені де.

Не деген пасық едіңдер
(шуақсыз қурайды емес пе жасыл егіндер?!)
мейірім аңсап жүрегім қансырап тұрған
зұлымдықтарыңмен қамшылап тыңнан
жанымда үміт, сенімдер түгесілгенде,
лақтырып тастап кеттіңдер күресін жерге.
Сендерден байлық сұраман өліп кетсем де,
алтындарыңды алмаймын төгіп кетсең де —
мейірімге ғана мұқтажбын.

Білесіңдер ме?

ӨКІНІШ НЕМЕСЕ ҮНДІ МҮГЕДЕГІНІҢ ӘЙЕЛІНЕ АЙТҚАНЫ

Жайпурдағы Сауан Жай Сингх ма-
хараджаның сарайындағы экскурсовод-
тың әңгімесінен кейін менің көз алдыма
мүгедек жігіттің келбеті елестеді.

I

Саған деген махаббатым, жаным-ау,
өлшенбейді аспанмен,
өлшенбейді дастанмен,
өлшенбейді жүректерге нұр құйып
шырқап салар жақсы әнмен.
Осынау бір саған деген өлшемі жоқ сезімді
күш таппадым жасқар мен.
Сендік менің жалынымды тегінде
шырқау керек басқа әнмен.

Бәрін өзің білесің:
сүйіп-құшпай тұра алмаймын мен сені,
құштарлықтың болмайды екен өлшемі.
Бәрін-бәрін түсінгеннен бір қайғы
басып жүр-ау еңсені.
Амалсызбын. Алапат бұл сезімді
жояр бір күш келсе еді!

Сені іздедім теңселіп.
Бұл жалғанда маған жалғыз жел — серік.
Менің мынау қасіретімді жан емес,
көрмеген де болар қара Жер шегіп.
Сенің денең от мүлдем.

Дәрменсізбін... Әйтпесе анау оқ, түрмең
елең емес. Қай құшақта жатсаң да
өзіңді алып кетер едім ақшамда.
Бірақ, бірақ...
Жаныма өшпес қайғы болып от кірген.
Сен үшін де, басқа үшін де жоқпын мен.

II

Мен жанталас күйдемін.
Бір өзім жаққан азап отына өртендім,
көктемі кетті жан-күйім — байтақ өлкемнің.
Алдыңа барып иілуге де дәрмен жоқ —
басыма қайғы қазанын ғана төңкердім.
Айтсаңшы, жаным, қателігімді қалай кешіртіп,
мен сорлы қалай сезіміңді қайта шертермін?
Өмірде енді сәт болар ма екен, япыр-ау,
ең болмағанда шетіне ғана отырар
сенің көрпеңнің.

Түсініспеуден болды ма?
Түсінуден бәрі шықты ғой.
(Бір өзің ғана сезесің оны.
Әйтпесе басқа жұртты қой)
еш адам мендей сен үшін мұнша
өксімейтін де сияқты,
ағып та жерге түспей тұр бірақ,
көз деген мына шыққыр-ой.
Шынында мен бір сорлымын.

Сорлылығымды түсіну — міне,
бәрі-бәрін осы құртты ғой.
Аңқылдап аппақ сеніммен жүрген жүрегіңе
сенің о тоба!

Мендегі қайғы албасты боп кеп
қанжарын тура сұқты ғой.

Сонан соң өзі не болып еді?

Дүние кетті қараң боп.

Күнамды өзім сезінген сәттен
азапқа салды бытқыл ой.

Сен кінәлі емессің.

Мені де, жаным, кіналайсың-ау, бекерге...

Мендей ерлерін сорлы қып қойған соры
арылмаған мекен бе?!

Заманға деген, тағдырға деген кегімді
сенен алғаным...

қалмағаны-ау, түк те жетемде.

Сен де ұққың келмей жүрген соң,
енді қайтермін,

өзімді өзім қарғаумен мынау
тірліктен безіп кетем де...

КЕК НЕМЕСЕ КЕЛІНШЕКТІҢ ЫЗАСЫ

Сұлу әйел бардан тәлтіректеп шықты да, жанындағы балаң жігіттің жағынан тартып қалды. Сосын жалғыз кетті. Хор (Иран) қаласы да, мен де оны үнсіз көзімізбен шығарып салдық.

Сен оны құшағыңа ап жаттың, жаным.
Мен болсам жалғыздықтың таттым зарын.
Шынымен кеткені ме көкірегіңмен
сонау бір ұмытылмас ақ түнгі әнің?

Сонда біз бақытты едік.

Шын емес пе?

Өзің де балқып ең ғой бұла кеште...
Сондағы мені есімнен жаңылдырған
қалпыңды алып жаттым жылап еске.

Сосын мен пәк сезімнен жырақтадым.
Айтпайтын болды маған бұлақ та өнін.
Сонан соң қайта атпады тұман тұтып,
өмірде күліп атқан бір-ақ таңым.

Әуелі есеңгіреп баттым мұңға,
бұл жайға талайды әлде тап қылдың ба?
Өмірге мысқыл жүзбен кеттім еніп,
паршалап жүрегімді лақтырдым да.

Қалмады ерке қылық, ыстық жаным,
булығып ыза кекке құштым бәрін.
Баяғы менше қайғы шеккендерді
ешқашан аямадым. Мысқылдадым.

Тигенде от құшақта ерінге ерін,
о, қандай жиіркенішті жерінгенің!..
Мен сол бір құшақтардан сені іздедім,
және де сенде кеткен кегім менің,
алсам деп жұрттан соны шегінбедім.

Жоқ бүгін менде ешқандай мұңның демі:
мақсатым, бар қиялым бұл күндегі —
мәлдірлік, пәктігімнің кегін алу;
тамырын қырқу тұрса қыр гүлдері.
Мейірім, сезім күтпе менен, адам,
өйткені өзің зұлым қылдың мені...

СЕРТ

Құлағың салшы,
армансыз бір өзіңмен сырласайын,
ақтарылайын алдыңда тыңдашы, Айым.
Құшағыма енген әйелдің бәрін дал қылған
жанарымдағы жұрт ұқпас мұңды ашайын.
Тапа-тал түсте қымсынбай құшақтап сүйіп
сәскелік шақты шырын сәт — түн жасайын,
құмарымды сүйтіп мен бір басайын.

Сан әйелдерді құштым мен
бар жанымменен беріліп ұнатпағанмен
(салқындығыммен-ақ өзгеге ұнап қалам мен),
сол құшақтардан сені іздеп аласұрмасам,
біреулерінен мүмкін мен тұрақ табар да ем...
Әйелдің бәрін қанағат еткізбей қойдың,
өйтпесе сенсіз өлгенше шыдап бағар ем.

Ешбір еркектен көрмеген
ынтықтығымды көрсең балқудан басың айналып,
жақсы көргеннен сонда сен жылап та алар ең.

Жанарыма тіктеп үңілсең,
күмәнсіз менің от-жалын жанымды ұғарың,
сонан соң сені сарғайтып сағындырарым...
Өліп-өшкен өзіңе құштарлығыммен
жасанды бейжайлығыңды сағым қыламын.
Сонда сен мені көз ілмей аялар едің,
мен болар едім мәңгілік бағың, жыр-әнің.

Өзіңді ғана аңсауменен өтсін-ау десең,
асқақтығыңмен әрқашан жалындыр, жаным.
Осынау еркек басыммен жер басып жүрсем,
өйтеуір сені қайтсем де табындырамын!

БАҚЫТТЫНЫҢ МОНОЛОГЫ НЕМЕСЕ АҚЫМАҚТАРҒА АЙТЫЛҒАН АҚЫЛ

Тирпулдағы (Ауғанстан) мұнай өндірісі орталығының бөлім меңгерушісі Аманулла Алимен әңгімелескеннен кейін туған ой

Бұл жұртқа не жетпейді:
күйгелектеп көр-жерге безектейді,
денің сауда — шайқап төк, үрлеп ішіп,
ақымақтар жатса да қырылысып,
бір-біріне мылтығын кезеп мейлі.

Кейбіреулер мән-жайды сұрамастан
біреу үшін күйінген, кіналасқан;
өз басының тірлігі жырақ қалып,
қайғысына біреудің жылап-талып,
дәл өзіне түскендей құлап аспан.

Түк пайдасыз көңілмен нұрдан аппақ
әпенделер жүреді құр далақтап:
жат қуанса —

жүрегі жұлынардай
шаттанарын қайтерсің дымы қалмай,
өзі бақыт құшқандай ыржалақтап!

Өзіңдегі байлық пен бақты біліп
жүрмейсің бе, кетсін бар жат түңіліп.
Не жыным бар жаныма азап алып,
қайдағы бір жұрт үшін мазаланып,
кетсе-дағы қара Жер қақ тілініп.

Ақымақтар ел десіп, заман десіп,
аһ ұрады, қайғырып, залал кешіп,
қайтіп есті жан дерсің мұны тегі,
құр ойлармен аз миды шірітеді,
сонда өзіне келердей адал несіп.

Быж-тыж болып өткізген нұрлы күнін
ақымақтық екенін тірлігінің
айтар ем-ау. Не пайда ол ұғынғанда,
өз басыма сор тілеп жыным бар ма?!

Ақылды ете аласың кімді бүгін...

СОҢҒЫ МАХАББАТ

Менің бар мұңдарымды,
ешкімге де айтылмас сырларымды
сен ғана көңіліңе сақта, жаным.
Көкіректегі қасірет, қуанышымды,
өкінішім мен үмітті, жұбанышымды
саған ғана үн қатпай ақтарамын.

Егер сен түсінбейтін біреу болсаң,
Мен бір шешендердей боп есілер едім,
Бәрін талдап, бүкпесіз шешілер едім.
Амал не, ұғып тұрсың ғой.
Ендеше, күнім,
жанымды жүдете бересің несіне менің.

Мына тірліктің көп екен бұрқасындары,
шуақ аңсаған жанымның бұлты ашылмады,
өзіңнен ғана жылылық аңсап-ақ келем.
Түсініп тұрып (аяйсың, қимайсың мені),
түсінбеген боп кетесің, қинайсың мені,
ойлайсың көңілі түңіліп қалса деп менен.

Дейсің ғой маған:
өл, өртен, тағдырға бағын?
Ойменен өлшеп, салмақтап алдың ба бәрін?
Сонда да сенен өтінем, балғын қарағым,
Онсыз да өмірден көп қалған көңілімді менің
тым болмаса, сен ғана қалдырма, жаным...

КҮЙЕУІНЕ АШУЛАНҒАН ӘЙЕЛДІҢ СӨЗІ

Не деген оңбаған ең!
Мен ашудан булығып зорға келем.
Өзің, өзің осындай бола тұрып,
не мейірім күтесің сонда менен?

Алса деуші ем барша жұрт сенен үлгі,
білсемші мен мұнша азап шегерімді...
қыңырайып қисайсаң сен әйтеуір
жасатасың қалайда дегеніңді.

Шыңыраудай шаң басқан елсіздегі
жанарымды қайғының жеңсін желі.
Енді сені көрмеймін, бітті. Болды.
Өле қалар деп пе едің сенсіз мені?

Сүйіп тұрып азап қой күрсінсе кім.
Біле тұра мендегі шыншыл сенім
жараланып қаларын сәл нәрседен —
бүйткен қыңыр мінезің құрысын сенің!

Мені осынша батырып құса-мұңға,
сен де қатал жандарға ұсадың ба...
Кіріп келсең, әйтеуір оңдырмаймын!
Қалмасам тек тұншығып... құшағыңда.

ТІСТЕНУ

Сарығұл өткен ғасырдың аяқ кезінде өмір сүрген, билікті топтан көп қорлық көрген кедей-палуан екен.

Күндеңдер мына мені —
кішіртудің сол шығар бір-ақ емі.
Мен түгілі мерт болған күндестерден
Ақанның Құлагері.

Жүздеріңнен төгіндер қылыш ызғар,
содан, рас, жанымның мұңы сыздар.
Үн шығармай бәрін де ұғып тұрып
мойындамауға тырысыңдар.

Сыртымнан ғайбат үнмен
қаралаңдар,
оқ атып найза тілден.
Күн көріңдер әйтеуір қалы қалмай
өзгені жайратумен.

Құлатыңдар мына мені —
көп өмірдің құздары, жыра, белі.
Қимылдаңдар.

Бірақ тек соның бәрі —
менің кішірмеуімнің бір-ақ емі!

ӘЙЕЛГЕ ДЕГЕН МАХАББАТ

Түндерде жалын боп өткен
біреуді жаным деп өпкен
сенің гүл еріндеріңнен
әйтеуір жерінбедім мен.

Жұттым да көзде жасыңнан,
төсіңнен өзгеге ашылған
басымды ала алмадым мен,
(қайғым ба ең, жанар бағым ба ең?!)

Көлдегі сағым көрікпен
жанарды жанымды еріткен
құштым мен ашқарақ күймен,
(білемін — басқа да сүйген.)

Ең алғаш құшқаным да — өзің,
балқытқан күш-жалын да — өзің,
ең алғаш сүю дегенді
үйреткен ұстазым да — өзің.

Жанымнан мұңым кеткелі
сен болдың күнім көктегі.
...Қайғым тек — осының бәрі
басыңнан бұрын да өткені...

ҚҰШТАРЛЫҚ,
МАХАВВАТТА ЖОЛЫ
БОЛМАҒАН АҚЫННЫҢ
БІР СӘТТІК КӨҢІЛ-КҮЙІ

I

Ойларым менің ойран боп
сарқылып жүрген кезімде,
бұрқан да талқан сезімге
алқынып жүрген кезімде,
өткелдер маған өзен боп
малтығып жүрген кезімде,
жанашырларды қайғыртып
дал қылып жүрген кезімде,
Жер менен көктен жай таппай
шарқ ұрып жүрген кезімде,
жолықтың маған,
жақсы Адам,
ерекше тұлғаң басқадан.

Осындай сәтте ойлап па ем
кездесемін деп тап саған.
Дұшпанды талай жасқаған
таусылып менде асқақ ән
түңіліп барлық тірліктен,
жүгініп менен жыр күткен
жұртым бар-ау деп саспағам,
ысырып бәрін тастағам,
Құшағын маған ашпаған
қиқа да жиқа өмірдің
несіне мәз боп мастанам?
Бәрін де қойдым, бездім деп
налымын, көзге жас та алам.
Шешімге бір-ақ келгенмін...

... әттең тек үміткерлердің
сенімдерінен жасқанам.

II

Қайғылы, шерлі жаныммен,
жүректен аққан қаныммен.
Бойдағы қайрат-ағынмен
осылай жазам бәрін мен.

Жетер ме барлық жүрекке
алқынған менің дауысым,
жанымның ащы зары шын?

Оятсын менің жырларым
жігіттің сөнген намысын.
Әкетсін іштей тұншыққан
азапты ойлардың ағысын.

Сенім бар әлі кеудемде,
сеземін соны жаныммен,
естірткім келеді бар үнмен.
Жүректің бәрін өрт етпес.

шерменен шыққан жалын дем...
Мейлі бұл менің жырларым
жазылсын қызыл қаныммен,
қайғыммен, аппақ арыммен.
Ұқсаңдар, достар, егерде
осынау өрттей жырларым —
шаттанғандағы сырлы әнім;
өкінішім мен ұяттан
өртеніп, өліп тұрғаным;
орындалмайтын арманға
құлашымды ессіз ұрғаным.

Достарым, менің жырларым —
құштарлық қысқан кеудемнен
бұрқырап жатқан бір жалын;
сәбише, сәл бір нәрсені
көңіліме алып, сынғаным.
Көлеңкелерде тоңсам да,
күнгейді көптеу жырладым.
Мауқымды содан бір басып
жыр жазбай, сірә, тынбадым.

Ішіме менің сыймады-ау,
сыймады-ау жырым қанша күн
(қымбат та сол бір сал шағым).
Адам біткеннің бойынан
асқақтық, пәктік аңсадым.
Ешбір жан ұқпас қайғымды
ешкімге айта алмай шаршадым.
Қуанған аз-ақ сәтте де
жанымды жеді қанша мұң.
Сонан соң көзім бұлдырап,
жүректің жасын тамсадым.

Ұқпады-ау ешкім мені деп
кей кезде керім ашынам:
бұл өрттен қалай басылам?
Жанымның мынау өксігін
қай жаққа,
қалай жасырам?

Біле алмай жүрмін дел-сал боп:
қашанғы үнсіздігімді,
жасанды үнсіздігімді
көрсетпей қалай жүре алам,
ақыл айтсашы бір адам...

Менің байғұс жүрегім
сүйіктісінен бір емін
таба алмай, сонсоң жыр қуып,
жарасын күнде мұң жуып,
іздейді жырдан тірегін.
Құмары қанбас мен ғашық,
кетсем де қандай елге асып,
сүйіктіме айтар сырымды
құтырып соққан желге ашып,
қанаты сынған қырандай,
өйтеуір жүрмін жер басып.

Тірлігінде мән бар ма —
болмаса бір күш талпынтар алғы таңдарға,
күйбеңдетпейтін мал-жанға,
асқақтау тұрған ардан да.

Айырылсаң сол бір алапат күш пен сенімнен,
аһ ұрмай бекер өзіңдік қайғы-шеріңмен
нала айта бермей кінә артып тағдыр,
жалғанға,
(сүттей ақпын деп қарғанба)
күйініп босқа жер теппей,
сөзге ерген жалтақ еркектей
бейшара болып қалудан онда арланба!

Жүреміз кейде (пенделік!)
кетердей бейне тірілей қара Жерге еніп.
Әлемнің барлық қайғысы бізге түскендей,
қасірет уын ішкендей
өз-өзімізден сенделіп.

Тұншықтырғандай мұхиттың тасқын бар селі,
қайғы етіп сәл бір нәрсені
сенімділерге сенбедік.

Өмірдің өзі солай ғой:
нұр шаша бермес жарқырап ылғи Күн алдан,
сәттер де болар
жол таба алмайтын тұманнан,
айрылар бейуақ қолтығыңнан сүйер сыңардан,
көңіліңде сонда жүрсе тек ұмтылдыратын,
жаныңды бұлқындыратын
аласармайтын бір арман.

Тағдырыңды солай әрқашан
сенім-күшпенен жалғасаң,
дауылдарға қарсы өршеленбесең, жанбасаң,
құрысын ондай тірлігің деген. Сол оймен
жалтақтамаймын, паң басам.
Асуларым бар алда сан,
бұл екпінімнен танбасам,
мынау тірлікте отты жандардың өшпейтін
үміттерімен жалғасам.
...Өмірге келіп, кеткеніңде
 сенің не мән бар —
жүрегінде елдің қалмасаң.

ТУҒАН КҮН

Тыңда тыныш, дүние,
менің алаңдарымның думанды үнін,
алау туға малынған қырлар бүгін,
той, салтанат Советтер Одағында —
революцияның —
менің де — туған күнім!

Туған күні
әділет пен еркін,
шат ғұмыр, бақыт,
өнім асқақ әуенді,
жырым — жақұт.
Бас, оркестр,
жеңісті марштарға
тұла бойын дүниенің шымырлатып!

Тарихтағы ең қымбат бар мұрадан
қызықтасын осы бір таңды ғалам.
Алаңдардан басталып албыраған
қияларға зуласын арғымақ ән!

Айналғанда
аңыздарға адамзат тартар қайғы,
жыр шалқиды мен кешер әр таң жайлы.
Жасарады жасампаз жылдарменен,
революция ешқашан қартаймайды.

Алқызыл алаңдардан
менің асқақ, айбынды тарайды үнім,
бостандықтың паш етіп ән-айбынын:
Революциялық жеңістер салтанаты
жер шарына шашады арай нұрын.

Тіршіліктің мәңгі жас арда шағы
туған күндер ақиқат алмасары —
жер айналып тұрғанда,
жер үстінде
Революция осылай жалғасады.

МӘҢГІЛІКПЕН КЕЗДЕСУ

(1974 жылғы 23 май. Студенттермен
кездесу сәтімен)

Мұқағали Мақатаевқа

— Біз мынаны білеміз:
сіздің жүрегіңіз бәрін де батыл жырлайды,
қуаныш, қайғыға батып жырлайды —
сол бізді өзіңізге ғашық еткен.
Қандай да қасіреттен
Сізді алып шығуға ұмтыламыз,
өйткені Сіз ақынсыз
бір сәті, бір күні аңыз.

Найзағай жырларыңыз
біреулерге Сізді, рас, жақын қылмайды,
бірақ ешкім ешкімді ақын қылмайды.
Ендеше дәл Сізде бөгеттер болмауы тиіс,
болса оларды әділет қорлауы тиіс!
Осылар толғандырып, біздегі ақылды ұрлайды.
Сіздің отты көзіңізде жатыр мұң-қайғы...

Күйбеңге мойын ұсынбайтын;
мөлдір сезіммен ойын шыңдайтын;
төмендегі у-шудан биік тұратын;
өрт-оқтар жоқ секілді
Сіздей жан күйіп-сынатын,
сондықтан шашыңыз неге тез ағарды деп,
анау тұңғиық не ораған жанарды деп,
түсіне алмай, өзара қызынамыз,
шығарамыз сіз жайлы қызық аңыз.

Жүрмей дара
кейде күліп, ал кейде мұнды, ашулы,
өтінеміз бізбен бір сырласуды!

Сонда ақын күліп тұрды сәл мұңданып,
келе жатты көзінен таң нұрланып
осынау балғын халық
жүйкесі мен жүрегін емдегендей,
мұны ешқандай қасірет, желге бермей
қорғайтындай сезінді. Сол сәттегі
бақытына өзінің сенбегендей.

Сонсын, сонсын дүние тынды-дағы,
кетті дейсің тасқындап жыр бұлағы,
дауыл құшқан теңіздей мынау екпін
тегі қоршау-қорғанды сындырады!
Дөңгелетіп даланы бір ақбоз ат
көкжиекті бетке алып құлдырады.
Жер мен аспан-алапат найзағайдың
жарқылынан жасқанып тұрды бәрі.
Аласарып қалғандай тау да налып,
арбайды арман-жұлдыздар заулап ағып.
Ақын тұрды шың-құзын Мәңгіліктің
мәңгілікке бір өзі жаулап алып.

М А З М Ұ Н Ы

Сырымды саған айтам	5
-------------------------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ

1965—1971

«Менде бір толғаныс бар».	9
«Арғымақтары қайда екен...».	10
«О, туған жер...»	11
«Таң сұлу...»	12
«Маңқыстау...».	13
Жайлауға келгенде.	14
Өке туралы ой.	15
«Сағыныш хатын жолдадым...».	17
«Елең болмай...»	18
«Бұлақтар...»	19
Қоштасу	20
«Көк мөлдір аспанды...».	22
«Ерке өзендер...»	24
Жігіт әні	25
«Қос жанарда...»	26
«Кіршік шалмаған...»	27
Жантолының монологы.	28
Революция жауынгері	30

«Ақбоз атты...»	31
Сенім	32
«Білсеңдер...»	37
Әйелінің маскүнемге айтқаны.	39
Ақбөбек жырлары	40
Тілек	48
«Сенің нұрлы...»	49
«Бақыттыларға қараймын...»	50
«Сағынып жеткен...»	51
Дала дауысы	52
Шевченко түні	54
Теңіз жағасында	56
Жол	57
Жетібай барлаушыларына	58
«Мен қорықпаймын...»	59
«Ат мінсем...»	60
Мен өмірді сен деуші ем...	61
Қараңғы түндердің шапағаты	82
Дауылды аңсау	84
Тарихпен тілдесу	86

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1972—1973

«Арман деген...»	91
«Мен революцияны жасамадым...»	92
Асау толқын	94
«Мен жалындап өтемін...»	97
Жастық шақ монологаы	98
«Бір жүрейік...»	103
«Тағы да көктем келді»	104
«Сен мені ізде...»	105
Сен екеуміз	107
«Бұл жырлар...»	108
«Солғандай гүл де...»	109

«Басқа қызды жар еттің»	110
«Біз екеуміз біргеміз»	111
«Мен сені жүретінімін мақтан көріп»	112
«Жүректі тербеп...»	113
«Бал сезім билеп...»	114
«Біреулер менің қолымды қысса...»	115
«Жаныма түсірмей күн»	116
Өсиет	117
«Сонау күздің бір күні»	119
Өлең	120
«Көгалды алаң»	122
Келіншектер	123
Әйелдің монологы	124
«Мен бір қызық адаммын»	126
«Дарқан дала»	127
«Көрінбей кетсең...»	128
«Өлең көп деп...»	129
«Жанымда жүрші...»	130
«Мені еркелетіңдер»	131
Түс немесе мен Махамбетпен қалай кездестім	132
«Елестеп таныс денең»	140
«Көкетайым...»	141
«Жүрші, жаным...»	142
«Жүрегім — гүл...»	143
«Оралдым сонда...»	144
«Алтын арай...»	145
«Екеу-ақпыз...»	146
«Налып келдің...»	147
«Сен үшін сонау алыстардағы...»	148
«Самолетке барамын...»	149
Қарақшының сыйынуы	150
«Келесің дейім...»	152
Қарғыс	153
«Қартаяды ақындар да»	167
«Көңілің»	168

«Келе жатам...» . . .	169
«Көңілім алабұртып...»	170
Ұрлық . . .	171
«Бір сырымды...» . . .	172
«Мен сені қызғанамын»	173
Қыр қазағының қартайғандағы ойы . . .	175
«Жанарым талды-ау менің»	177

ҮШІНШІ БӨЛІМ

1974—1975

Үміт	181
Алау	182
Медеуде туган ойлар	184
«Дүние сұлық...»	187
Ескерткіш	189
«Мейірім»	190
«Білмеймін...»	192
«Әкел сен құздың сирек гүлің...»	193
«Жанымдасың...»	194
«Өз-өзімнен өртеніп...»	195
«Білемін»	196
«Сенің жүзің...»	197
«Мен жүрмін аласұрып»	198
«Қаласам...»	199
«Өзіңді ойлап...»	200
Қасірет пен ерлік жыры	201
Таң	230
Бойжеткеннің сөзі	231
«Куанышты мендегі...»	232
«Буынымды босатып»	233
«Сен мені күтпе...»	234
«Іш тартпай...»	235
«Кетсе де алдап үміт...»	236

«Жанымды шырмап...»	237
«Қоңырқай бұлт...»	238
«Төсекте тынши алмай»	239
Туған ел	240
«Толқындар...»	242
«Тыңдашы, жан досым-ай...»	243
«Бәрі менің есімде»	244
«Далада гүл жүдейді»	245
«Өтіп жатыр күндерім»	246
«Келеді еріншек түн»	247
«Бірімізден біріміз...»	248
«Мен онымен қай кезде көрісемін?»	249
«Менің тұнық сезімім...»	250
«Жанарлармен тіл қатып...»	251
«Сағыныштың...»	252
«Жұрт мені қатал дейді...»	253
«Арылмай күйкі-кірбіңнен»	254
«Сен қайда жүрсің»	255
«Мен қорқамын»	256
Ана махаббаты	257
«Мен кегімді аламын»	259
«Сендер көп мақтайсыңдар...»	260
«Мен саған сыр айтамын»	262
«Жүрегім алқынады»	263
«Менің көңілсіз кездерім»	264
«Кеттің...»	266
«Жанашырлар...»	267
«Менің екі жауым бар»	268
«Білемін: өзге жанның...»	269
«Қателескен екенмін»	270
«Ойламадың...»	271
«Мен өзімнің жауларымды...»	272
«Сен қалай есіңе алмай...»	273
«Мен сонда жылап...»	274
«Алыстарға кетейік»	275

«Сен мені түсінсеңші...»	276
«Отырдың алдыңа алып»	277
«Жүрек құрғыр»	278
«Басқа түскен қайғынды...»	279
«Қараң боп онсыз...»	280
«Сағмынған, аласұрған шақтарыңда»	281
«Жанарлардың жалтынан ұғысатын»	282
«Дүние бос қалды ғой...»	283
«Құбылмалы-ау өмір де...»	284
Дүлей жырлар	286
Ашыну	288
Мұқтаждық немесе жетімнің монологы	290
Өкініш немесе үнді мүгедегінің әйеліне айтқаны	292
Кек немесе келіншектің ызасы	295
Серт	297
Бақыттының монологы немесе ақымақтарға айтылған ақыл	298
Соңғы махаббат	300
Күйеуіне ашуланған әйелдің сөзі	301
Тістену	302
Әйелге деген махаббат	303
Құштарлық, махаббатта жолы болмаған ақынның бір сәт-тік көңіл-күйі	304
«Тірлігінде мән бар ма...»	308
Туған күн	310
Мәңгілікпен кездесу	312

ИБ 829

УНГАРСЫНОВА ФАРИЗА УНГАРСЫНОВНА

ЗНОЙ

Избранное

(на казахском языке)

Редактор *Ш. Смаханұлы*
Художник *Д. Камитканов*.
Худож. редактор *Т. Мухатов*.
Техн. редактор *Б. Карибаева*
Корректор *М. Рзагалиева*

Сдано в набор 31/X-1977 г. Подписано к печати 16/I-1978 г.
Бумага тип. № 1. Формат 70×108 $\frac{1}{32}$ =10,0—14,0 усл. п. л.
Тираж 25 000 экз. Цена 1 руб. 40 коп.

Издательство «Жазушы», 480091, г. Алма-Ата,
пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 1416. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.